

94

С. А.

Оразбек Сарсенбай





Оразбек Сәрсенбай



Шенбер

Роман

Алматы
„Қайнар“
1998

2680

ББК 84 (5 каз)
С 28

© „Кайпар“, 1998

ISBN 5-620-00917-3

ОТЫЗ ЖЕТИНШІ РАЗЪЕЗД

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас-
тығы Тоқтарбай Арыстанбеков өзінің сол жағындағы алса
үстелдің үстінде қаз қатар тұрған телефондардың біреуі
вертушқа аяқ астынан шар етіп қоңырау соққаңда, жасыл
телефонның тұтқасын сріншектеу кетерін:

— Элеу?.. — деп әдеттегідей даусын созып, дыбыс бер-
ген.

— Тоқа, өзіңізбісіз? Мен Хансейтовпін ғой,— деп
арғы беттегі жіңішке айел даусы исі — облыстық проку-
рор аманұлық-саулық сұрамастын, бірден жениелдесе
сейледі.— Осы сіздің орынбасарыңыз қайдо жүр? Бұған
сіра қызметке шықпаған ба?

Өзінен мүшел жастай кішлігі бар Хансейтовті шүгіл
әрекеттен горі аузы шапшаңдау жігіт деп шамалайтын Ары-
станбеков даусы ырғанин ожертистені:

— Қай орынбасарды айтасын? — деп сұрады.

— Дүйсенбаев айтам.

— Дүйсенбаев па? Дүйсенбаев жолдас, үмітласам,
өткен жұмада Қуандарияға кеткен.

— Командириңкага ма?

— Жоқ, бала-шамасын көріп қайтуға... Айтпақшы, ол
бұған жұмысқа шығуы көрек,— деп облыстық прокурор-
дың бұл жолы текten текке мазалламай отырған ыңғайын
аңғара бастаган басқарма бастығын алдыңда жаюлы жетқап
— айта слайынты ақнарат қағаздан пазарын тайдырып, жа-
сыл телефонның тұтқасын аузына тоқтай түсті.— Немене,
жайшылық па айтеуір, Жаке?

— Ол жапы азір мәлімсіз.— Прокурордың сөзі жыл-
мм, бірақ ішкі көмей жағы салмакты. нығыз жатыр еді.—
Сейтіп, Дүйсенбаев бұған қызметке келмесген болды ғой?

— Қазір сағат... он. Түске шейіп бір хабар беріп қалар.

— Орынбасарыңыздың бұрын да естіп қызметке
кешігіп шығатын әдеті бар ма еди, Тоқа?

— Ондай мінеэш байқамдым.

— Қызық екен...

Прокурордың әлдеқандай құпияны жеке иемденіп, енді сол иеміндеғі нәрсесін өзиши бүлдеп, бүлдышратқысы бар инетін аңғарған басқарма бастығы жасының үлкенідігіне сүйеінді ме екен, әлде облыс көлеміндең әжептеур салмак-беделі байқатқысы келді ме, әйтеуір осы жерде биік орындақта отыргаңдар ортасында қалыптасқан сұлу сыйайылықты жинап тастап:

— Эй, шырагым, бұлталапқа сала бермей, тоқ етерін айтсаңшы! — деп тұра „сенге“ көшіп, төтесін тартқан.

Сыртынан тон пішіп жүрген жігіт Арыстанбеков басқарып отырган басқармадан ийбыны есте тәмен емес мекемениң қызметін әздек мейгеріп, заң ықылымдарына жетілген жырындының әде пінегін бағып:

— Әзір бәрі белгісіз... — деп, телефон тұтқасының түбіндегі мұрны нысылдап, күміжіліккіреп қалды.

— Белгісізді менен неге сұрайсыз? — деп көнішке әлдеқандай алғаш кірген отағасы әл де сыр бергісі қелмей, шірене түседі.

— Менмен бірге дағат шығып қайтуға қалай қарайсыз? — деп осы жерде прокурор тосындау үсыныс жасады.

Прокурордың сезінің сұры бұзыла бастағанын байқаган басқарма бастығы:

— Жәке, немене, ағаңызды тоза ауда құырдақ жеуге шақырып отырғаннан саумысыз? — деп етірік кенкілдеп күліп алды.

— Құырдақ, қайда қашар дейсіз?... Келікіз, күтемін, — деп прокурор арғы беттегі телефонның тұтқасын сылқ еткізіп орына тастай салды.

Прокурор атаулының шақыртуына туысынан құлықсыз адміністративтік бірі Тоқтарбай еді. Бірақ, бұл жолғы шақыртудың мәнісі болек, езінің орынбасарына қатысты екенин сезеген соң, амалы жок, ықылассыз орынан тұрып, мойнындағы галстутпін түзеді, артынша кабинетінен шығып, есік аузында отырган хатшы қызға қарап қабагын шығта сөйледі:

— Мені біреу іздесе, прокуротурага кетті дегейсің.

— Жарайды, атай.

Содан уш қабат үйдің ішкі ауласында көлеңке сагалап тұрған қара „Волгага“ келіп жайғасқанда да, кең көшеге шығып алғып қала орталығына қараң бет түзегендеге де, отағасы қайта-қайта қабагын шытумен болды. „Тамы басталды ма? — деп ойлады. — Осы Дүйсенбаевтың дауы қашан бітер екені? Қайды барсан, алдыңнан шыгатыш сол баяты Дүйсенбаев. Дүйсенбаев... Соңдай-ақ, немене, сол

Дүйсенбасын тапа тал түстө бірсүдің қатынының қойнына барып, абырайшы ашып па екен-эй?!" Мұның үнұмыздың сиң асқаң қылымыс-біреудің некелі қатынының қойнына бару секілді. Дәп қазір облыстық прокурордың аяқ астынан кісімеп, еркінсігендегі „Көлің, күтемін“ дегеніне, бастап асып жатқан қыруар жұмыстаң қол үзіргеніне бір жағынан жыны үстап келеді. Асып кеткенде Дүйсенбасев кешег екі күн демалыста заһар суға тойып алыш, әздеңір пысықтардың көрсетуімен айықтырышқа барып құлаған шығар. Әрине, Дүйсенбасстың бүтінгі жағдайында айықтырышқа барып түсүі де тәғи бір қатынды әңпменің шеті көрінді деген сөз...

Қабының қарс түйіп кабинеттің кіргес облыстық басқарма бастығын облыстық прокурор салқын салғырт реңмен қарсы алыш, қолын ұсынды.

— Машина шақыргып қойдым. Қазір жүрреміз...— деп артынша алдында тұрган селектордың тетігін басып қалды.— Тергеуші мен экспертуң да жаңайын ба?

— Бәрі әзір отыр,— деген қысқа жауап естілді селектордан.

Кондиционер қосылған салқын жайлы кеңіс кабинеттің ішіне кірген соң көпседе кеудесін қысқан ыстық қапырықтан құттылғандай сезіп арқалы жұмсақ креслоға сүзгіп кеткен доң-домалақ тапал кісі кабинет иесінің бүршін бұл байқамаған сырттай салғырт, бірақ шапшаш қимылыш көріп отырып, бүтін бір сұмдықтың болғанын болжады. Айықтырышқа түскен адам үшін прокурордың бүйтін тергеуші мен экспертиң шақырмасы, әрине, анық.

— Жолдас Хансейитов,— деп Тоқтарбай енді әдеттегі қазақы „жәке-көкен“ қойып, бірден сыйзданған ресми ақуалға түсті де, қайтып оңтүстік түрекелді.— Бұл вәі не әбігершілік? Аманшылық па әйтеуір?

Прокурор да оріпнан тұрып, үстелінің суармасын тартқылады, әдение қағаздарды қолтығына қыстырып алды.

— Аманшылық болса жарор еді...— деді. Соңсоң аз мұдіріп барып: Әлгінде течір жол милициясы телефон соқты. Отыз жетінші разъезд маңыздығы көпір астынан кісі өлін табылғанға үқсайды.

— Е, заң қызметкеріне елім-жітім таңсық па екен? Ондай сұмдықтың толайын көріп жүрген шығарсындар?— деп Тоқтарбай кеудесінде сүзік кіргеніңе қаромастағ, әзірші үміт жібш үзбеуге тырысып бақты.

— Өлімшің аты — өлім. Оған қашан да бой үйресту қылшы... Оның үстінен, темір жол милициясының мәліметтіне қаралғанда, әлгі деңесі табылған кісі СІз бен біздің ортақ талысымызға үқсайды.

— Қойыңызы! Оңдай пәлеңің бетін аулақ қылсың!

— Неде болса, сиди бора көреміз.

Сөйтіп, облыстық прокурор бастаган бір топ кісі айналған жетекшілер жетекшілікке шығып, мың тогыз жүз жетпіс үшінші жылдың шілдесіндегі ортасында — қалың қазақ, жайларған оқтостік аймақтың бір шемнен естілген сұыт хабардың анықтамасынан көзбен көріп қайту үшін жедел жүріп кеткен еді. Қой заманда да қазақ, арасында болатын өлім-жітімнің, асіресе еліне аты айғілі азамат қазасының недауір қарбалас туғызатының хабардар Тоқтарбай осы жолғы жома-наптың прокурор ішінегі күні бұрын болжап айтқандай, екеуі блестік көзтанса адамға тікелей қатысы бар екені дәлелденесе, мұның аяғы ажелтауір дүрбеленеңге айналуы мүмкін екенін пайымдағы, есі бірде сеніп, бірде сенбей жүрестін Алласына іштей жақсы тілек тілеп келе жатқады.

Жалпақ қырдың үстіндегі шубаланған жолмен шубалыған машиналар тізбегін көрінеді. Ең алдында — "Жедел жәрдем" жүйткіссе, оның соңында — прокурордың қызыл „Нивасы". Милиция қызметкерлері мінгін вәзге көліктер бірде көлдесіндей, тізбектің алдынан шықса, бірде қабаттасып қатар шығыды. Оныз да жүйкесі дыныладап келе жатқан Тоқтарбайға тойға атташған қыз-бозбалығо үксап біресе оза шығып, біресе кейін қалып қызығындаған қызыл жағалылардың бүл арекеті бірден үнамады. Ақыр соңында ашық түрган терезеден қолын сыртқа шыгарып, әзшіл шығыға сүйегі, соллра қарлай жұдырық, көрсеткен. Бірақ айдалады асфальт жолды қоштадасын қатар шығытқан қияқ мұртты лейтенант түк түсінбеген кісідей шығып күлс берсін.

— Эй, Ішілек, неге қайта-қайта ағаштың алдынға түсे бересін? — деп айғай салды Тоқтарбай.

Қияқ мұртты лейтенанттің күлкісін тып, қасында отырғандаға мойның бұрын қаралды. Содан соң қолын котеріп, бұған „кете бер" дегендегі ишарат жасады. „Ішінен мен сыйап отыр ау қызталак!" деп ойлады сонда отағасы.

Жүлдегінде смес, биыл бул аймақта жауын-шашын мол түскен еді. Әдетте шілдесіндегі ортасында-ақ қураш-күйін кететін жалпақ жошың үсті әзір жалаңаңстана Қойманты: ашық түрган терезеден аракідік көк жусаниның исі ақып қоя береді. Селдірекен сексеулі жиіде мен жыңғыл ағаштары жолдың жиегінде сан түзен кейін жылжып қалып жатыр. Төбесінде — бояуы азайып, бозамық тортқан биік аспан. Әр жер әр жерде бұлт көшкіндері шаңытады. Айналған құлақ, тоссаң, талықсыған торғай шырыны естіледі.

Осының бәрі — козінді ашқалы бері коріп келе жатқан көзтапыс пришлік. Тіпті кейде мезі қылатын, қысы-жазы көлбендерген көріксіз әлем. Бұл жақта жайқалған жасыл нұлар мен айдан шалқар сулар кем. Қайда қарасаң да, олыс кокжиесін көкке бары і әдіптерден шаңқлихан сары дала. Осы далиған дала да емір кешкен едің көбі айналсында не бар, не жоқ екенине пәлендей көңіл болмес еді. Өйткеш олардың көретінінці көбі, өзгермейтін көнеге айналған ежелгі конібіс дүние секілді еді.

Бір қырдан асқанда, алдыңғы жақта жүйткігсі „Жедел жардем” машинасы қіт өкіл бүрімін, темір жолға қарый беттеген ескі сүрлеумен шоқалақтап жесе жонеді. Асфалт теселген тегіс жолдая шыққан өзге көліктер де соның соңына ілескен. Бір заманда осы ескі сүрлеумен темір жолдың арғы беттегі астық қоймасына қонар қалтар артылған арбадар ағылыш жатар еді. Кейін облыс орталығына ірі злеватор салынған соң, темір жол бойындағы шатын қоймалар да, ескі сүрлеулер де үмиттылуға айналған. Енді көп жылдардан бері көлік ізі түснеген комескі сүрлеумен баяу қозгалған ала-құла машиналар тізбегін айналасын аласа шеңгел басып кеткен темір жол көпіріне қарай жақындаған келеді.

Анадайдан қараңты апаңдай сүсты қөрінген көпір астындағы откелдің дәл аудына барын тоқтаган „Жедел жардем” машинасынан түскен ақ холотты дарігерлер осы жерде күзетте тұрған транспорт милициясы адамдарының сипатумен бірден игері үмтүлды. Өзге асығыс серіктеріне ілесе алмай, әдденеге аяғы кібертікте берген Тоқтарбай болса әліптің аяғын күтіп, сырттай байқастап тұрмак еді. Сол арада қараңты апаңдай қаруынан откелдің бір бүршінде олексеге жиналған қарі шыбындың үймелеген көпшіліктің арасынан прокурордың оқтемсіген ашула даусын естіді.

— Арыстанбеков, мүнда келіңіз!

— Не бол қалдым? — дес ықылассыз дыбыс берген отагасы ту сыртынан біреу итермелеген кісідей, үймелеген тоғтың қасына борды. Тізес дірілдейді.

Бас төрепшінің өзі келгендей, бәрі бұған орталарын бұзып орын берді. Бойына бар қайраттың жинал, көз шарасын кең ашқан Тоқтарбай сонда темір жол көпірі астындағы сыйдауыт жерді құшықтан етпетінен түсіп жатқан арыстай азаматты көрді. Шыгар жолын қалған шеңгел басып кеткен, күп сәулесі оңайлықпен түсे қоймайтын қараңты откел астында жатқан өлі деңгениң кімдікі екенин бірден ажырату қынан еді арі соны тезірек білуғе оншалық құлқы да жоқ.

Леңде осындағы бар билікті қолыңа жипап алған Хансейтоваң жарлығымен еңгезердей бір милиционер сақшы етпестінен жатқан олкітің қолтығы астында Қолын салып жіберіп, шалқасынаи аударып тастады.

Озгелермен бірге шалқасынаи түскен денеге үйлек Тоқтарбай тәбесінен біреу сұнық су қүйін жібергендей, кенет кейін шегініп кетті. Бір сәтте бәрін көріп үлгерді маңдай шашы селдіреи қазіне түскен, қара балшық жағысқан торсықтай толық шекесі гүмпіп ісіп кеткен, қалың ерінді, омырауы ашиқ, түймелері үзілген жеңсіз ақ, көйлекti, қүйелеш кесеудей үзын созылыш жатқан екі аяқты дене санастында бірден тиңбаланып түсті. Кейін, орада талай жылдар етсе де, осы оқиганы есіле түсірген шактарда, отағасының көз алдында елестейтін сүмдік сурет сол қүйінше өзгермей қалып қойған еді.

Ешбір тақырқау, жабырқау ыңғайын танытпаган про-куор арыстай сұлап жатқан азаматқа қарай иегін көтеріп:

— Сіздің орынбасарыңыз Шерәлі Дүйсенбаев осы ма? — деп сұрады.

— Иә, согаи үқсайды, — дед Тоқтарбай. Тоңған кісідей, ерінне ерін жұыспай тұрды.

— Жақсы, жарайды... — деп женілдеу күрсініп алған прокурор. — Ал, жігіттер, іске кірісіндер. — деп артынша талы жарлық берді.

Бұдан соң дәрігері, эксперті, тергеушісі түи-түгел мәйіттің басына қара шылбындағы тағы үймелессін. Таңқы та-нау, құныс кеуде біреуі зыр айналып қояға түскеннің бәрін суретке түсіріп жүр. Агадай жерден табылған сыңар аяқ киім, сынған бөтелеке, қауынның қобығы — ешқойсысы ну-зардан қатыс қалар емес.

Кияқ мұрғты лейтенант прокурордың қасына келіп:

— Марқұмнанң білсіндең алтын сағатына ешкім ти-мепті. Қалтасында он екі сом ақша бар екен... — деп сыбыр-лап кетті.

— Жарайды, — дед Хансейтов құпия жүзбен түсіп су-ытып, басын изеді.

Ақ, халат киген дәрігердің бірі прокурордың қасына келіп:

— Шамамен айтқанда, тәңін сағат үштегерде қайтыс болған... — деп сыбырлап ол кетті.

Қолына қара сілкөояж ұстапған мосқал кісіл прокурор-дың қасына келіп:

— Басында ауыр сокқының ізі бар. Эрі екі бұғанша қабыргасы сынған... — деп бірден бүріліп кетпей, бас-тығынан нұсқау күткен батыныштының ыңғайымен аялдан түр еді.

Прокурор:

— Е-е... е... — деп өзінші бірдеме түсінгенсін даусын со-
за түскен.

Манадан бері бар әңгіменің басы-қасында тұрганмен, естігеншің үршін үтші, бірін үқпай, өзгеше мен-зен әкүлл
кешикен басқарма бастығы облыстық прокурор аузын
херіп „е-елеген“ соң, бірте-бірте есін жигандай еді. Проку-
рор әрбір сөзін қабак туши, ерекше мән берे айтқанмен
Тоқтарбай оның даудың ырғагынаң әлдеқаңдай бір
үйренілікті, неміңдірдің анық, әңгіорды. Тіпті
мынау қара саквояж үстеган қызметкері (эксперт де, сон-
дай біреуі шытар), жан шошырылқ, жаражат жайын
айтқанда да, Хансейітов ештесін қазбалап сұрамай, ба-
сын изеп тұра берген.

Бұрылым кетуғе айналған эксперктке енді аяқ, астынан
қабагы қатая қалған Тоқтарбайдың есі сұрақ, қоюға
бекінді.

— Ал соңда... нәмілеңіз кім еді, жолдас?... Соңда
даймін-ду құллі Тамсент облысында аты аян адамның басы
жарылыш, қабыргасы согіліп, айдалада өлін жатуын мына
сіз қалай түсіндересіз?

— Мен сіздің сұрагының түсінбедім,— деп қолына
қара саквояж үстеган мосқалдау кісі Тоқтарбайға
күдіктене жақтырмай қарады.

— Түсінбейтін несі бар?... Оның иеге басы жарылыш,
қабыргасы согілген? Соны мен мына сізден сұрап түрмени
гой жолдас...

— Оны қазір ешкім анық, ейта алмайды, жолдас Ары-
станбеков.

— Ау, әжептауір азаматтың басы жарылыш, қабыргасы
согіліп құла түзде жатса, мұның бәрі текtek тектен тек емес
шытар?

Жанынан тағы бір пысақай тергегіштіқ табыла кеткенін
сөзген Хансейітов осы орада сезге араласты.

— Маселе былай гой, Тоқа... Қазір тергеуші де, экс-
перт те, тіпті мына мен де...— деп сөл үзілс жасап алды...—
бұл қазаның анық-қанығын айтып бере алмаймыз. Алды-
мен анатомиялық, сойындан откізуіміз керек. Ұзақ тек-
серіс, тергеу жүргізуі шарт... біз тек қагидаларына
сүйснеміз гой!

Мұны естігенде Тоқтарбай бұлардың бұл
әрекеттерінен түк индейтін алдын ала білген кісідей:

— Эй, қойындаршы!— деп қолын сермеді. Кімге ашы-
ланаттынның әзір езі де білемейді.

Тас тобеге шығып алғон қүнгейдің күпі күйдіріп барады.
Әмдекаймын қаңқылдаш үшүп келген қары Қаржалар

жақын маңдағы телеграф бағоналарына барып қонды. Темір жолдың табанын дүрсідептік жүргіншілер пойызы етті. Көпір маңында шогырланған машинадар мекін адамдарды көрген тепловоз машинисінде алдане айтып айғаймап, колын бұлғап бармады.

Сіркесі су көтермей тұрган Тоқтарблай тұқ жазыны жоқ, тепловоз машинисине сырттай кіжішіп:

— Эй, мына жегесіз кімді құттықтап барады-сій? — деп жерге түкірді.

Сол сәтте қемсінене кілкілдеп жас келген. Жұзін взегерге көрсетпес үшін шетке рес ышып, қалтасынан шылым алып аузына салды. Бірақ шылымын тұтатқан жоқ, шетін тістелеп жұла берді. „Атасына пәлет... Бүйткен тірліктің тап атасына наел! — деп отағасы штей налып тұрды. — Бағып заман болса, мұндайда “ой, бауырымдан” дауыс салар едің. Шерәлінің бауыры екенін отірік не?.. Бірақ бәрі-бір ейтіле алмайсың. Ыңғайсың, қазіргі рәсімге жараспайды. Апрай қызыметің бар, беделің бар, білдей бастықсың. Оның үстіне, ейтіп сезім шіркішігे срік берсе, айналасындағы осекші жүрт сан саққа жүпргүй мүмкін.

Жашынан жанамалаш Хансейитов келді.

— Тоқа, осы сіз қалай ойлайсыз?.. Соңғы кездерде Айсенбасытың жүріс-тұрысынан ешбір оғаштық байқалған жоқ па еді?

— Қандай оғаштық?

— Біллайша айтқанда... шішмдікке әуестік әйтпесе емірден түңзілу секілді ерекші мінез-құлақты айтам.

— Осы күні шішнейтпің қліссың барсың? — деп бәрін билісі келіп тұрган прокурордың қызымет бабындағы бұл ерекеттің пәлендей теріс көрмегенмен, басқарма бастығы оның сауалының сұрын жақтырмады.

— Ауданға жиі қатынаушы ма еді?

— Әрине. Ол жақта бала-шығасы бар емес не?

— Оны білеміз. — Прокурор үзіліс жасап, оқырын жоткірініп қойды. Сонда неге осы уақытқа шейін қатын-баласын облыс орталығына көшіріп алмадын? Әлде қалада патер күтіп жүрді ме?

— Бізге қызыметке келсімен төрт белмелі патер белгендіз.

— Сонда қалай?...

— Әуел мектептеге оқитын балаларының оку жылы аяқталуын күтті, артынан жақп шетерін жөндісуден откізбек болды.

— Тұрасын айтқанда, Дүйсенбасытың әзір Тамкеітке кешіп келгісі келмеген той?

...Шерәлінің Тамкеітке кешіп келу инсті жоқ, екенін

Тоқтарбай осындаі бірер апта бүрінн опың өз аудыңс, естіген. „Жұма сайын келінді іздел бара беремісің? Осында біржола кашш алмайсың ба?” деп бұл келекті ақылшайтқанда, орынбасары біраз күмілжіп отырып: „Шынында, бала-шагапта оршапан қозғалым жок. Ағайын жүргіттың ортасындағы жылы орындарын сұмытып қайтесін?” деп екіншінде жауап бергені бар. „Сонда қалай?.. Өзің — қалада, семьяң — ауданды. Мұндай тірлікте береке бола ма?” деген бастығының дәлеліне құлақ асқысы келмей, „Тамкент пен Қуандарияның арасы пойызға мінгел кісіге бес-алты сағаттақ жол. Екі ортада осталай саяхаттап жүруден әзір жалығатын түрім жок. Қайта апта сайын қатырың, қаладан құтылып, елең шығып, бой жазын қайтудың өзі артық” деп. мұлдем жауапты қызметкердің аудынан шыгута тиіс емес сұлтаууларды көбейтпі жібересін, түлтің түбінде қарауындағы қызметкершің қайдың түршің қайды житатынына қабыргасы ошпа қайтыса қоймайтын әкімдердің әдетімен Тоқтарбай зітесуір жалпы жұмыстың ақсамауын қадағалаш таңсырды да, қайтыш бұл тақырыпты қаузамаған. Өткен жұмада Шерәлі тағы елиң жүретіннін ескерткенде бұл басын изеген де қойған. Өйткені облыстық аудыл шоруашылығы басқермасына қызметке келгелі бес айдың ішінде орынбасаршының жұмысқа себепсіз кешіккен күнін көрген жок. Қайта кейде өзінің үйкесі қалбаса, хатшысына алдын алға қоңырау соға салып, сәске түске жақын қызметте қара көрсететін әдеті бар еді. Таңгертеңгі сағат септіде қаздымн орнында отыратын Шерәліден үялыш-қысылуудың орнына, қарауын орынбасар келгелі тіпті арқасын кеңге салған сектілді еді. Байгүстү екі ортада жүріп бүйтіп опат болады деп кім ойлады?

— Бұл жағын білінкірмездім,— деп Тоқтарбай сол жерде жалтара жауап берді.— Балқым, туган жерін қимаган шығар. Оңдай да болады емес не?

— Дүйсенбаевтың қлара қашкісі келмегені, әрине, кездейсек емес,— деп прокурор өзінше сауегейсін тұр.— Оның себебін әзір ешқайсымыз білмейміз.

Прокурордың бұл сөзін отарасы: „Сіз білесіз, бірақ айтқызың келмейді” деген емсүріндей көрді. Өзинше жеті қабат жердің астындағы құтияның құлалынан үстаралысын, маңараздана қалған жіпптің бұл шынықтығын бірден үнаптаса да, әзір алды-арты мәлімсіз оқшау оқиғаның қайды апартып соғарынан хабарсыз ері күні бүтінге шейін қатын-балы қамын үмыта қоймаган тәжірибелі кісінің дардасына болғып, Тоқтарбай оцайлышқепең сыр боліспеуге бекінді.

Хансеитов әрі қарай қозбалған жок.

Біраздан соң темір жол көпірі маңына жиналған топ маңадан қаңтарулы тұрган көліктеріне белінш мініп, келген іздерімен кейін қайтты. Бұл жолы мәсіл жайғасқан „Жедел жәрдем“ машинасының алдына рудіне қияқ мұртты лейтенант отырған қызыла „Жигули“ түсіп алып, қүйгіта женоады.

„Енді қайда асмылады? Бәрі бітті емес де?..“ деп ойлады Токтарбай.

* * *

Көпіда қаза тапқан айтулы азamatтың сүйесін жерлеуге ауданнаның жүргуте жаройтын үлкен-кішісі түгелге жуық, қатысқанын кириен басшылар ежелі елдік дәстүрін кекірегіне сақтап келген көпшілктің бұл мінезінс сүйсінудің орынна, әлдебір қолайсыз оқиғалардан Қоуілтесетін жалтақтының бағып, жан-жақтан милиция сақшыларын шақырып, күзетт. ерекше күшеттің жіберген екен. Шерәлі Дүйсенбаевтың аудан орталығындағы үйі мен құбыла беттеп ескі зираттың арасы недауір жер — жетісептің шақырымдағы жол болса да, тұс ауа бергенде аудан орталығынан шыққан қаралы шеру бір сәт септеген жоқ. Қауы ашық, жұқ машинасының үстіне қойылып, қызылаша клем жабылған табыттың соңына ғлескен елдің бәрі дерлік — бесшылар мінген бес-алты жеңіл машинадардан взесі — жағу жаалылап үзақ созылып ылбіп келеді. Маңдай алдына шырып алған шілденің күп лаппадын жашыл көз қарықташады. Әбүйір болғанды, біраздан кейін аспан астын шарбы бұлт басып, толқын-толқын самал жел соқты. Құбылаға қарай ақырын жылжыған осы шерудің шілде қаталап шөлдеп, аяқтарын өзөр көтеріп келе жатқан кәрі-күрттің да аз емес еді. Бірақ әзір соның біреуі қыңқ, етіп сыр берген жоқ.

Алдыңғы жақтағы жеңіл машинадардың соңын ала жылжыған облыстық басқарма бастығы Токтарбай Арыстанбеков бір мезет артында ауыр қозғалған үнісін топтың кеуде түкпірінен шыққап ауыр күрсінісін тұра тік жекесімен сезіп келс жотқаңдай сезінді. Мұның көңілінде әлдеқандай алаңыту, көмексі үрей де бар. Бұл, әрине, марқұм Дүйсенбаевтың Қуандырғы халқына қадірл азamat екешинен хабарсыз емес еді. Неге білмесін — озі де сол Шерәлі секінди о баста осы Құа ғарияның топырағында тушип өспеді ме? Көрші ауданды үзақ жылдар бойы әрқиын шаруашылық басшылығында қызметте жүргешімей, мұлдағы ел жүрттап қол үзген емес. Бірақ дәл қазір белгісіз себептермен мерт болған ауыл шаруашылығы

қызметкерін, олда да атақты ақын, яки ғалым емес, қайдағы бір жергілікті маңызы бар басшыны, басшылардың біразы сүйкімсіз көріне бастаған мынадай скіудай заманда — қарапайым халық осыншама қаза тұтып, қабыргасы қайша қояды екен де, уш үйіктаса түсіне кірмейті. Кеше облыста өзін Дүйсенбаевты жерлеу жөніндегі комиссияның бастығы етіп бекіткенде, мекеме басшысы арі марқұмшың жерлес ағайыны регінде бұл ұсынысты бірден құп алған. Облыс орталығында осы қазага бойланысты азір айлану-үйелет жатқан ешкімді корген жоқ. Тінгі бұл Қуандарияға оттаянғанда, мұрдасалынған „Жедел жәрдем“ машинасынан басқа қасына жан һеспеді. Тек Шерәлінің аудан орталығындағы үйіне жақындағандағанда ғана қары Құрым халықты көргөп... Эуелде мұны жақсы жорага санаса, сізді тіліңі неге жорызын білмей келеді.

Күн сіккейе қаралы шеру аласа шағыл құмдардың шетіне кірді. Дария жағасындағы Дауіт батырдың ескі моласы Қыпшактың Шашты әулетінің дүлисіден еткен ата-бабасы жатқан ежелгі жалнақ Қорым болаптын. Үлкендердің айтуыша, марқұм Шерәлі Дүйсенбаевтың біраз ағайын туыстарының сүйегі осында қалса керек. Жерлеу комиссиясының бастығы жақаған жиналған ақсақалдардың тілегіне орай Шерәлінің денесін Дауіт батырдың Қорымына апарып жерлеуге көлікден. Қорымшың қунбатыс шегінде қазылған көрдің маңында күні бүрін осында жиналған сүйекшілер күтпі түр екен. Мұсылмандақ тәртіп бойынша басына дәгарадай сәлде ораган ақсақалар мәйітті бірден жер қойына тапсырымақшы еді. Бірақ оған жерлеу комиссиясының бастығы қаржылық білдірді де, үсті ашық табытты көрдің жиегіне үшінші топырақ үстінде қойғызып, осы заманшың расімнен лайық қаралы жынын ашудың қамына кірісken.

Тоқтарбай ортага шығып, зуслі қысқа мойнын созып, жан-жагына қараш алды. Айнала қоршаш түрган көпшіліктің үстінен бір мәрта көз жүптріш етті де, қалтасынан бүтінгі қаралы жынында сейлеушілердің тізімі жазылған бүктеуі қанғазды шығарды. Бірақ, қағаздың бүктеуін жазбай, елдің берінде естілуі үшін дұсын көтеріпкіреп:

— Жолдастар! Еліміздің слеулісі, халқымыздың калпулысы, арамыздын ерте кеткен қыршынымыз, беріміздің аяулы досымыз, облыстық советтің деңгутаты, ауылшаруашылығы қызметтіңің үздіп... дең бастады да, артынша өзінше бір әдіс жасап, үшін үзілдіре, даусын дірілдестікіре түсіп, бұл арада марқұмшың атақ-дәрежесін пізбелеудің ыңғайлы-ыңғайсыздығын біле алмаган скіудай

ақуалдан өзінше жол тауып кетті.—...Олың берін пітә беріп қайтейш, бәрі өздеріңгә белгілі ей, ағайын. Шерәл Дүйсенбай ұлының жаназасына арналған Қаралы жиынды анық ден жарияладмын.

Бұлнің жаназының бүргіп талай көріп жүрген қазақайтының ешқайсысына үқсамайтынын ақылымен емес, жүргімен сезіп тұрган отағасы өзіріше беталысының түзу екенін дәл қарсы алдында, қозылған көрдің арты жиспіде ешкі сақалын изендей, мұның сезін құп көргендей ыңғай танытқан енс бір Қара шапанды Қара шалға Қараш жорамадады.

— Алғашқы қоштасу сезі Қуатынан аудлідүк партия комитетінің бірінші секретары Аббас Өтениязов жолдасқа бериледі.

Осы сезіді айтудың айтса да, жерлеу комиссиясының бастығы артынша не бұлдыріп Қойғанын айыра алмай қалды. Кешелі бері қазалы үйге керек-жарақтың бәрін дер кезінде жеткіздіріп, үнсіз-түнсіз қалтқысын қызмет стіп жүрген аудан басшысының оты аталғанда, қозылған көрді Қоршап тұрган Қаралы толқа көрінбейтін біреу алдын ала сыйырлап жаман үтті таратып Қойғаудай, құлда бір бүйірден жел тиген қалың Қогадай жашырылып, аяқ астынан гулеп кетті. Ортага шыққан бірінші секретарь шын абыржып жан-жагына жалтақтан Қарой береді. Тоқтарбайдың бірден байқағаны — көз жиегі қызырын, сулаша түскен біріншінің тігті ыныны қашып кетті: „Әй!” деп аяқ астынан айғай салсаң, тұро қашатын секілді. Дүрыс ша, бұрыс па, бәрібір қашаннан халықтың қаһарынан қорықпайтын жұмыр басты пәнде жоқ. Атын естігенде бір шеті ғуїдеп қоя берген көпшілікке не айтарын білмей, бірден шегіншектен қоштасу сезінен бас тартудың тағы ретін топтай Қаралы жиынның басқарушысынан пана Ізделгендей көрінген әзір сырмінез емес Аббас тұғы, осы омірлінің ініндеге толай қозаға қотысып жүрген қоқсал басымен не Істерін білмеген Тоқтарбай:

— Жолдастар! Жолдастар.. Тынышталыныздар! — деп бүктеуді қызметкес ұстаган қолын жогары көтерді.

Жүргіштілікпің бір шетіндегі түл сәл-пәл басылғандай болды.

— Сез аудлідүк, нағыя комитетінің бірінші секретары... — деп тағы аудан аша берген сол еді. Гүл қайта басталып, өз дауысын озі естімеді.

— Ау, ағайын, бұларыңыз Қалай? — деп Тоқтарбай енде кәдімгідей қызырақтан тұрды.— Ауданың бірінші басшысы ретінде Өтениязов жолдастың өзінің бұрынғы арлітес

замандастының басында екі ауыз қолтасу сезін айтуға хоқысы бар ма, жоқ па? Қалай ойлайсыздар?

Осы жасқа келгенше мүндай түсініксіз жиынды басқарудың реті келмеген оғагасы өзіне ерекше қисынды көрінген сұрағымен айналысында бықсыш жана бастаган отты өзі үрлеп тұтатып жібергендің қапелімде антармай қалған еді.

— Болмайды!

— Ешқашаңдай хоқысы жоқ! — деген сүмдәк қисынсыз жауаптарды естілі.

— Ағайын, сабыр етіңіздер! Меніңше, қателесін тұрсыздар! — деп үйнек қаңырап әкетер қоюлті жолды айналып өтудің орнына, әншнейшіде әдіс-амалы бір басына жетіп жататын Тоқтарбай бұл жолы тұрасынан сады. Тұрасынан салатыны — тұлтік түбиңде осы жаңжалдың абырай әптермейтіш, алдымен өзі таяқ жетіш есіне түскенде, тілті ширығып кетті. Қайдары қолденсізден келген көк отты емес, осы ауданның азamatы скенінс, онда ал дүниеден еткен марқұмының рулас ағасы екенше арқа сүйеп, Лурлаккен топты қайтсе де тоқтатпақ ииетпен қайтпіақ емес-тұтын.

Бірік көшілік үстіңдегі гүйдің оқайлақпен басылар түрі жоқ.

— Ағайындар! Бауырлар! Тынышталаїық, қане! Өтпінеміш, сұраймыш! — деп Қолынан сусын шығып бара жатқандың көрінген тізгін үшін тырысып жібермеуге тастай бескінді. — Өздерінізге маглұм, марқұм Шерәлі күш кеше ғана осы ауданда склиш хатшы болып жемісті қызмет істеді. Ал енді мұнадай қаралы жиында ауданың бірінші хатшысына сез бермеуіміз — мұлдем қисынсыз үят тірлік болар еді. Бұл қазақы қасқа жолға да, саяси сара жолға да мұлдем сыйыспайды. Өлім үстіңде әншнейшіде өкпе-наэ, ашы-араздық жүрмейді. Ежелі ата салтымыз осындей. Қане, ақылға келейік, ағайын!

Тоқтарбайдың соңғы сезін көшілікке қисынды көрінді ме, кім біледі, аздаپ саябырсы бастаган еді. Дәл осы сәтте алғандегі көрдің орны жиегінде тұрган қара шапанды қара шал гайыптаған келген алдебір слішіге үқсан, қалтасынан қолдей ақ орамалын шыгарып, жоғары көтерді де:

— Менің бір датым бар, шырагым,— деді. Осынша көптің арасынан мәмілеке шақырар үлкеніміз осы болар ма деп үміттеген жиын басқарушының аяқ астынан арқасы кеңіп жүре берді.

— Мүнда келіңіз, қария! — деп қасына шақырган. Қара шапанды қара шал сырқыттай ұзын, бойы тіг-тік кісі екен. Қолындығы қолдей ақ орамалмен былашықтанған көзі

сүртіп, қайтадан қалтасына салды да, Тоқтарбайға қарай мойнын сәл қисайтып тұрып:

— Шырагым, менің бүйтіп суырылып шыққан себебім... мен де өзің секілді. Шерәлі марқұмының бетені емес едім.— дегі бір кілінірди. Әрбір сөзін баптоғ, бипаздаған айтты.— Шерәлжаннның туған Қайшиятасымын, шыспым — Нысанбай. Қырда қырық жыл қой баққан Карадүрсін шалдаңың бірімін. Сендерге үқсап ел босқарып, жөп пусқадаған кісін емесін. Бірақ, біз де жетпісті бекерге жасаған жоқ шығармайз, шырагым. Біз де әр нарасеңің мәншін билептің қақпаспсыз. ... Алыстан естігеміңіз, жақыннан көргеніміз бар. Сен жаңа, ішім, қаза үстіндеге өкпе-наز бен ашу-ораздықтың журмейтінің жақсы айттың. Тура сезге кімнің таласы бар? Бірақ сол ота салпын, ежелгі жөп-жоралғыны бұзуышы кім? Дауіттің басына жиналаған осынау азалы ел ме? Элде лажсыздан жоқтаушың бол ортага шыққан мына мен бе?

Көшілік сендей соғылышын, бір шеті тағы гүлдей бастады. Бұл жолы Нысанбайдың сезін құштарған дауыстар естилді.

— Жөп сез!

— Е, бәссе... Аузымызды аша алмай, олдік қой тіпті!

— Зират басында дау шығару мұсылманишың үрдісінде жоқ екені рас,— дегі шал қызымырдана түсті.— Мүлдайда Қуран оқылыш, бета жасау лағым. Бірақ, соғон біз бей-біктың мұршамыз келіп жатыр ма? Арқа сүйеген азаматынан айырып, соңша елдің есін кетірген жоқсыздар ма?

„Апымай, мынау мәмілегер емес, нағыз даугердің сезі гой!“ дегі опық, жеді сол арада Тоқтарбай. Шалың олай тартып, бұлай тартып, ақыры бар пәлені өзі түспалддаган әлдекімдердің төбесіне әкелиң тондіріп-төндіріп қояды. Дүйсенбаевтың қазасына не себеп болғанын әлі ешкім анық, білемейді. Ал мына Қарғаштананды Қара шалға бәрі айқын секілді. Нарасы топты қоздануру, адастыру қолданай оңай! Дауіт батырдың басына жишилғаныңда да Шерәлі марқұмды сыйлайтын, біразы оның қолқабысын, әйтпесе тұл жәрдемін көргендер-ақ шығар. Бірақ сол Шерәлшің аты ақынзға айнишын, "елін сүйген ер" қатарына қосылағаны соңғы бірер жылдан қарасы да естімен не еди? Осыншама жақашыр, қызулы топ оның көзі тірісінде қайдар жүрді екен?

— Шерәлжаншың қазасы жөнінде біреуді айынтауга — құнасін мойныма арқалаудан қорқамын, шырақтарым! Бірақ қозір қопшылктиң кеңілін жайлап алған бір күдіктің бар екені рас!— дегі әлі сүңқылдаған түр „бүлікші“ шал.

— Бар болғаныда қолданай!

— Даңыпайдаңдары олтіріп кеткен гой сорлыны!

— Тексеру керек!

— Тексеру, әлбеттә, заң орындарының жұмысы.

Өкімет айналтының әділ жазасын беретінне халайық ешбір күмәндіндейді, — дес қара шапанды қазымыр шал еңді мойнын Тоқтарбайға қарай бұрып алды. — Бірақ сендердің күні кеше өздерің Құғын-сүрінгеге салып, осы Қуандария жеріне сыйызбай, құт-бережесін қошырған азаматты еңді келіп „ойбай, сыйлассымыз еді”, „ойдай, қадірлесіміз еді” деп жиналды ашып, әбден мәқтап-мадқтап, артын сұраусыз, жым-жылас етіп жогалтып жіберуге тырыштанған әрекеттеріңді осы жиналған көпшілік өсте құп көрмейді. Осылы ұмытпағын, құда бала!

Қазымыр шал облысқа аты мәлім дүрдей басшыны естіп оп-оңай „құда” дәрежесінде (шынында, Шеролінің рулас ағайы оның қайын атасымен құда болмагонда, кім болады?) түсіріп алды да:

— Осылмен ырду-лырду аяқталсын, халайық. Қалған жең-жобаны мұсылманишын, жолымен отқаралыз, — деп жариялады. Бүтінгі зират басына жиналған көпшілікке сезін тыңдата алмай, екінші жағынан — ойламаган жерден суырылған шынын, ер іәрсең қасын шатын, осындағы басшылардың беделіне недәуір иұсқан келтірген қайдаты бір қойшы шалдың өктемдігіне недәуір таңырқап қалған басқарма бастығы қарап түрмай:

— Ау, ақсақал, коммунисті жерлеудің жорисы басқа гой! — деп түяқ, серіпіп көріп еді.

— Немене, кәмәнесің олған соң да пәртиядан шықпай ма екен! — деп қара шапанды қара шал шап етті.

— Сіз оңдай саяси қате тақір айтпаңыз! — деп Қасақана Қасарыса түсті Тоқтарбай. — Коммунист өлгешінен соң да — коммунист болып қала бермес!

— Пәргиядан шықпаса, о дүниеге барған соң ол сендерге жарна пұл төлең тұра на?

— Ақсақал, ойтіп..., мазақтамаңыз!

— Үш ай жарна пұл төлемесе, пәртиядан шығарып жібермеуші ме еді, құда бала-ау? — деп қойшы шал шабуышы үдете түсті. — Элде марқұмның артыланған өзің іздені барыл, жарна пұлған алып қайтпақшы ма едің, ә?

Мұны естіген Тоқтарбай құлерін де, жыларын да білмеді. Шатак шалдың әдсін құддастық, жолына салып азіл-қалжың айтқаған болып, мұны көпшілік көзініше құстанаған тұрганы етірік емес еді. Бірақ қойшы шалға не қауқар қыларсың? Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде салып сөгіс жариялатасың ба, элде бағып жүрген қойын қайтарып аласың ба?

— Сіздің жасыңыз үлкен, ақсақал. Құла ретінде сый-
лап, аға дүниеге барып қайту көзегін алдымен озіңізге бе-
реміш еой,— деп. Тоқтарбай қисының қалжың айтып
құтталудан басқа лаж таппады.

Өкінішке орай, қасиңдағы багшылардың бірде бірі
бұған қол үшін беруге жарқынады. Бәрі халықтың
қаһарынан Корқа ма, әлде осылардың көбіне қызы тірісінде
сүйкімсіз көрінген Дүйсенбаевтың артында қалған туыс-
қандарының дау-дамайын сыйттай қызықтағылары бар мән
— ол жатын айырып білу қын. Тек мола басында сейлесу
хұқынан вірылып, көпшілік алдында абыробын айрандай
төглген ауданың бірінші басысының бет-жүзі молдан
шыққан өлкестер көгістеніп кеккеппін байқады. Тірі Аббасқа
Қарғанда, табытта шалқасынан жатқан ол Шерелішің
әбден дәрілсініп, бальзамданған денесі тіп-тік, қарни бұлти-
нып шығып кетілті де, екі бетшің үшін жылтырап, ітурлана
түседі. „Марқұмның иманы тасып, ітүрі бетіне шығып же-
тыр ма екен?— деп ойлады енді отағасы.— Өз ажалынан
өлс де, біреулер қастаңық жасаса да, күнсіз екені хак“.
Ойындағысын біреу оқып қойғандай, артынша жалтақтап
жан-жарына қарған.

Бірақ, енді өзіне назар аударып түргап ешкімді көрmedі.
Марқұмның қарынды қайын атасының қарламағына
кешкен сүйекшілер үшінде топырақтың үстінде беті ошық,
турған табытты аладай жердем қалың өскен сексеуілдің
арасына қарай кетеріп экетті. Діңдарлар мана марқұмның
үйінде жасай алмаған (жасатын жергілікті басшылар еді)
мұсылмандақ расімдерін енди. Дәүіт батырдың басында,
қалың өскен сексеуілдің тасасында смін еркін атқарып
жатты. Алдымен шалдар аюш табыттың шинделеп мүрдениң
үстіндеп шымқай қара костюм шилбардя шешіп алып, ақ
кебіншігे ороды да, жаңа зараға жиналған қариялардың
алдына апарып қойды. Содан басында дагарадай сәлдесі
бар молданың соңына қаз қатар тізіліп тұра қалған үлкен-
кішілер төрт бис жаңа зараға пәннен оқып, дүго жасады. Со-
дан соң бірнеше жігіт ақ, кебіншігे оралған мүрдеш кетеріп
әкеліп, терін қазылған көрді; шинде түрган сүйекшілердің
қолына саумадап түсіре бастады.

— Басын құбыллаға қаратып жатқызындар!— деп қара
шапанды қара шал осы жерде тағы бір бүйрүгін беріп
үлтірді.

Бір мезеттен соң қазылған көрге жақын түргандар
қолдарына күрек үстеп, үйінен тонырақты бүркүлдатып
томенге тастай берді. Шығыстаң соққан жем мен бірге
кетерілген шаң әлдекімдердің комейінсі кіріп, әр жерден
түншыға жотелген дауыстар естілді.

„Неге сонша асығады?” деп ойлады Тоқтарбай сонда жаш-жактан қауымт қымылдап, молл басын шандатта бастаганда жатырқай қарал түрып. Мұңдайда өліге тонырақ, салу рәсімі бар. Қолына күрек тимеген әркім жақындан келіп, бір-бір уыс тонырақты шағтеліс толтырып ақеліп, терең қазылған орга тастап жатыр. Қасиқтың алғы „Бір уыс тонырағың бүйірсін” деп армандаған әнгө қосатын салты осы. Дәл осы салттың облыстық басқарма бастығы бастаган басшыларға ойламаған жерден ауыр тиғен сыйайы бар еді. Кешілікке араласып кетіп тонырақ, салуга — көбінің жүректері дауаламай, кідірістеп түрдү. Тогы бір бейни ауыз тәітек шығып, орталарыңдағы бірінші хатшыға „хақың жок” деп байбалам салса, қайтпек? Басшы дегенде — бұлардың бәрі түптеп келгенде бірінші хатшыға бағынныңғы адамдар. Біріншінің біржола құбыжық, етін корсетсе, ертең қалай бір-бірінің бетіне қарайды? Өлген — әлді, ол билік тізгін тірлердің қолында қалды. Бұғын қапыс олімнің оқыс оқиғогүп айналып отырганы хак. Күні ертең алау жогарты жакта отырган „дәүледін” бұл оқиғана қандай баға беретінін болжайтын шамалары жок. Сол себепті көбінің козі жақақтап, облыстың келген әкімге қорайлайтын секілді. „Өзің бастадың, өзің құтқар” дейді аяқ астынан мұлайимсі қалған табақтастары.

Салы суға кетіп, жүйкесі жіцишкере бастаган Тоқтарбайды осы арада ойламаған жерден Нысанбай „Құдасының” құтқарып әкетпесі бар ма?

— Эй, дәкейлер! Негіз шеттеп қалдылар? Кешегі қызметтес жолдастарыңда тонырақ салмайсыңдар ма түгес? — деп кінәрот арта, кейіп сөйлестеп бұл жолы бұлар-Алғы құлагына майдай жақты.

Бәрі жапатармажай інгері үмтүліши, Ілеңдің арасында бүйірі шығып биіктен қалғая Шерәлінің жас қлбіріне уыстан тонырақ шашып жатты.

Ең соңында алғы басына дінекірадай сәлде ораган молдекен жүрелеп отырып алған, қоңыр даусын қырагаттаң құран окуға кірісті. Жүрт қаторлы тіс бүккен Тоқтарбайдың біраздан соң тақымы шыдлмай, жалы етіп жерге отыра кетуге — ине-жигтеген жаңа шыққап таза ашпақ шалбарын аяса, скинші жағынан мына қүшін ыстығында өңешін созған кәрі молданиң озі де үзаққа шыдамас-ау деп үміт етіп еді. Бірақ, ол үміті зор кетті. Молданиң үші мұсәтірмен тамағын шайған әншінің қомейндей бірте-бірте ашылған баржды. „Қайтсін-ай, осы күні бұл бейшараны қай қазак, басшының молосынаның басына шақырып, әспеттеп жатыр...” деп жазықсыз молданиң шілдей мұсіркесі отырудан басқа амалы таусынан

Тоқтарбай айналасына үрләп көз тастап еді, взгелердің де біразының тақымы шыдамай тәлтіркестей бастаған екен. Қайсы бірі құйрықтарын жерге қойып, аяқтарын созып жіберіпти. „Ясиңді“ әзер тауысып, „Әлхамға“ кешкен молмыйн бағдарын таныған соң, Тоқтарбай да таза оптақ шалбардың құйрығын құрбандаққа жіберіп, аяқ суытпақ еді: күн астында қақталған күм тошырақ, қүйін түр екен, сөлден кейін астынан біреу пеш жалғып жатқандай болғасын, бөксесін қайтып көтеріп ала қойды.

„Ал осы үзақ тілсу шеменеге керек?“ деді, тақымы талған Тоқтарбайдың ақыр соңында атенстік жыны үстай бастасын. Ол тілекти өлген адам бәрібір естімейді. Тірілердің сыйқы міншін... алыснап-арпалысып жүріп, кейін бәрін үмьтады. Шерәлі де, одан бұрынғы, одан кейінгі кез жұмғандарды до... Қотын-баласы, үрім-бұтағы, бәлкім, емір бойы үмьтпас, марқұмдың хисыны келгейде, естеріне түсіріп отырап. Бірақ сиді жүз жыл өткен соң, мәселен осы Шерәлі Дүйсенбаевтың қлабірі басына жиналғандардан бірде біреуіміз тірі қалмаймыз. Бәрібір бәріміз өлеміз. Құдайға жалбарын, құран оқы, қайыр-садақа, тасаттық, бер, мейлі, бір кездे о бастығы өлшенип берген жолдың аяғы үзілп, жоғалып тынады. Еңдеше, қайдагы орындалмас армандағы айтып ал үрләң не, көз жасында төгіп бақырып-шақырдың не — тылсым тағдырдың тірілерге беретін үтініңкі жауабын Тоқтарбай әзір естіген жақ.

Оз ойын әддилеп отырган отағасы ақырына шейін шыдмы жетпейтіндей көрген үзек дуга-тілектика аяқталғоның ақтармай да қалыпты. Жүрттың бәрі қол жайып, „аллу экбарды“ жаппай айтқанда гана есін жиып, астығыс бетін сыйпады.

Дәүіт батыр қорымының Іргесінде ағып жатқан жалғақ, судың бетіне осында келгел түңгыш рет көзі түскен Тоқтарбай әдденеге тіксініп қалды. Қекжиекке қарай еңкейіп барып қалған қызыл жалқын күннің саулесі қара кок айданының бетіне теңбіл-тенбіл қанкүрең ирім суреттер салыпты. Қанкүрең ирімдер су бетінде шашылған жермайдай жылжып ағып барады екен...

• • •

Айтулы азиматтың оқыстай болған қазасы және оның жерлесу үстіндегі оқшаша оқига жайындағы лақап сез әдеттегідей үстемеленіп, жан-жаққа тарап жатты. Әуел баста қатардагы қаза-қайыпшың бірі ретінде көп үзамай көпшілік көңілінде көмескілене бастайтынынан үміт өткен басшылар жағы күн өткен сайын ел ішіндегі өсек-аяңың

қайталаң қаулаі түскенін көргенде, кейбіреулерінің кокеіндегі осы өртті әдепті өрішітушілер бар-ау деген құлқутган еді.

Облыстық партия комитетінің бірінші секреторы Мұбәрәк Құснидинов жаһадас қызындар ойыны бұқисесін ошияқ, айтып, бүтін озінің шақыруымен жиналған әріптерлерінің әрқайсынға осындаударға әдемімен жеке-жеке сұық, пазар салып отті. Біріншінің әрқайсына жеке қадалғапынан — мүшің ояны ыңғайсыз әңгімеге апарып соқтыруы мүмкін екенін қауіштешен бағыныштылардың біразының қабыны әдептің-ақ, гүсіп кетіп. Шыныңда да биылғы облыс алдында түрган күрделі міндеттерді обыроймен орындаған шығу үшін әрбір еңбекші, әрбір қызметші алаңсыз, уайымсыз еңбекке жұмылады деген күтпі, сеніп отырганда, ел ішінде іріткі туғызаралықтай осындағы өсек-аяңды тезірек тоқтату керектің жөніндегі ұзақ, солар кіріспе сөзден соң Құснидинов үзінша үстелдің ортаңғы тұсында отырган Хансейитонке қарай иегін көгеріп:

— Ал, бірақ, сіздің тарағаш, прокурор жолдас, облыс алдында түрган зор саяси талағатарды орындауга багытталған белсенделікті әзір көрмей жүрміз,— деген қоюна үстеган қызыл қарындашты шыр айналдырып қойды.— Мемлекетке астық өткізу кезінде недауір ысырапқа жол берілуде, базбір ғудаңдарда қоғамдық мәл басы кемігеси. Прокурорлық, бақылау жұмысы білдем үмітшылуға айналған.

— Милицияның жағдайы босада белгілі...— деген бірінші одан әрі облыстық милиция басқармасының бастығына қараш мырс етіп миңгынан құлап қойды.— Палымбетов жолдастың қаруындағы қызметкерлерінің мемлекеттік тәртіппі бузушылармен шаруасы шамама. Олардың айдитынын — ерте коктемен бистап базарда алма, өрік сатып жүретін Таңкенттің шудағерлері, әйтпесе қырдан ақбекен пропагандада қайтатын браконьер аңшылардың қаласы... Солай ғой?

— Браконьерлермен охотсоюз адамдары айналысады. Эрине, бұл істен біз де шет қалмаймыз,— деген милиция бастығы дыбыс берсе бастап еді. Құснидинов оған құлак, аспай, сізді ғалстүгін қайта-қайта түзең отырған жирең шашты сары жігітке қарай бұрылды.

— Ал КГБ-шіңіз біздің облыста не бітіріп жатқыншыны менің тілін хабарым аз,— деген көзі жыптылықтар, аяқ астынан аңқауси қалды.— Біз озі тұтастай даалалық қазакы аймақтың. Шестеден келіп-кетіп жатқан да ешкім көрінбейді. Эскери облысклер болса бізді матына жуытпайды. Соңда, Захарян жолдас, осы сендер қайтіп наң та-

уып жеп жүрсіндер? Олде ақда-санда бір шпион үстай-сындар ма?

Жириен шашты сары жігітпің көз құйрығында көмекі күлкі ізі білінді. Бірақ ол адам-мим жақ ашқан жоқ.

Құснідинов одни арі мүрш мем мүрші бірдей салбыран түсіп кеткен, жас шамасы осы отырғандардың бәрінен үлкеншрек көрінетін арық қарата қарал:

— Халықтық бақылау комитетін, әбетте, жылы жауып қоя тұрамыз! — деген сайдың мазақ қорытынды жасады. — Өйткені бізде, жолдастар, халықтық бақылау деген осы мезгілге шейін атымен бөлгап емес. Солай ма?

„Осымен бәрін білірдік пе?“ деген сыйаймен Құснідинов будан соң Арыстанбековке қарай ай қабагын котеріп, ерікесін қостатып алды да, ешкіннен ешбір пікір суромастан:

— Ал енді, жолдастар, осыншама қалың қолмен, осы облыс көлемінде он жылда бір рет болған адам өлімінің анық-қанығын ашып берс алмай. Қайдагы жоқ пәндерді қоздатқан қотыр аудыздарға тыныш сала алмай отыруымыз үят емес пе? — деп, әлгінде тиңе веі жер жебіріне жеткен облыстыры қылмысты істер ақуалын „он жылданы бір өлімге“ шейін өзайтқанмен, енді жиналған коптілікке салмақ, сала, міндет арта сойлейтін ыңғай тынытты. — Өздеріңге малім. Дүйсенбасстың қазосына вайдан астам уақыт етті. Қатардагы біреу болса бір сәрі... әбетте, бізде әрбір адамның өмірі қымбат... Әйткенмен білдей бір қызметкеріміздің темір жол бойын жағалоган әлдеқаңдай қаңғыбасқа үқсап, копір астында өліп жатуы — әркімнің көңіліне құдік үялататыны ақиқат. Эрі соңдай құдікті құнілгері құмпітіп, пайда тапқысы келетін құмпілдек „достарымыз“ тағы аз емес.

Ауыр айып тағып отырган „құмпілдек достардың“ кейбіреуі осы үстел басынан табылып қалатынын мезгегендей болған бастығының бұл мінезін штей асығыстыққа, тіпті ағаттыққа болған Токторбай бәрібір бұл жерде веінен басқа әшкайсының бәденімен де, беделімен де көбіне қаримагындағыларды жасқап үстауды тауір көрсетін Құснідиновтың алдында сез бастамайтынын билгел соң, аздал қозғалақташ қойып, бірақ қорғалақтамай:

— Тергеу ісі толассызы жүріп жатқанға үқсайды гой... — деп сұрмулы жүэбен жашындағы облыстық прокурор Халисейтовке қаралған.

Халисейтовке осы арады тіл бітіп, бүқіншайлаған басын көтерді.

— Иа, иа... Тергеу аяқталып келеді! — деді!

Құснідиновтың миығындағы күлкінің орын тағы төрнеден шыға келді.

— Соңда сендердің аяқталып келе жатқан тергеу жұмыстарың мәни бізге не айтады?

— Тергеу барысына қарағанда. Дүйсенбасека ешкім қостаңдық, жасамаган секілді...

— „Секілді“... Немене, заң тіліне Хансейітov жолдас кірінгеш жаңа термин бе бұл?

— Толық жауапты тергеу жұмысы түбегейлі біткен соңғана берс аламыз, Мұбарәк Кәрімұлы!

— М-м... Бұндай жауабың да шүкір. жолдас Шерлок Холмс мырза...— деп. Құашұланов облыстық прокурорға атақты ізкесердің атағын оп-оцай сыйлай салып:— Өзге заңқойлордың қосып-алары бар ма?— деп сұрдды.

Небір қының, қиосызың маселелерді қарастыра да ежелден осындаі сайдың жаңылар, қалжыңқой әдеттінен таңбайтын Мұбарәктің дәл осы жолы да сол мінезіне баққаны Тоқтарбайғо налеңдей қисынды қөрінбелі. Бұғаш, әрине, обкомниң бюро мәжілісінде, бірақ бюро мүшелері тутелгес жұық, қатысып отырган шүгшіл маслихатта бүрінгіздай етін, маң, жемшеп... жағдайы емес, кісі філімі, оңда да осы жүрттыш көбіп көзтапасы, арыстай азияматтың қанылус қылымы жайында сез болып отырган жоқ па? Мұндаидай жерде кекесін, оспак журуш мәселе? Ескі мен жақаның жөнжосығына келгенде алдыңда жан салмайтын, дұрысы салдыргысы келмейни Мұбарәк ең күрмас Шеролішің рұмас ағайының Іспеттес болған Тоқтарбайдың алдыңда да аяғын жимаганы-ау. Екеудің оңаша Қолғанда, туралап айттылған өкпе-наездың толайын оңай көтеретін Мұбарәктің көшілік көзінше, айрықша реңми қызмет жағдайында оңайлықпен бетіне жан қарастайтын оркекірекпен белгіндіктен, бұл бірінші басшы айтқан тікірлердің ауқынышын ұзамауга тырысты.

— Эрине, сез бар ма, қыршынышан қипшакин жіліттің артын соудаға, ойынға айналдырмай, ақиқат жолымен салоат жасағаны әбден дұрыс!— деп өзінше кесемсіген еді.

Сырты — жыны, іші — жылым Мұбарәк осы арада күрдасының қоңыр ауданын тәл аңғарып, сол аңғарғанын өзі күні бүрін ойластырып қойған ариасына иіп әкеді.

— Менің де айтып отырганым осы той, Тоқа!— деп бірден байсал тартты.— Егер ешкімнің тараптынан қарсаулық болмаса, үзакқа созылап, халық, ішінде артурлі жайсайтын әңгімелер тудыра бастаган осы іске парижиялық, бақылау жасауды мен облыстық паритя комитетінің бюро мүшелесі Арыстанбеков жолдасқа тапсырсақ, деп ойлаймын.

Бұл — оміриңде заң-закон жұмысына тікелей араласып кормеген, тіпті қызмет бабында лажсыз тоқайласып қалған күннен өзінде бойын пулак ұстап, осы ретте туши-

дайтын мәселелерді басқалардың мойның артын құтылып кетуге тырысатын Тоқтарбай үшін тана емес, обкомның бірінші секретарының алапет кабинеттің жиналған өзге жөн белгілердің біразының құлагына да түрлідей тиғен тосын үсінген еді. Сыргтай қарғанды құллі облыстың ашса — алақаныңда, жұмса — жұдымында үстел отыргандай корінеттің Құснидинов кейде осынай елине еркелің етепті шолжың үлдай көтілік күтпеген төгөнше әрекет жасап, берар багдарынан адастырып кетер еді. Бірден қарсылық білдіру үшін оқталған берген Тоқтарбайды қолымен ишарат жасап тоқтатып қойған Құснидинов озиң оң жағында маңадан бері қабатын ашпай, тым-тырыс тырсының отырган қассыз қабадты, жуан сарыға қарай еңкейе түсті.

— Ермакан Жарбосынұлы, сіз бұган сіз не айтасыз? — деп еркінші мән беріп, салмақтап сұрады.

Бірінші секретариңдың соғығы сезін түсініңде төзімі таусылған кісідей, қайта-қайта қозғалықтай бистаған жуан сары осы жерде тамогына кептелеп қалған түкірікке шашалып, қатты-қатты жетеллі, комейшін пәзэр ашып алды да:

— Жә, айтсақ, айтайық... — деді. Деді де, отырган орындығын кейін жылжытып, бірінші секретарға желкесін беріп, ауыр денесін копшалықке қарай жылдам бұрып алды.

— Бұл Іске Арыстанбеков жолдасты араластырудың сіра қисыны келмес, — деп бірден бұлтақсыза бастады. — Туасы, беталысы белгілі болып қалған Іске обкомның еркінші бақылауы керек пе? Заң орындары-ақ, бәрін аяқтап шықпас па?

Мұны естіеңде, әлденеге тақырқалған кісінене, Құснидинов сол жақ қасының құйрығын көгеріп, алдында отырган жүртқа жағалай сыйнай қарап еткен.

Бұл жолы облыстық прокурор Хансейитов жылдамдық көрсетті.

— Ел ішін біраз дүрліктірғев мұндай Іске обком тарапынан бақылау қоюдың, меніңше, артықшылығы жоқ, — деп желкесін қасынды. — Бәріміз түгің түбінде партия алдында жауап береміз гой...

— Партиялық бақылау қажет болған екен, бұган си алдымен обкомның әкімшілік бөлімі қатысты емес пе? — деп прокурордың сезін жақтырмасын облатком төрагасы Жарбосынов тұздай көк козін прокурордың өзменіне шегедей қадал түсті.

— Обкомның бюро мүшесі Арыстанбеков Ермакан Жарбосынұлының тақиясына тар келіп отырганнан сау ма? — деп Құснидинов үстел басыпдағы пікір алысады әдей шиниршықтай түседі.

Жарбосынов тамаққа түйліп отырган кісідей ықылық атын, жұтына береді.

— Совет органдары араласпаған бұл іске ауыл шаруашылығы басқармасының не қатысы бар? — деді ақыр соңында.

— Ереке, Тоқтарбай ағаңыз әусіл бастап осы жұмыстың басы-қасында жүрген жаңашыр адам емес не? — Құснідінов сұраулы жұзбен облыстық прокурор Хансейитов қаралып көрді.

— Иә, иә! Дұрыс айтасыз. Бізге, әрине, обкомның қолқабысы керек. Ал Тоқаң болса мәркүм Дүйсенбаевпен қызыметтес, дәм-түздас дегендей... — Хансейитов енді аяқ астынан бәрін түсініп, іскер қалыпқа түсे қалыпты.

Бұдан арі Жарбосыновтың:

— Анырмай, а? — деп кеудесін селкілдетіп, отірік күлуге ғана шамасы жетті.

Тоқтарбайға бәрінен бұрын Жарбосыновтың шегініп бара жатып артына қарай лақтырган тас кесеп — осы „анырмайы“ ұнған жоқ. Анық мен сінібенгендіктен тұған аңы кекесін ретінде бағалап, сол жерде тарс етіп жарылыш кетүте шак, қалған. Бұрындары да бұған телефон соқса, есілгінің алдында отырган халпының қыздары: „Әлпі агромагроларың қайда жүр?“ деп сақыымазған сұрайтынын кеңседегі „салпаң құлақтары“ таллай жеткізген еді. Әрине, ресми баспадақтар тәртібіне жүгінсе, Жарбосынов облыстық атқару комитетінің төрагасы ретінде мұның үстінен қорайтын тікелей бастығы да, Арыстанбеков — онның бірінші орынбасары саналады. Бірақ бұл облыстагы шын бірінші мен шын екіншінің кім екені осындағы елеғе аяқ емес не? Білгісі келмейтіндер — осы Жарбосынов сияқтылар. Қораша енді, қораптан қарап тыныш отырган жазықсыз адамның қолтығының астындағы жүнш жұлқылойды... Түбі абырой бермейтін іске взінш де ықыласы болмай, тікелей бас тартуға әзірлене бастағанды, мына сары балшық келіп киілгіп (анау мұны сыртынин „Агромагро“ деп кекетсе, бұл оны сыртынан „Сары балшық“ аттыйы) толы әдастырып кетті.

Мұбәрәк қолында шыр айналдырып үстап отырган қызыл қарындашын алдында гостай салды да:

— Осылмен талқылау аяқталды, жолдастар, — деді. Артынша Тоқтарбайға қарай кепкі көтерді: „Сен сол кілде түр“ деген белгісі еді. Жүрг аяғы басылып, скреу оқаша қалған соң, ал ентігін баса алмай отырган облыстық басқарма бастығы:

Аббастың алдына талай барды. Аббастың түк қарсылышы жоқ, ол тек суланған қой көзін көтеріп табесіне қарайды — “бұл маселенің жоғарыдағылар шешімді ғой” дегенідесі. Қемекші қызметкердің Қажеттігін айттың бұл облысқа шабады. Облыстық партия комитетінің бірінші секреторы, мұның Мұбәрәк досы Аббастылап көзін көтеріп тәбеле қарнайды. Қызыл қарындашының шыр пінналдырып отырып, миңитінен күледі. „Немене, Қуандарияның бар жұмысы сениң тәбелесің Сансызбайыңда қарап қалып па?“ — дейді. Бұтан соңда ойламатан жерден облаткомыңың бастығы Ермакан қол үшін берді. „Штат сұрап, жан-жаққа отғолиділганды қойыңыз, Тоқа! — деді ол. — Бір инспекторыңызды қыскартып жіберіңіз де, соның оршаша қалған адамыңызды қызметке алыңыз. Оны қемекші атайсыз ба, адъютант атайсыз ба... онда өзге жүрттың диаласы қашшада?“ дегені бар емес пе? Ақыры Ермаканның айтқанын істеді. Ауаткомың үйымдастыру болмінен бір инспектордың орнын қыскартып, Сансызбайды Қуандарияға шакырган. Сойтсе, енді Сансызбайы ішлікіяды... „Ыңғаласыңызға бес раҳмет, кеке. Бірақ енді макан ит арқасы қиялдаты Қуандарияға көшіп барудың қисыны келе қоймас. Қалаға орналасып қалдым. Үй бар, жай бар... мектеп пен бала бақша қасымызда. Келініңіздің де қайтып қозғалысын жоқ“ деп быладырлайды бәшшегар. „Ау, мен сен үшін талай жерге шапқынап жүріп, бір штаттың қисынның азар келірдім. Мұның қалай?“ деп Тоқтарбай нәдзур ықыласын жерге тастауга зерттеган жігітке әуелде ренжін қалды. „Жағдай солай болып түр, кеке, ренжіменіз... Келініңіз киңбей жатыр“ деп Сансызбайды жыларманға барғасын, бойы сирыхтаған боксер жігітіміздің томашадай томпиган бәкене келінінен (бұрын таллай коріп. Қолынан дәм татқан ғой) аса алмаганына бір жағынан жаңы ашыды да: „Оңда, айналайың, айт-днаңмен жүре бергін“ деп бас бостаңдығын берген сыйынды еді. Артынан сүмірейіп Сансызбайдың өзі іздел келді. „Ақыры келініңізбен келсімге келдік“ деп ыржақ-ыржақ күледі. Тоқтарбай бұрынғы қемекшісін қызметке алмас бұрын: „Әр жұмысыңыңды бүйтіп келинінен ақылдасып істер болсац, омірі оцбайсың, білдиң бе? — деп қатаң ескертуге мажбур болды.— Егер ертең кеңседе көрғен-білгеніңді, естіген-сезгеніңді кешке үйге қайтқанда қатынның алдында ғыны беріш, отчест жасап отырғыр болсац, оған қатының өзінше шілір қосып, саган бас изетіп, жон сілтеуге үйренсе, сен ешқашан аутал-үйдің айналасынан үзап кетпексің. Бұтқыл өмірің айт-два мен өтеді де қояды.. Сорлы!“ Бұл Тоқтарбай тарашынан бірінші естіп жүрген арзан ақыны емес шығар, әйтеуір Сансызбайды

бұл жолы: „Құп, макұл“ дег бірден көліккен. Тоқтарбайға да көреті осы „құп, макұл“ емес пе? Дәл қарсы алдындағы қарма-қарсы болменің иес біріші орынбасары Айтуаровқа бұдан да горі кеңірек, жалпақ кабинетті жабықтотын бергізген де, оның орнына екінші рет қомекшілік қызметке қабылдылан Сансызбайды әкеліп отыргызған.

Бірақ үйімдестіру бөлінің қысқаруга түскен инспекторы ауатком жолдамасымен мамандығы бойынша жіберген жұмыска орналасудың орнына — жапжад шығарды. Жер-жерге арыздар жазды. Соңдай көзге шүкір көрсетепши: ауаткомның жаңа тәрағасы барып түрган топшыл, жікшіл (әйтеуір әзір мұты „рушым“ дег атауға аузы барманпі), түрлайы биорократ, адам қызметкерлерді қудлаушы, жонына жапымшаз жақтастарды жинауышымыс. Ауаткомда алты жыл жемісті еңбек еткен советтік маман қызметкердің (әуел бастагы мамандығын тіс техник скенин жазбайды, әрине) болс-шагасын шулатып жұмыстан қуады да, қайда бір қаңғып жүрген деге шынықтыруышылық, заочникті енбір штат кестесімен, қаржы корымен санаспай, өзіне қомекшілікке тағайындалған алды. Сойтіп, совет өкіметінің жергілікті құрылымына әкімшілік зорлық жолымен өзінің өзгеріс енгізеді. Ал бүлдай құлақ естіп, коз көрмеген бүрмалаушылыққа ауданымыздың партия һәм қасіподарқ үйімдари құдікті қөзжүмбайлықпен қорап отыр... тағысын тогы талай сүмдіктардың шетін шығарыпты. Ауданың бірінің басшысы: „Мына пәлені не Істейміз?“ дег бірер мәрте құлақ қарыс етіп еді, оныңын ауданың екінші басшысы елемейтідей сыйдай таңытқасын, осындагы жетілс мың халыққа иелік етіп отырган Аббастың да әлде бр ішкі есебі болды ма, жоқ әйтпесе мазасын ала берген қызмет көздің үшін өншрудің басқа тәсілін топғиады ма еken, әйтсеуір әлгі әлекшіл көп үзомай аудандық партия комитеті жолы болінің нұсқауышы қызметине жогарылап шыға келсін. Қарауындағы сыйырлактардың жеткізуінше, аупарлкомның жаңа нұсқауышы қазір ауатком болімдеріне жиі звоңдап, жұмыс бабындағы кемшілік-кемістіктерді тез байқагыш, сыйрап-минегіш мазасыз бірсуге айналыпты. Тіпті басқадар тұғыл, орынбасары Айтуаровтың өзіне „Өйтің, бүйтің“ дег нұсқау беруден құралактан емес көршеді. Әншсіндең бейтіл ауыз Айтуаров партиялай, қатаң сөгіс алғалы бері қатарданы нұсқауышының қоқан лоққысын слемеуге мәжбүр. Кейде оқешада: „Атаңа пәлет, атын-күміснен сауда жасайды... Үйіде керек-жарық қурадары бар, осындағы шөпке тышарлардың кобінің аузындағы алтын тістерді салып жүрген сол шошқа. Әттен, қолыма

түссе, аяmas едім!" дег кіжінеді. Сеймп, кешеп жасырын тіс технік партия отынан өзге сле нұсклу-ұлғи үйретпін жатқанға үқсайды.

Әрине, әрбір билеуші партия кадр тізгінің өз қолында ұстауда тырысатының белгілі. Тоқтарбайдың үгымында, коммунистік басшылық о басты „Номенклатура“ оталтың, баяның қаропайын сле болғаны-жарылудай ерсі көрінетпін күршымды о баста бекерден бекер ойлаған тапшага. Қазіл, ежелден „Мың қосшыға — бір басшы“ дес түспалда маушы ма еді? Басшыларды әйтпесе басшы болу қолынан келетіндерді алдын ала есепке тізіп, оқыту, үйрету, тәрбисалуді үнемі пазардан тұс қалдырмадың ішкәндай айын шамы жоқ. Осы күні тлагында біті бар талапты жастың, әйтпесе қолынан іс келетін белсенде азаматтың қайсысы партияның қазанына түсіп шықлады? Әрине, әр басшының тағдыры әрқалай: біреуі өрмелен биікке шықса, біреуі сол биіктен омақасын құлап жатады; адам боласы жүрген жерде арпалыс бар, арпалысқа түскендердің жекуі, яки жеңілуі анық. Бірақ о бастағы „ойшылдарныңдың“ орында жаратындысы — осы „номенклатура“ деген кереметің бірте-бірте билік басында отырған ортақшылдарныңдың ойынша айналып барады. Мәселен, вұдан мен облыстың сүзгісінін еткен кішітірім совхоз директорын, көкем-ау, Алматыға апарып бекітудің не қисыны бар? Немене, бір оуылдың басшысына күлі республиканың тағдыры қарап қалып на екен? Әйтпесе осындағы септ жылдық мектептің директорын тағайындуу үшін обкомның бюросына салудың не қажеті бар? Аудандагы совет өкіметін басқаратын өзі де, құдай ұргаңда, аупарлкомның келісімінде бір адамды қызметкे ала алмайды. Тап жаулары дегендегі баяныда асылып-отырып, сүнектері қуран құрып кетті. Күмән келпрушлердің бәрінің тәбесине су құйғанбыз. Соғыста жеңіске жетпік. Социализмің қызыл туын желбіретіп, коммунизмге қарай зырқырап тартып кетіп барамыз. Соңда кадр жөннідегі осындашылар „қыяратының“ хіміс керек? Әлде бұл, көрі коммунист Арыстанбеков, өзіне комекшілікке кімді таңдау керек екенші білмей ме екен? Совхоз директорына кімді тағайындуу керек екенін білмей ме екен? Шынымен-әк Алматы мен Тамсейтте отырған даулер қиялдагы Куандариядагы басшылық жүйесінс Американ империализмінің жақтаушылары етіп кетеді деп Қауітгенеді месекен...

Өзін әдесте одал ишті коммунисттер қатарына қосатын Гоқтарбай бәрімін партияға багынуымыз керек.

бәрін партия басқаруы көрек деген Қагидаға шеңберінен етс оңды қарар еді. Баяғыда хан мен сұлтанға, патша мен жандаралға бағыныныз. Кейін болыпевизмің билігіне мойын ұсындық. Бірте-бірте құдайды да үмыттық, заң атаулыға селқос қарауды үйрептік. Қорияларды сыйлап, вайтқан ақылдарының құлақ асууды өзайтып берамыз. Соңда мына жабайы слге партиядан басқа сыйышаттын кім қалды? Құдайдан қорықпасасқ, заң-зәкүннен аяқ тартпосақ, ескі дәстүрлермен журмесек, баяныда-ақ, тоғған құта айналып, Қарқындаған қара қаргаларға жем болып кетпес не едік? Партияға рахмет әйтеүр: Қорқытады, үркітеді, жауапқа тартады-бәрібір, бүтінгі тұрлігіздің аудармалы-тәңкермелі таразысшы ислік етіп, әрдайым тенеп-тенігеру мүмкін болмаганимен де дәл соңдай тенеп-тенігеруші тарзбанымыз бар деген үмітті билайтын момин көпшілік піц көңіліне үялатып келеді. Бірақ о бастағы ойшылдарымыз ойлаған тапқан оңды қагидалар бірте-бірле билік басында отырган ортақпінадарымыздың ойынына айналып барға жатқаны тапырас-ау. Әйтпесе жасырынып жүрген тіс техникінің сиди партияның атынан сез сойлесі, жеке басының Қарымын Қайтару жолында тыраштағута мүмкіндігі болар ма еді?

Әйтсеүр күн откен сайын сұрақ-сауда дегендер балалат кебейшін бароды.

* * *

Бұғын аудакоммыңқ мәжіліс залына балалар мен анилар-даңың еңбегі мен түрмиси, алеуметтік мүддесін қорғау жөніндең аудақық советті; тұрақты комиссиясының мүшелері, бала бақшаша, оқу-агарту мекемесінің қызметкерлері, колхоз, совхоз басшылары түтел жишилді. Күн тәртібі бойынша аудандық атқару комитеттің төрагасы Тоқтарбай Арыстанбековтың азі баяндама жасаған. Көпшіліктің шамолауы бойынша, бұл біраздан бері естімеген, құлаққа тосындау, еткір сез болды. Құлаққа тосындау естілетши себебі — баяндашының аузынан шыққан әрбір лебіздің сонымыты, әйтпесе смышылдық, тұздымының молдығы да емес, бүріншідәр Құния саналынып, жогарыға берілген есептерде жеке тармақтардаған қорсеттілестін қорсеткіштердің сүмдік сорақшылығы еді. Баяндамашының айтуышша, Қуандырғы ауданы балалар өлімі жөнінен құллі Тамкент облысында пілдіна жан салмайтын озаттар қатарында екен. „Озаттар“ деген сөзге баяндамашы срекше мән беріп, қілдіріс жасап отп... Оның басты-басты себептері де бар екен. Менлекетке жылына пәленбай

жүз тонна ет, сут, сары май, қауын, қарбыз, сәбіз, картоп өнімдерін өткізіп отырган аудашың жас сәбілдеріне қынқөріске қажет витамиңдер жетіспейді. Эрбір тірі организм өніп-есіп, Қатарға қосылуы үшін оған тәулігіне баленбай калорий қуат керек болса, Қуандарияның ерекшелектерінде тұрғышдары түгіл, сәби балаларының өзі сол мұктаж нарселерді жарым-жартылап әзер тауып жесс керек. Мұны, әрине, Арыстанбеков ойдан шығарылған тұрган жок; статистикалық, шылды міндеттер осылай сайдайды.

Мал өсіре білстін қазақ мал өнімдерін қалай дайындауды ұмыта бастаған. Қазір күбі пісіп, май айыратып, ірімшік, сүзбес қайнатып, құрт жаятып үйлер некеп-саяқ. Ал жылқы ұстаганмен, сабада қымыз пісүді, түйе ұстаганмен, күбіге қымыран ашытуды ұмыта бастағын. Тіпті басқасын білдай қойғаңда, бидай яки жүгері жарып қайнатып, үстіне айрап құйып, көже ашытудаң не қындығы бар? Ақ тарылай жасалған ашымал сусынды көрмегелі не заман? Еолымдардың айттынша, ежелгі даалықтардың осындағы үлттық тағамдарында ерекше қуат қана емес, емдік қажеттеге де мол десед.

Ені егіп, бау-бақша өсіре білетін қазақ жеміс-жидек өнімдерін қалай дайындауды ұмыта бастаған. Өрік, мейіз, шабдалы, помидордың сұрын сыйып, шәрбат сусындарды шыны ыдыстарға құйып қойып, жас босаңған аяға, бұнын бескін болаға шікізу қазір біздің өзіміз түгіл, түсімізге де кірмейді. Ал есік алдында ірін пісіп жатқаң қауыншаш қақ тілудің, қауын құрт қайнатудың қандай қындығы бар? Әйтпесе сол қауынның шопагып көнтіріп, қазанға құтырып, келіге түйіп, сұға қосып бірер сағат қайнатсаңыз, бетіне көлкін қою майы шықылаушы ма еді? Сол майыңыз болалардың асказан ауруларының бірден-бір дұласы емес не еді? Кәдімгі аскабақты қайнатып пісіріп, оның сары етіп сүтке былагап берсеңіз, сіздің болаңыздың ішінген бауыры құлан таза жазылып кетпесуші не еді? Аскабақ жеген оқтустіктің қазагы „сары ауру“ деген налекетінді бұрынды-соңды естіп көрмеген. Немесе қазір шошқаның жемине қосып беріп жүрген жүгерің жас собығын балалығында қайнатып пісіріп берсеңіз, собықтың шашамын көптіріп қойып, шәй орнына демдел шисеңіз, бірдемеңіз қисайып қала ма? Соңда бүйрекшіз жақсы жұмыс Істеп, тас, күм жинау дегенді білмес едініз.

Бүршилдері аңда-санда бозага тойып алып, ауыл-үйді аралап қызыра бартіп жүрген біреуді көрсө, қожа-молда-мурдың талқысына салып, мұсылмандақташ шығарып жібере жағдайтын қазақтың біразы енді „Ақмағамбет“ атаған зәрлі суды сүйегіне сісеріп, біржола азып-тозуга

айналды. Қуандарияда, мысалы, пәленбай жүз маскүнен айрігерлердің есебіндегі тұрады. Сол вакаштардың сөздегүгө аудан бюджетінен пәленбай мың сом қаржы жұмсалады. Аудан орталығындағы сауыктырышқа күніге пәленбай адам түсіп, күнің пәленбай әдам маскүненің жатдайында қылмыс жасайды. Жылына пәленбай маскүнен арақтаған уланын өлсе, пәленбийн „әк селкілдек“^{*} деген кеселге үшіраган. Осындағы кеселге үшіраган кесапатты ата-аналардан жынына пәленбай мүндең бола туады екен.

Ауданда нашақорлар мен наркомандар бар ма? Олардың есебін алғып жатқан ешкім жоқ. Қекнордың жапырапын кептіріп шэй орнына демдел шетін, әйтпесе аузынан тарының түйірлідегі анының тастап жіберіп, есік алдындағы талдың колесінде шырайдал үйінде тағаттың бірен-сарал шол-шашқандар жоқ, емес шыгар. Бірақ әзірге — тіфа, тіфә! — қалың елдің кебісі мұндай індеттен бейхабар. Анаша деген есірткінді кәдімгі көндір шөптен дайындаиды екен гой. Аллада бірлі-жарым өсетін көндірдің тұқымын біздің күрішке қосып беріп жатқан гербшіндегілердің біржола құртып жібергені қаңдай абырой болған!

Ендеше, өзінің келешегін үмітпілайтын халық, бүтінгі үрпағының қалай осіп-өніп жатқанына немікүрайдің қарай алмайды. Рас, аудаңдарғы ана нең бала хұқы, онның ышынде кеп балалы үй шилдеріне, бала бақшаларға көмек көрсету жөнінде аудаңдың союз таралынан талай жақсы шешімдер қабылданып, шаруашылық, нең мекеме басшыларына нақты міндеттер жүктелген. Бірақ сол міндеттердің орындалуынан орындалмaganы көбірек скептін ауаткомының тұрақты комиссиясының мәліметтері тағы дәлелден беріп отыр. Ауаткомының торагасы осы бастап ескертеді: омірі таусылып бітпейтін объективті, субъективті сыйлаударды тыңдуга мұның уақыты да, құлқы да жоқ. Кімде кім бала бақша жасындағы балаларға жәрдем жасаудан бой жалтарар болса, ондай мықтының партиялық мәселесі аупаркомының бююксінің, ал қызметте қалу-қалмау мәселесі ауаткомының президиумында көролатынына бұл. Арыстанбеков басымен, толық уәдесін береді.

Тоқтарбайдың үзақтау, бірақ әртүрлі мысалдардың мүрінен тізбектеген тұлдықты баяндағасын мәжіліс заңында отырган көшіліктің ықыласпен тыңдапын анық еді. Жалпы көшіліктің мақтау сезден төрі сыйнау сөзді көбірек үштаттың белгілі. Бірақ, Тоқтарбай бұл жолы

* „Ақ селкілдек“ — “белая горячка” дегені.

тыңдаушысың қөңілін аудап, бүршілларға қараганды озін тұрашыл, іскер көрсету үшін бір жарым сағат бойы ағаш мінбеге мініп алып, сұңқылдаймын деп ойдамаган. Эдette жалпылама жария етле бермейтпі мәліметтерді — орынбасары Айтуаровтың „Қолай болар екен?” деген күдігне қаримастан, жеке басының жауапкершілігіне алып — осы жиынға қатысушылардың көзін жеткізу үшін қайта-қайта қамырдай илегендегі мақсаты біреу-ақ; бәрі бірдей түзеліп бірден оқылыш кетпесе де, ең құрмаса ақыннан айту. Алдыңыз ақыннан таптың білген жүргіт қаңа есін жиып, түйкітан шығудың жолын іздей бастамауша ма еді?

Баятідамадап соң мінбеге біршіл болып осындағы „Гигант” колхозы басқармасының бастығы Аппаков көтерілді. Бұтшы тоғызыныш май смес, соңда да Аппаков әлденеше жауынгерлік жарқыл-жүркім наградаларын омырауына самсатып тағып алығты. Үстінде баяны елуіш жылдардың модасы — ақ, жібек жүқа костюм. Тік жағалы ақ, койлеғінің түймесі салынған, омырауы алқам-салқам. Мінбеге шыққан соң да: „Міне, меш көрдіңдер мә?” дегендей, киадей қак орнамен теріштегі жылтыр мәнділіни, қыртыстанған майлы мойланың сүрткілен үзак, тұрын пасын. Аузын желгे толатырып, аңда-саңда „үф! үф!” деп үрслеп қояды. Шынында да кісіге алықа толған заңдың ішін қапырық басып, ыси бастаған еді. Ашық, терезелерден ап-топ ыстықтан басқа леп соқлады.

Президиум столының дәл ортасында отырған Тоқтарбай қысқа мойнын созып, қайта-қайта мінбеде түрган түйедей кісігө көз гастайды. Сүйсіне қарайды. Шыныпқа замана қигаш түмсанды (Аппаковтың жіптік дәүрөні бес жылдың алғаш соғыс түсінің туралымен көлемегендег), бұл, балқым, қазақтың түис палуандорының бірі болар ма еді. Қайтер еді? „Қырық, тоғызыныш жылғы ауылға Қажымұқан келгендеге, шалығын мен күрестепекке ойым кеттін, аруақтың белінен үстасам, бір болеге үшырап қалармын деп өзімді әзер тежедім” деп бірде мактаниңқыраптап айтып отырғанын естігені бар. Айтса айтқондай-ақ, қой сабазыңың Қалқиган құлақ анау, қотпарманған жуан желке анау! Эттең еркіше сәміріп, жуандап кеткен. Эйтпесе кеудесі көріктей, аяқ-қолы томардай, екі бұтышың арасынан кішігірім арба отіп кетептідей мына алпамсаны қазірдің озиңде күрсекке салып жіберсе, осы күнің ши борбай „шімпиондарының” біразы Аппаковтың астында қалып олер еді. Билемдегі қас анау, быттыған бітік көз анау, бүйрек беті жұдымықтай белішп тұрады... жары-жагалаудай... жалпақ, мүршінің тесірі — үңіпредей... Аппаковтың

пақов осы Қалпынша қиссаларда айтшлатын баягының ба-
тырларына да үқсайды. Бір айыбы: осындай бұылтық
бітімді батырдың иегі тып-тыйпіл, жайпауыттанып
өзешіне барып Қосылып кетеді екен. Даусы да пәлендей
зор смес, орташа естілер еди.

Озинң түр-тұлғасына, жүргендердегі сыртқы сыйпаттың
ман бермейтін есі бүтін пәнде бар ма? Тоқтарбай да өзінің
бет пішімінен аноу айтқаңдаір оқылық көрмейтін. Бірақ,
спраң жаратылғыс бүтін әуел бастон бой жагын қимаган.
Әсіресе жас кезінде бойының қоржштығын қорсынып,
төзірек исsem екен деген есек дәмемен күшіне әлденеше-
рет түрник темірлерге тартылып әуреге түсетін. Аяқ-қолы
недәур жуаңырап, бұлшық еттері қатайғанмен, бұл бәрібір
сүңғақ жіпптердің қатарына қосыла алмады. Содан ба,
әлде басқа себептері бар ма, айтеулر Тоқтарбай жасынан
балуан бітімді, бойлы-сойлы жігіттерге қызығын, іштей
қызғанып есті. Ессеіе келе қызғаныш ұмытынып, қызығу
мен сүйсінуі ғана қалыпты.

Аппақон сезіші бастады. Әдептегідегі алғышартын, саяси
шоқпісін келістіріп алды да ("ауды шаруашылығын интен-
сивтендіру жәнеңдең март плеіумының шешімдеріне орай"
деген секілді), бірден күн тәртібінде түркап кокейкесті
мәселеғе қатысты өзінің кесімді пікірін айтты.

— Көптен бері естуге зар болып жүрген ақиқи сезіді
бүтін Арыстанбеков жолдастың аузынан естілік. Ол үшін
Ошың атасына мың да бір риҳмет! — деді, мінбеде тұрып, ал-
дымен өзі гүмпілдегі қол соғын қойды.— Жаңа бландалама-
шы өз сезінде біздің жас балаларымыздың әлжуаз,
болымсыз болып өсіп келе жатқапына бұлтарғас айғақтар
кеалтірді. Ал сол балаларды топырлатып туып жатқап
қатындарымыздың жағдайы қандай? Жақында мен, күріш
өсірудің жағдайымен танысу үшін бір топ ғұламалармен
бірге Жапония деген жапандығы мемлекетке барып
қайттым. Күріш өсіру жағдайын жапондар бізден жақсам
білмейді екен, жолдастар. Олардың егетін күріші күріш
емес, күрмектен сәл-ақ ылгер, соп-сопак, қамыр секілді
жүп-жұмсақ, бірдеме әншнейін.. Тәк што жапондар бұл
жағынан бізден үйретіні керек екен. Бірақ менің назарым
бірден түскені, жолдастар, жапонның қыздары, тойыс
қатындары болды...

Жас шамасы алпыстың аулына барып қалған Аппа-
қонтың аузынан шыққан түрлішталу союғо залда отырган
жүрттың біразы қол соғып, гүлдесіп, күлісіп жатты.

Аппақонтың өзшіл де бітік көзі жылтырап, бет-жүзі
жылып сала берді. Даусы да жас жігіттікіндегі қырылсыз,
таза еспледі.

— Ойбай, жолдостар, жапон қатындары шегисин сұлу, жібек орамалдағы сүсіл, үлбіреп түрөдү екеп. Денелері ушадай аппақ, беттері аришыған жұмыртқадай, сіндері ши-едей Қыл-Қызын, көздері жұлдыздай жарқырайды...

— Аптырмай, а?

— Элекең ерсінде байқапыш екен-ау!

— Қүлешін дәнемесі жоқ, жілгітер. Бізге түсіндірулери бойынша, жапон қатындары, оның ішінде балалы аналары ерекше күтімде болады екен. Барлық дәмді ас-ауқатын жапондар балалы аналардың ғузына тосяттын көрінеді. Рас, жейтілдері кілсін балық, шөйт-саламға үксайды... Бір аптағың ішінде аузымды толтырып асайтын майлар ет көрмей, менің өзегім талып кете жаздады. Ал ол шіркіндер бір балықтың басын мұжіп жессе, шіректіп тойын шығын келеді екен. Бірақ менің айтайтын дегеінш ол емес...

— Енді иемене?

— Ток, етері қайсы, Элеке?

Қандай бір байсалды-бейімді мәселе қозғалмасын, Аппақонқа соз тисе, кілең көңілді әңгімелерді естүте үйренген осындағы көпшілік таты желишке бастағы. Аппақов та өзінің ежелгі мінезінен жаңылар емес.

„Мына сілтір қайдаты-жайданының пітін, әжептәуір маселеміздің берекесін қонышырап ма екен?“ дег күдіктенген Тоқтарбай алдыңда түрган су қуынды графинің қолындағы қаламсабының үшімен үрып тақылдатып, жүртішілікты тыныштықта шақырды.

— Менің пітінің, жілгітер,— дег Аппақов енді мойын созып, мәжіліс залын көзімен жағалай шолып отті, кешіріңіздер, әрине.. Осында біраз қатындар да отыр екен.. Бірақ бұла сөзіміңің сіздерге түк қатысны жоқ, қудай ақы.. Неге гана біздің қыздарымыз бен аналарымыз жапоншаң қатындары секілді шетінен үзіліп, үлбіреп түрмайды? Жапонда жүргенде маган осындағы ой келді, жілгітер. Тіпті қатты қала болдым десем болады. Мұның себебі де осында отырган бәрімізге ляй. Біздің қат.. тойың қарындастарымыздың бейнеті ете ауыр: шыжыған ыстық, күнде мойындарына қашық, аргып, мақта теріп жүретін солар, масақ теріп жүретін солар, моялаш шоп жинап, Корол-Коңыларда көң қораратын солар. Басқасын билай қойтаїда, темір жол бойында шпол арқалап, дәу темір балғалар арқалатын маржаларды көргенде, сіздерді қайдам, жолдастар, менің жылағым келеді. Рас, асғылды Қайнатып, жол төсеп жатқан қазактың қыздары әзір көліме түскен жоқ. Бірақ, тракторлар мен комбайпдардың ролін бүролап, зорығып жүрсөн қароқоз қарындастарымыз осы біздің аудиніміздә да аз емес. Басына бөрік киген ер-

кектеріміз екі қолын қайда қоярға білемей, көшө көзін, кек баталке іздеп жүреді. Ал біз ұлмай-қызармай: „Қыздар, темір тұлпарға міншілдік!“ деген аттан саламыз. Бұл неғылған соқыр саясат дегі ойлаймын мен кейде? Трактор айдан, пұыр темір көтергел қыздарымың ертең қайтпі ана болып жорытпақ? Осындай ауыр сілбек істеп, еңсесін көтере алмайтын біздің салпы етектеріміз қайтпі қана жапонның қарықең қатындарымын тәсеспек? Оңда барсаң, кілсін үріп ауызға салғандай үлгілдек сұлулар. Мұнда келсөн, кілең баттандаі батпақ қаралар... Еркегіміз қайсы, үргашымың қайсы — шешіндіріп көрмесек, айыра алмайтын дәрежеге жеттік...

Зал ішіндең ғул тағы кебайе бастағасын. Тоқтарбай мінбеде тұрган шешенге қараң қабагын көтеріп, ескерту жасады:

— Аппаков жолдас, нақты ұсынысызыңға көшіңіз!

— Нақты ұсыныска көшсем, менің айтатыным біреу-ақ; еркек алдыңын еркек болсын, айел алдыңын айел болсын!

— Бар айтатыныңыз осы ма? — Манадан беріп Аппаковтың аузынан шықкан әжептауыр магиолы, бірақ олқылы-толқылы естілген создің қүйілар жерін күтпі отырган ауатком тәріғасының көңіл кәдімгідей қоңылтақсып қалды.

— Ал басқа не көрек? — Аппаковтың айласы ма, алде шын аңқаулығы ма — сұраққа сұрақпен жауап берді.

— Өз колхозызыздагы бала бақшаның жағдайы қалай? Жапонның айсалдерін осыншама ұлқы сыйпаттағаша, буднилік советтің шешімдерін қалай орындал жүргендерицизден аз-мұз хабардар етпейсіз бе?

— Болады.— деген Аппаков басын изеп, ақ жібек костюмінің ішкі қалтасынан қызыл тыстық қойын дәптерін шығарып, асықпай параптай бастады.— Міне, мұнда бәрі жазулы тұр... Мәселеңки, колхоз орталығындағы бала бақшага күніге қанша літір сүт, май бөлінеді... шәй, қант, пешеней, кәмпіт-сәмпіттің қаншасы колхоз қаржысы есебінен сатып алынды... Бәрі тән-түйнақтай. Бұл жағынан, Тоқа, есте қам жемеңіз! Аппаков тірі болса, „Гиганттың“ баласы да, анасы да авш қалмайды.

Алғаков бұдан соң қызыл тыстық қойын дәптерін сарт еткізіп жағтты да:

— Е, мұның посін ежіктен берсін... Осында біздің колхоздың бала бақшаша менгерушісі! Жолдыбаева жолдостың өзі отыр. Арыз шағымы болса, айта жетар,— деген, Жолдыбаеваның арыз-шаптам айтпайтынынша әбден сенімді ері өзінің бүтінгі мінбеге шыққандарғы міндеттін мұлапқсіз орын-

Алған тоқмейіл қөңілемен мінбеден сұтының үзай берген еді. Дағ осы жерде озат шоруашылықтың айрықша қамқоршы болып көрінген бастағын бүтін сірә күтпеген, мәжіліс залыңда отырган көншілікті тағы да біраз гүлдеткен оқыс оқынға болды.

Аппақов шайқатылыш президиум столы жөніндегі орнында жоқынадай бергенде, мәжіліс залыңында орта тұсынан кекала көйлек киген бір айел сыйзының тұра берді де, едәнгі барі естірлік ашиқ, биік друыспен:

— Элеке! Асықлаңыз, менің айттар арызым бар! — деді. Ал памсадай Аллақон аяқ астынан авалактап, құдрип қалды. Залға қарай бұрылыш:

— А?.. Немене! — деді.

Аппақов, орныңызға барып отыра берініз, — деп мәжіліс басқарушы кеколда койлекті әйелге қарай иегіп көтерді. — Ал сіз залдағы айқайладамай, мінбеге шығып сийлеңіз. Жолдастар, бәрінізді тәртіп сақтауга шақырамын...

Тоқтарбайның қасында отырган орынбасары Айтуаров бұған қарай еңкесіп:

— Аппақовта мій жоқ, қой! — деп сибыр ете қалды.

— Неге? Жаман сейлекен жеке. Ауаткомың позициясын қолдады.

— Оны айтпаймыш...

— Иә?..

— Жапондардың қатынын мақтаганша, қасында жүрген аппақ сұлуды неге көрмейді, көрмәдік болмаса?

Тоқтарбай түккес түсінген жоқ.

— Мінбеге, мінбеге қараңыз... — деп Айтуаров сибырын үдете түсти. Әдденеге демі жилем, мұрны да шуылдай бастаған орынбасарының нұсқаумен Тоқтарбай мінбеге қарай көз тастаған.

Шыныңда да жеңілтект мінезді орынбасарының демі жилем, мұрны шуылдайтындың жөні бар екен. Агадай аяқ тастам жерде, атқару комитетинде мәжіліс залыңдағы қырық жылғы көнертеген ағаш мінбердің президиум столы жаңындағы қалталына аппақ, белегін артып тастап, аспон-ши түскендей бір ақ періштө түр еді.

— Аұрыстап қараң алғаңыз, Тоқа... Ауданымыздың атын шыгарып жүрген атақты әңшіміз Жолдыбасна Сәлима деген сұлакымының оғы! — деп, бастылғының қолтынын кіріп алған, негізгі ақылшысы әрі сибырлалушыны дәрежесіне жетп қалған Айтуаровтың аузында дамыл жоқ.

Айтса айтқандай екен: Сәлима шыныңда да сымбітты келішектей көрінді. Айрықша бадаңадай жарқырап,

шүғінде шашқан шаралы үлкен көздері қарған жерін Қарып жіберерліктей әсерлі екен. Жылтыр, аласалау мәндайлар тік түскен қыр иұрының желбезегі кеңдеу секілді. Қып-қызыл оймак аузы топ-томпак, „мешіл сүйтсі“ бейім. Қигаш қастарының айналасын жұлып, жиңтей жиңішкертпін қойған. Қалың бүйра қолаң шашын желкесінен қысқа қырықтырылты. Бетіне опа-далапты мол жағын, төгістеп тастаған ба, жоқ әлде жаратылышынан со-лай ма, айтеуір жасы отыздың ортасына барып қалған әйелдің ажарында жалғыз снызык, әжім бойқалмайды, ор-шыған жұмыртқадай аппак, толық екен. Етжеңділіпн сыртқы сыйның көзден жасыржысы бар ма, әлде дәңгеленген құс кеудесін бұдан да биіпрек, көз қызығарлық, көрінекті етіп көрсету үшін бе — білемдей жалпақ белбеумен белін қытай тарғын алыпты. Орта бойлы, дене бітімі тік, тузу көрнеді.

Шынында мына Сәлима секілді келіншектер Ал-паковтың әлпіде аузының сұйын ағызған жапон қатындарының талайын жолда қалдыраған еді.

Айтуаронтың аузына әлі тыным жоқ. Мінбеке шыққан Сәлиманың сезін тыңдатар енес.

— Намыз қазақы сұлудық өзі гой, штркін!.. — деп әліп-ешіп барыды.

Тоқтарбай бұрыннаң „қазақы жылқы“, „қазлқы қой“ дегенді естіп жүруш еді. Айтуаронтың „қазақы сұлу“ дегенін онша үқнады.

— Оның қоідай болушы еді?... — деп сұрады.

— Ыстық-суыққа бірдей, аяқ-қолы болғадай, құшақтасаң құшығын толатын, көнбіс пен көтерлілерді осылай атоймыз гой, Тоқа!

Тоқтарблы миығынан құлді де қойды. Артынша түсін жиын:

— Жарайды, тыңдайық... — деді.

„Гигант“ колхозының бала бақша месігерушісі ашық, әдемі даусымен колхоз басқармасы бастығының атына айттар арыз созін бастап кеткен екен.

— ...бұл жағынан Әлекене өкпеміз жоқ, оныңе. Қүнде таңдерден біздің бала бақшамызға үшінші фермадан жаңа сауылған сүт жеткізілп тұрады. Жеміс, жиңек, кекеніс жағынан да тарығып көріліміз жоқ. Бірақ біздің бала бақша орналасқан вікінген ескі үй қыс бойы бір жылды майды. Коммунизм орнатып жатқан мына жақсы заманда, осы қүнде шейін кесек пешті қолдан жағамыз. Бөлмелерге темір кеңірдектектер — бүмен жылнитын жылу жүйесін тартқызып беремін деп Әлекен уәде бергелі, міне, үш

жылдан асып барады. Ол уәденің аяғы сыйыр құйымшаштанып үзілуге айналғаны қашан!..

Алдыңғы Қатарда отырған Алпақов дәл осы арада астынан су шыққан кісідей ырышып тұрып:

— Ойбай ау, оғоз қаржы жетпей жатыр гой, Қаржы!...— деп дызалақтай бастап еді.

Жолдыблена оның сөзін естімеген кісіше:

— Қысты құні бала бақша жасылдагы балалардың жартысы ауырып үйінде жатады. Ауырмагандарының өзін үйлерінде кемпір-шалдары бәр ата-аналар бала бақшага қармай аттаптайды. Енді қайтсін!..— деп, саңнада монолог оқыған артысше сақылдайды.— Едесіміз жап-жалаңаш, сұп-сұық, сыздың ғрекізден үлдесін жел соғады! Сұмдық! Жас бала тұғыл, тарбиешілеріміздің озіне сұықтиш, аурудан қолдары босамайды.

Жолдыбаеваның ершеленіп, бояуды тым қалыңдатып жібергенни шыдмадаған Алпақов бұл жолы:

— Ойбай-ау, бұрынғы бас бұғалтірдің үйін осыншама сүмірейтіп жамандараның не, Сәлима-ау? Бапалақов жолдас сол үйде ол жыл тұрып, жеті-сепз баланы аман-есеп есірді гой!— деп шырылдады.

— Оңда осы ескі Қыстауинна Бапалақов жолдас қайта көшіп келіп, анау ішінде моншасы бар, темір кеңірдектері ғозбен жылтып сөзіз белмелі үйін бала бақшага берсін! Борібір сол үйді ол колхоздың тегін ақшасында салдырып алды, ез қалтасынан көк тиінші шыққан жоқ...

— Ойбай-ау, Бапалақов жолдас колхоздың бас маманы әрі көп балалы семья...

— Оның баласы біздің бала бақшамызға қатынайтын сексен сөзіз бүлдірішшеп көп смес шығар!

Бүгін әженттәуір басталған сөздің беті бұл бағыттан ке-те берсе біржола бұзылатындар, саяси ариадан шынып кеттіңдей көрінген соң, мәжіліс басқарушы осы жерде кимелені:

— Жолдыбаева жолдас, құн тәртібін сақтаңыз!— деп ескерту жасаган.

— Ал мен құн тәртібшін шыққаным жоқ!— деп мінбеде тұрган шешен ыс-шала жауап беріп, жағалай отырған копшілікке қарады.

— Айтсын, айтсын!

— Ау, бізде демократия гой...

— Аузына қолқын болмаидар, түтсі! Көпшіліктің ыңғайын байқаган Тоқтарбай да мәжіліс басқарушыға қарай бұрылып:

— Бүгін ешкімінің соғын белмеіз,— деп ескерту. Аузы

батыр көркем келішектің дәл қазіргі мінезі ауаткоммың төрагасына үлай бастага.

Мәжіліс үстіңдегі азынаулак үзілсті пайдоланып, бастығының Қасындағы өсекшіл орынбасары кезекті ақпаратын мұның құлагына сыйырлағы жеткізіп отыр.

— Байы жоқ... Менсінбей құнып жіберген деседі. Мектеп жасындағы үлымен екі болмен оңаша үйде жалғыз тұрды.

— Оны қойдан білесің? Үйшіе түнен шығып да сәлік?

— Түлемесек те, естіміз гой... Құлагымыздың тесігі бар.

— Иә, иә?

— Бойыңдаты жалғыз міні—байгүс көңілшектесу... Көңілше жаққан ерек қоқа салса, қолып қақпайды. Енді қайтсан... уылжып пісіп отыргап шағында байсыз қалса... қайти сузының қалдырар ләззат іздемесін!

Орынбасарының соңғы сөзі, неге екені мәлімсіз, бастығына шаштудай қадалды.

— Догар!— дес тиып тастады.

Осы құнып әр басшының сенимді серігі бір жағынан кеңсе ішіндеға емес, кеңсе сыртында болып жатқан оқигалардан, іс-әрекеттерден, өсек-аяндан дер кезінде бастығын хабарлар етіп отырғатын саққұлак тыңшының қызметші отқарашына да Тоқтарбайдың біраздағы бері еті үйрепін кеткен. Былайша өсекшілердің сыйыр-күбірін ұнатта қоймаганмен, сенимді қодан анық ақпарат алып отырмаса, әрдайым алды-артынды шамалап, жаңылыссыз қадам басудың қыны екеніне көзі жеткеш қашап. Бірақ, үнемі ақпарат айтушының ақылымын жүре бастасаң, жолым қысқарды дей бер... Тыңда, біл, салыстыр, тексер, көнілді жеткіз— соңғы шешім ақпаратшының үзгайында емес, өз ақыл-ойнаның, өз ар-үйтінің ырқынды болсын. Осының ерекше қыны, ұстараның жүзінде турғандай негайбыл шаруа екенін іші құрғыр сезеді-ақ. Тың тыңдаушының десенімен жүргің келмесе, оны неге жіңі тыңдаїссың? Тың тыңдаушың адап, арам пікірсіз болса — жақсы. Олай болмаса қайтерсің? Тың да бар салмақ, өзиңің миң мен жүрепіңе түседі.

Әсіресе жаңа өрісті игеріп, жаңа жұмысты бастаган тұста Айтуаров секілді “тыңшылардың” көмегіне (жарым-жартылай болса да) мәжбүр. Жаңа түрмистың үңғылашындың біліп, кімнің кім екеніне көз жеткізіп үлтргеніші, көңіл сенген жақындарына сүйеніп, кейде ежіктеп сұрунта, қазбалап, қазымырлануға да тұра келеді. Қуаңдария о баста Тоқтарбайдың да түған топырағы екенін рос. Бірақ қызмет бабымен үшік жылдар сыртта жүріп

қалды емес де? Ауылдағы шал-шауқандар, құрдас-заман-дастары болмаса, мұндағылардың көпшілігін, тіпті іс басын-да жүрген атқамінерлерін де жақын түстен тоғымайды екен. Соңдайда осы ауданды пәлен жыл қызмет істеп келс жотқан орынбасарының «қарартына» сүйенбегендегейтеді? Оның үстінс, орынбасарының бір оқтайлыш жері— Айтупров ара ағайын, бул ауданды тұган-тұнскаңдары жок. Ендесше, оны ескі қазақы жолмен „Пәленшеше бұра тарта-ды, төлеңшеші қасақан гайбаттайтың” дегі кінәлаудың қисыны көлиңкіремейді. Эрбір үшшырасуларда, осындай жи-ши үстінде кездескен кісілерге Айтұаров оқыды-оңсыз мінездемелер берсе бастаса, Тоқтарбай да оған құлақ, то-сып отыруға үйреніп алған. Ұқытылы берілген әқпаратты бастығының бас изеп тыңдайтынына орынбасары да үйреніп үліргеен.

Бастығы аяқ, астына! „Догар!” дегі жекігендеге. Айтуп-ронтың еңсесі түсіп кетті. Бастығына қай сөзшің жағымсыз тигенін түсінбейді Қанша тыраштапып, алдары-на түсіп жүтргенімен, осы уақытқа шейін зор дөкейлердің көзіне түсіп, оншилдықты орнықты беделге қолы жетіңкіремей келген жігіт ауданға жаңа тәрага келгелі бері бірақ жалкесі құдірлейіт, езінен шеші төмндерге қүш көрсетіп қоюдан да құралақан емес еді. Ауаткомның жаңа басшысының денесі шатын болғапмен әуелден-ак, алды— кең, жайлы кісі көрінген. Эйтсур мұнымен кез келген тақырып тоңғергіде сөйлесіп, мұн-шерінде тарқатуға болады екен. Бұрынғы бастық та пәлеңдей тұрпайы, догар адам емес еді: әйтсур не айтсан да ырқылдаپ құлс беретін. Бірақ, бір мосолені өз ықтиярымен шешіс алмайтын, сің артисы көріп аудаштан сатып алғанған күрші тұқымын колхоз, союзға болиске салғанды да бір килограмм астық, артық-кем кеткен біреу дау шыгарса, заресі үшіп кететін, „ойбай, райком биліп Қалмасын!” дегі Қайта-қайта қақсаудан жағы талмайтын жалтақ жазғап еді. Эсіресе кемпілікті айтуды да, тиңдауды да жаңы сүймейтін. „Құрылым! Бітгі! Өртегіді!” дегі Айтұаров келсе, ол тек ырқылдаап құлс береді. Содан соң баршың тігісін жатқызып, жуып-шайып, бұған жарты сағат „лекция” оқиды. Оның лекция-сынаң тез жалығатын Айтұаров оңдайда сөзуар бастығынаң тәзірек құтылудың жолын іздей бастайтын... Арыстанбеков, шүкір, оңдай сойқашыңқ сортынаң емес. Бұған бәрін бүкпелей айтуга болады. Эсіре жақсылық пен та-тымсыз табыстарды өсірмелеуден горі ойсыраған олқышықтарды ашып айтқандарға құлагаш то-смықырайтын түрі бар. Бастығының бул мінезі орынбасарына қолайсыз көрінбейді. Қайраты, Іскерлігі, жігері

қаңдай — ол жагына әзір көзі жетпейді. Эйтеуір бастуы, аяқ алдысы жаман емес. Қеңілденетін, тіпті кейді күнірек көтеретін кездері де байқалады, бірақ немкеттілігі, неміс үйрайдылығы жоқ. Жиңі бастығының сырны ал түтел біш болған жоқ, әрине, содан ба екен, бұл көндө ағасының жел жагына Қалмый өтіп кеткенін аңғармай қалады. Әншнейшіде айғой-үйнайға, дауыс көтерерлік жанжалаға жол бере қоймайтын басекең кейде табан астынан ашу шақырып, таптап кете жаздайды. Оңда да жережебіріңе жетіп сөкпейді, бірден, осылай ойламаған жерден, шорт еткізіп кеседі де тастайды. Содан бастығының бабын қайтіп табарынды білемей, осылай сарсаңғы түсіп отырганишы... Эй, бұл орынбасар дегенің де оның тұргаш қызмет емес қой! Біріншің қабатына қароп жаутаңдаумен, жалтақтаумен, жалпақ қалмын жатпаптумен ететін ит тіршілікте не магыне бар? Сенің басың — алтын, котің — күміс болса да, біріншің аты — бірінші. Барлық жақсы атақ та, сый-құрмет те — сонікі. Саган бүйіретін — сарқыт пен қалдық, қана. Ең жоманы: жұмыстың ауырны істейтін — сен, көрінгенмен оттасын, жаманатқа қалатын — сен. Ал абырайдің бері ананікі! Орынбасар дегениш, байлайша қараганды, айтылуы жап-жақсы... Орынбасар... демек, сәті түссе қалса, бірінші басшының орынның басатын кісіге үқсалды. О баста орынны бассын деп ойластырылаған шығар-ау. Біроқ қайда сол орынны басу? Есін біш, етегін жигалы бері бұл, Айтудар, эйтеуір орынбасарлық асудан аса алмай келеді. Мектепте оқып жүрінде — кәсіподак, үйымышың орынбасары, кейш озінің туған аудатына жолдама алғанда да, қызмет бабымен осылыда келгенде құрылым мекемесшің бірінші бастығы емес, ылғы орынбасары... Аудандық атқару комитетіне өсіріп жіберіп еди: тағы да орынбасар... оңда да бірінші емес, екинші орынбасары. Соңда, немесе, бұл қу тағдыр Айтудар баласының мәңдайына орынбасарлықты ғана жазып қойып на? Қашан біріншілікке қолы жетеді? Біріншілер ылғы өзгеріп жатады. Ал сол біріншінің орынны басуға тиіс Айтударовты жогарыда жалғызып отырған жарымвестердің көргісі келмейді.

Бастығының „dogar!“ деген сөзін көңіліне ауыр алып, қанаға түсे бастаған Айтударовта байлайтын жұрттың шаруасы жоқ. Барінің назары мінбеге шығысымен алпамсадай Аманақоятың мойнына мінін алған жаужүрек бала білкүнша мекгерушісіне ауылты. Залдағы кезекті гүл басылаған түста Сәлиманның саңқыл даусы тағы ап-анық, естіш тұрды.

— Элекел Мениң сізге айттар бір үсынысым бар. Егер қабыл көрсөніз...

— Э, мейлиң! — деп президиум столының бірінші көтариында отырган Аптақов Қолын сұтаді.

— Элеке, өзіңз білесіз, сіздің деладай кабинетіңде екі көкала клем төсөулі жапыр. Оңдай кілемді, көркіті болмасаңмен, парторғ ишін бас бухгалтердің отырган болмалершен де екі-үш жолакты төсөншілерді көрдім. Рас на?

— Е, рас емес, ишемене? Біз бай қалқозбаш. Шет-шеттен қонақтар да көп келеді. Сосын... отырган болмелерімізді... бұлай дүрыстап жабдықташ қоймасақ, үят емес не?

— Элеке, өйтіп ақталып қайтесіз? Мен сізді айыртан түрганым жоқ, қой!

— Енді ишемене?! — Бұрынны партизаның бұдан әріге шыдамы жетпессе көрек, орнынаш қопарышып тұрып, ашу шақыра бастады.— Айтқыншы айтқыш дегенге, айдалага қорай лага бермесеңші, Жолдызына!

— Егер өсер үрпакқа шын жаңы ашитын адам коммунист екеніңіз рас болса,— деп жаужурек көлішшек „коммунист“ сезіне ерекше салмақ сала сөйледі.— Оңда жақағы мен айтқан жыны төсөншілердің барін бала бақшага бөлдіріліз. Соңда сіз бен сіздің сабилеріміз қақаған қыста жалаңаш құйрықтарымен сыз еденге отырмайтын болады.

Мұны естігейде, әлдекіндер шапалактап қол сога бастады.

Әлдекіндер:

— Жарайсың, Сәлима!

— Элекең үлкен сын туды...

— Элекеңдің ақыры сүрініңіріп тыңды-ау! — деп қасақана қытықтап, осындағы басшылардың көбіне-пәк жайсызды тиетін әңгімені қот-қоттап қоздыра түседі. Бұлардың ішінде үзак жылдардан бәрі озат шаруашылықты басқарып келе жатқан, осындағы едің еркесіндей — әртүрлі жиын-жиналыштардаған емес, қазақ арасындағы п-құдайыларда, жиын-тойларда ойындағысын бүкней айттып, взгелерді бүктырып жүретін бұрынғы партизанды әдени табамайтындар да бар еді.

Көпшіліктің көңілдегісін жазбай тауып үйренген кешігі отағасы аяқ астіншаш жалт беріп, мұның сүрінгеніне кәдімгідей тілекtes болып отырган жағымсыздарға тағы жалын устатпай кетті.

— Жарайды, Сәлима Қарындасым. „Гигант“ қалқозы кеңесіндей бар жыны төсөншіті ертеңисен қалдырмай бала бақшага бергізсін! — дечесі бар ма?

Мәжіліс залиның ішін жатырлан соғылған шапалак даусы кернеп кетті.

Алпақов қолыш қеудесіне қойды да, быттыған бітік
кезінде қуакы күлкі ойнап:

— Рахмет, жарандар! — деп көпшілікке басып иді.

— Жарайсың, партизаным!

Жасасын Алпақов!

— Бұл тарғы қатырып кетті.. Бүгінгі қадаарман тамы өзі
болып шыға келді..

„Гигант“ колхозының басқарма бастығы сінді оқ қолын
жоғары көтеріп, орнынан тұрды да:

— Ауданымыздары өзге басшыларды да мына менен
үйрекуге шақырамын! Үндеймін! — деп үран салып, гүрс
епті қайта отырды.

Ду-ду соғылған шапалак, друсы сирей бистағанды,
Тоқтарбайдың жанында манадан үні өшіп, коңысқа отырган
Айтуаров шыдамсызданып, астындағы орындығын сыйыр-
сыйыр еткізіп, қозғалақтап қалды.

— Алпақов ақыры бүлдіріп тынды.— деді содан соң.
Тоқтарбай оған таңырқай қаралы.

— Неге?

— Қазір көресіз...

Бұл жолы орынбасарының күдіп шынға шықты.
Сәлімадан соң осындағы бала бақша мецгерушілері
бірінен соң бірі сез сурал, мінбесе үмтімасын. Бәрінің айт-
тыны, мүң-мүқтажы орайлас. Бәрі біршама аузына бірі
түкіріп қойғаңдай, „халқының адад ұлы, отақты партизан,
негіз болышевик“ Алпақовты вспанадатып мақтай баста-
сын.

Аудандарғы бала бақшалардың бәрі дерлік тозған, тоны-
рағы шыққан ескі үйлерге орналасыпты. Бәрінің ішінде
қысты құпір жел гулеп, едендеріне мұз қатып жатады екен.
Ал осы аудандарғы бастық, атаулы отыратын бөлмелердің
іші де, кіре берісі де қызыл ала, кокала кілемдерден
керінбейді. Табандарымен жұмсақ кілем басып журмесе,
немене, басшылардың аяқтарына тікен кіре мес екен? Ал-
пақовтан ұлға алып, екіметтің қыруар қарожатын жұмсал,
эншейн сән-салташат үшін жишилган сол төсенніштер осын-
дағы бала бақшаларға таратылған берілсе екен деп, көйтеп
көп сүраймыз. Ол ол ма? Осы құпір басшылар отырган
бөлмелерді әдемі ағаш жиназдарға, шкафтарға, дивандарға
толтыру „модага“ айналды. Ал кейбіреулері қолы босап
еріккеңде мұздатқышқа толтырып қойдырғон салқын су-
сиялдарын ішіп, түрлі түсті төлемизордан ойнап көріп отыра-
ды екен. Ал біздің кейбір бала бақшаларымызды оңдай
сән-салташат тұтыл, сәбілдер жататын таза төсектің өзі
жетіспейді. Ал бұған басы қатып, жапы ашитын бастықтар

(Анпаков жолдастар басқа) тагы жоқ. Міншилдердің сөзі осылай жалғасып кете береді...

Бұғын мінбеке үмтүшіп, сүңқылдан сойлең жатқаңдардың бәрі дерлік — айелдер. Эйел заты туысынан сезімінде, тез тұтандырылған халық қой. Оның үстіне, қызы үстіндегі қыздырмалатып жібергендерімен, өтірікті өрбіткен ешқайсысы жоқ. Бірақ соңғы кездерде өзара сыйын үдештікіреп журген, бүтінгі батырсынған баяндамасында толай бадырақ көз мисалдерди көлтіріп, аудандығы сыйни ойға жаңа кеңістік апқаңдай болған Тоқтарбайға ажептауыр басталған әңгіменің барысы бірте-бірте ұна-мауга айналды. Біздің Қатонғы әдеміміз осы: мақтасақ, сибір мін таппаймыз; даттасақ, сибір тұлдыр қалдырмаймыз. Балықтың басынан шіріттің ып-рас: жоғарыда отыргандардың әдемі сондай болса, төмен-деглерге не жосық? Элпіде әлекіт әңгімені бастаған сылқым келіншек, айтпесе аяқ остынаи "қаһормаңдық" мінез көрсеткен бүршігі партияның әлдебір газеттен, әлдебір журналдан белгісіз бір бастық, сымактың бөлмесінің еденинде тозығы жетпіп жатқаш ескі кілемді жетімхана ма, бала бақша ма — сондай бір жерге бергізіп, белгілі болып шыға келген нәкіл болуы керек. Әділет иш тәңдік аңсаған аққауларға бұл бір әулиелік әрекеттей көрінген. Айтпесе біреудікін біреуғе тартып әпергейнен жер бетіндегі тәңдік орнай қоюшы ма еді?

Тоқтарбайдың тағы бір таңырқайтыны: осы күні едәнің барлың құйкесі жұқара-жұқара үзілуте айналған ба, алде әлсүметтік өмірдің бұл ыңғайтын, бұл оқынматан өзгеше заңдылықтары бар ма, айтеуір бүтінгі үлкен-кіші себеп табыла қалса, билік тарапынан бурауды сәл босаты түссең, қауға тиген қамыстай лау етіп өртсөнуге бейім түрған оғаш миңәздер шаң береді. Былтыргы Шерәлі қазасы үстінде зират басында жиналған көпшіліктің толқынmasын іштей түсініп, көзінде күн олған секілді болғанмен, сол жерде шатқақ, шынып кетпегеніне кейін талай шүкіршилік еткен. Пәлең жерде шахтерлер, түтен жерде металлургтер кешете шынып, наразылық білдірілті-міс, оларды маскүнем, нашакор бұзыңтар соңына ертіпті-міс деген үзын құлақ әңгімелерді естиді. Теміртаудан қашып келген бірер бұлакшы Ташкеңтеге үстолыпты-мыс деген сыйбыстың шыққаны қай жыны еді?. Тіфу, тіфу, ондай пәлеңшің бетін аулақ, қылғай! Бірақ айтеуір осы күні тәзімі таусымғандар, жүйкесі жүқарғандар, талалы тарс кетуге бейімділер, талап еткіштер, мін таңқыштар кәбейіп барады. Бүтін соган жол берін отырған өзге емес, озі. Неге ойтеді? Сірә мұнысы—

саналы әрекет емес. „қаз дәбырыңқа үшадының“ көрі шыгар, кім білсін.

Әнс, міншілдердің тағы бірсүі мінбеге шығып алып:

— Бізде көп балалы аналарға көрсетілетін жәрдем ақы жетімсіз. Өкіметтің артиж, қаржатың жоқ, екенин білеміз. Сондықтан менің ұсынысым: бойдақ, салықты есселеп көбейтін, ал бала санын бесеуге жеткізбеген әр семьяға қосымша салық салу керек те, түскен қаржыны көп балалы аналарға таратып берейік! — дейді.

Одан:

— Ау, Қазақстанда қазақтар гана түрмайды. Үш балы өсірсе, өздерін убірлі-шубірлі семьяга жатқызатын үлттар бар. Оларды қайтеміз? — деп сұрасам, жауабы дайын.

— Жарайды. Мұсылман еңестерді қозғамайық. Олардың қатындары аборттарын жасай берсін... Ал бірақ баласын көбейтпеген қазаққа салық салу қажет-ақ.

Тағы бір білгіш мінбеге үмттылып:

— Облысымыздың табиғаты біржола құрып бітті. Бір кездегі нұлы, сулы жерлеріміз шаң-топыраққа айналды. Іңгалап көзін ашқалашын шаң-топырақ жұтыш өскен сәбілдеріміздің келешегі не болмақ? Сондықтан қуарған құмның ішіне орналасқан елімді жасыл қырга қарай, тау беткейге көшіру керек! — деп сөгады.

Одан:

— Елсіз ен медиснге кешіп барғанды қайтіп күн көрмекшісі? — деп сұрасаң, жауабы дайын.

— Миллиондердің гектар тың жерлерді игерген совет халқына бір ауданың табиғат анатына ұшырап отырган сорлы жүртүн жарылқау бүйім болып да? Өкімет қаржы босатсын, өкімет адам құшын шыгарсын, өкімет техникастын белсін...

Мінбеге шыққан тағы бір сұңғылласы тілті саяси ұстамсыз пікірлер лайтуға шейін барды.

— Осы Байқоңыр, осы Терстам қазақтарға иеменеге керек-ей? Ауамызды, сұмызды, жерімізді былғагашпен басқа түк пайдасын көргеніміз жоқ. Биыл қырда жоруган ақ бекендеріміздің біразы адам білемейтін белгісіз кесслеге ұшырап, қырылып қалды, Жабайы хайуандар жеген шапті білдің әдәл малымыз да жейді. Малды қазақ жейді... Сонда мұшың ақыры не болады, ә?

Одан:

— Сонда, қолай, сіздіңшіл космодромдарды жауып, дүниелік империализм алдыңда ашықтан ашық, Қорусыздануымыз керек не? Нылыми-техникалық прогресс кешінен қалып қоюымыз керек не? — деп сұрасаң, жауабы дайын.

— Элбетте, қарусыздайтуға болмайды. Бірақ шеге ауда
былғарын алғашдарды елсіз-күпісіз алысқа, сол империа-
листік дүшпашдарға жақындау жерге көшірмеске?
Өкіметтің солай шешсе, бар мәселе шешілші жатыр гой...

Әйтеруір киікенттің Құандарияда білгіштер мен
міншілдер жеткілікті екен. Айрықшо бүткін жиынның күн
тәртібіне орай ариайы шақырылған ата-аналар белсенділік
корсете бастапты. Көп балалы ата-аналардың біразының
қолы тимеген бе, әйтесур нәжіліс залында отырган аталар
мен әжелердің қарасы да недәуір. Енді сол үлкен кісілер
кезек-кезек жарыссеозге жазылды, мәжілісті үзарта
түсken.

Саяси ұстамсыз созді бастап, Байқоңыр мен Төркестан-
ды көшіру жөніндегі оғаш ұсынысты айтқан шешеп біразга
шейін мінбедең түспей, әргі-бергі қолайсыз әңгімелерді
қозғап түріп алғасын, мәжіліс басқарушы:

— Регламентті үмітпайық, жолдастар...— деп болар-
болмас ескерту жасап көріп еді.

Аяқ-қолы сыптай, бойы тіп-тік, мұлдай тағы кинген,
жас шамасы талайға барып қалған, бірақ, сақал-мұртын
айналдыра көгертіп қырып тастаған шалыңың мінезді ша-
так, екен:

— Регламенттіңде қалтақа салып қой, шырығым!— деп
шатынап шыға келсін.— Регламентті белгілейтін сен емес,
осы отырган халық...

— Сойлесін, сөйлесін!

— Уақытын үзартып берейік!

— Бірқаздан бері мінбеке шықпай, шерін шығара алмай
жүрген байгүс қой...

Коншылқтен қостау естігесін, әлті қырма сақал томагын
кернеп алып, қокилаша түседі...

— Ауданымыздың атақты арызқойы Арысбай боласы
осы кісі...— деп Айтуаров қайтадан сыйырлауық
қызметтіне кіріспей кетті.

— Қайда істеуші еді?

— Пенсия жасынан әлдеқашан псын кеткен. Осыңдағы
орта мектепте тарихтан сабак берсе керек. „Өтениядовтың
мұгалімі болғанымын“ деп кейде мақтапын отырады.

— Өзшің қолынан бірдеме келе ме? Турақты комиссия
құрамында бар ма? Мұлдай белсенділерді қогамдық
жұмысқа жетші қою керек қой...

— Атамаңыз. Арысбай білласының қолына азғантай
білік берсеңіз, күн көруден қалмыз. Құрысын...

Осыңдай жиындардың бір пайдасы— мәселенің барін
шешіп тастамаганмен, кімнің кім екенінен, кімнің қандай
оны бар екенінен недәуір хабардор боласың. Мұның

„қамқоршы“ досы, обкомның бірінші секретары Құсниди-
нов жолдас әрқашан жиналысқорлар мен мажіліс-
корларды айыптаған сейлегенде, бұл әрдайым соның сезін
қостал, қосарланып отыруши еді. Баяғыда орыстың Мая-
ковский деген бір дүлей оқыны мәжілісқор коммунистерді¹
аалтіре сынағанда, көсеміміз Ленин оны оқіртіп мактады де-
генде мектепте оқып жүргендеге мұғалима апайшың
айтқаны бар. Айтуга келгенде, бізде бәрі дұрыс қой. Ал
алысқа ұзамасақ, та. Тамкент көлеміндегі „көсеміміз“
Құснидишовтың өзі де жишиліссиз, мәжіліссіз бір аптасын
өткізіп көрген пеңде емес. Тоқтарбай болса, осы ауданға
келгелі талай жиынды өткізіп тастапты. Бақташылардың
бас қосуы, күрішшілердің слеты, мал азығын дайындаушы-
лардың кеңесі— әйтеур толып жатыр. Соңда біздің еркен-
деген социалистік қоғамымызда осында жиин-жиналыс-
сыз іс бітпей мей? Осында жыны-жиналыстарда әлдекім-
дерді терлетіп, толқыға салмасақ, кепшілік алдында есеп
алмасақ, кепшілік атынан қаулы-қараптар қабылдамасақ,
кеңіліміз неге көншімейді?

МУШЕЛ ТОЙ

Осы Қуандариядагы бірінші автобазалық директоры Ақтай Жаһилов деген жігіт қырық жасқа толып, лүркіретіп той жасағаіді. бір апта бойы аудандағы біраз мекемелер мен колхоз, совхоздар басшысыз қалып, күпделікті қарбалас жұмыстары толас-тыныс таңқацайдай болғаны рас еді. Аудан орталығындағы жалғыз көрнекті ресторанға бірнеше күн бойы қатардағы қарапайым пәндерлер бас сүрг алмай қалды. Облысқа белгілі озық автобазалық озат директорының ағайын-тұган, құда-жеккіттарын қоспағаның өзінде, республика астанасы Алматыдағы бастап, кең байтақ Қазақсташың түкпір-түкпіріндегі қыруар таныстары, жою-жолдастары да қисапсыз көп екен. Оның тойына зор дәрежелі әкімдермен қатар, әр алуан халық артистері, галындар мен ақындар да жан-жақтан ағылыш келіп жатты. Осындардың ішінен Токтабай бұрын сырттай аттарын естігеймен, түстеп танымайтын талай атақты ағаш-індерін көріп, бір жағынаң әжептәүір таңырқаса, екінші жағынаң алғалердің дастарқан басында айтқан көтерме, көшірме сездерін естіп, шілтей қатты ренжіген тұстары да бар.

Облыстары, аудандағы басшыларының ығрайымен осы лұрмектің си ортасында жүрген ауатком торагасы бұрындары да талай ресми мереке думаңдарды қолымен атқарған тәжірибелі үйіндастырышуы, көпті көрген ел ағасы ретінде осынау қыыр шетте жатқан аудандағы қайдагы бір автобаза директорының әншіейінде от басындаға отап өтерлік мүшел жасында жасаған дастарқанына осыншама ығай мен сыйғайдың жиналу себебін түсінбей-ақ, қойды. Улы Абай қойын тіріліп келсе, бұлар бүйтіп қуанбас! Осыншалық ардектайтындаидай, Жаһилов кім еді соңшалық? Рас, жыл сайын мемлекеттік жоспарын асыра, артығымен орындағы жатады деседі. Аудан көлемінде автобазада қлишалық зор жоспар болушы еді тәйірі... Соган қаримай, жасы қырыққа енди келген директорының осы

уақытқа шейін алтын жүлдіздар басқа хұкімет наградаларын түтедей омырауда тапып үлгіріпті. Ежап! Осы жасқа келгенші талай Қысқынсыздықтар мен көрагарлықтарды көріп-біле жүріп, Тоқаң мүлдай соражылық, қоңыздардың деп ойламаган.

Осы ауданға келгелі Жаһилов жайында әрқылы сездерді естіп-біліп жүр.

— Намыз Іскер, жұмыстың, көзін тапқыш, алымды да алғыр азамат! — деп сүйсінушілер аз емес.

— Шіркіш, Америкада туса, баяғыда-ақ, анау Рокфеллерге үқсанған алпауыттың өзі болар еді! — деп сәүегейлік айтушылар бар.

Ал базбіреулер:

— Ер көнілді, төкне-шашпа, жомарт жігіт! Қысқағанда, күнде жарайды... — деп марапеттайды.

— Мен құрдасымның елге мәлім кеменгерлігі, жен тапқыштығы, іскерлігі, үйімдестірыш қабілеті жайында айтпаймын,— деп әр сезін шықтап бастағанды, боянадан бері бастығының қалоуын бұлжыттай тауып отырган Хан-сейітон қызыныңда, Мұбәрәк жаққа жоутың-жаугаң қарап қойды. „Ал қазір бұлдырғыл...“ деген Қорас еді. — Мен оның бір ғана қасиеті... едден ерек адалдығы жойында айтпақпyn. Ел басқарған адамның ақырына шейін адал болып қалуының қашшалықты қын міндет екенін осы отырғанның бәрі білуге тиіс. Жомарт жаратылғыс о бастаған саған мұқалып, мұжілуді білмейтін шын асыл болоттай қажыр-қайрат бермесе, қолыңа адалдықтың ақ туын үстөп шығып, қашшама айбат көрсеткеніңмен, алғы адал еместердің атқан оғынаң Қолына ұстаган туың көп үзамай шұрық, тесік шүберекке айналуы әжли емес. Біздің көзіміз жеткен төүректе сол адалдықтың туын жықтай, тік котеріп келс жатқан скесу болса, соның бірі — Мұбәрәк, біреу болса, соның өзі — тағы Мұбәрәк.

Бұғын өзінің осыншалық шешен сойлегеніне алдымен Тоқтарбайдың өзі таң қалды. Былтырдан бері басын көлеңке шалып, ауырып-сырқап, ақыр соңында Қияндағы Қуандариядан бір-ақ шыққалы — бұрынғы асығыс, шырт етіп мінезден бірден арылыг кетпегенімен, басқа түскен тауқыметтің үстінен, өзі қанша мойындағанымен, кәрілкітің де анадай қыр астykнда күтіп тұрганын шітей сезіну бар ма, әйтеуір эр нағсеге салқын Қандылақпен, сабырмен Қараудың дүрыстығына қол қойып жүрген секілді еді. Енді, тұған ешің ортасын келгелі, жасы тоқтаспаған кісілерше ойына келгенін бейберекет шишишп

жібермей, бейнелі тілмен бедерлеп, етек-жеңін жинап сөйлегендерді бұлайғы қоңшылқтің ықыласпен тыңдастырыны да толай байқаған...

— Арайлап атқан таң ішіріп дай әділет туын қолыңда мықтап үстеган Мұбәрәк Қарімұлының алаңсыз пілдадығы мен ақиқи адамдығы, ачашығы үшін ышейі! — деп қайыргаңда, айналасында ду-ду шашалақ соғылып, гу-гу қошемет сездер қантап көті дейсің...

— Атырмаяу, біздің Тоқал ғылуп тұрган ақын екен той!

— Кереметтей келістіріп айтты-ау сабазың!

— Бұдан асқан тұра сез бола ма?! Өзіндегі жоқты біреу „бар“ десе, өзіңде азды біреу „мол“ десе. Бұған қуандайтын есі дұрыс пеңде жоқ шытар. Тоқтарбайдың көтермелеп, жөпелдетпі аяқтаған марапат сезіне шын риза болған обкомның бірінші секретари тіпті орынан үшін тұрып:

— Қойран Қара Қышшак Қобыландым-ай! — деп мұның қолын сілкілеп, арқасынан қалып-қатып қойды. Содан соң Тоқтарбайдың қолыңдағы құтыға құтысын түйістіріп: — Ал кеттік, тартып жібер! — деді.

— Соңғы кездे мұны қойып жүрмін... Жүргегі түскір сыр бергелі... — деп Тоқтарбай күмілжіп қалды. Бірақ Мұбәрәк қысталық қояр емес.

— Арақтан өлген адамды көргенім жоқ. Тарт!

— Ойбай, аяның тұрганым жоқ. Жақпайды.

— Әліп айтқаның рас болса, аласың!

— Енді қайтпим...

Тоқтарбайдың шегіндер жері қалмады. Обкомның бірінші секретары осындағы құтала шарт қойса, қайтпішілессің бұл зәһарды? Кезін жұмып тұрып, сіміре салды. Елжап: мұның құтысындағы апты арақ, емес, құдіктиң салқын суы болып шықты. Қатты тоқырқап, шатыр алдында қызмет істеп күйбендең жүрген жігіттер жаққа қараған. Солардың арасынан сорайған Сансызбайды көріп, заматында бәрін түсіне қойды... Қапелімде не құлерін, не ашу шақырарып білмеді.

Тоқтарбайдан кейингі сез кезегі аудаңдық партия үйімінші басшысы Аббас Әтениязовқа тиіп еді. Алдыңдаған сұңқырлап суырыла сөйлеген ауатком тәрагасының мысы басып кетті ме, алде онсыз да сезге шорқақ қара ломблай ма, кім білсін, әйтсеур мұның аяқпастынан тұттығын, тәлі күрмеліп қалды.

— Біз бұғын кімнің... мына Ақтайдың несін... кобилейлік мерекесін нетуге... тоіллауга жиналадық. Әрине, жолдастар, неғып жатыр той... — деп бастады да. Бұның бүлпій бастағанына ыржайдаң күліп отырган Ханисситовке көзі түсіп кетіп: — Немене? — деді.

Тамада күлкісін тыймастаң

— Сонымен кімнің несін шеттеп болдық? — деп сұраДы. Аблыстық қой қөздері қызарып, суланып шыға келді. Тоқтарбай жаңжал шығып кетер деп қауіштеп:

— Қой, қой, жиіттер.— Деп ербитпі екі қолын көтеріп сал.

— Тоқа, мұнда ешқайсымыз тобелескелі келгеніміз жок,— деп алғанде қызуладу көрінген тамада аяқ астынан ашы тілін сұғып аласын.

Жұргат ду күлді. Өтепиязов та қызарып суланған көзинші жасын сүқ, саусағының сыртымен сүртіп отырып, екі нығын сөлкілдедті.

Тоқтарбай бұган әдені қитырып, қырыс қабагын танытып отырған прокурорға жуап бермеді. Элгіде гана айтқан қошемет сезінен кейін дастарқан басындары ауаның бірдең түзеліп, сырт көзben қоралғанда да Мұбәрәк скекүйің арасында тұрган көрінбес жұқа іерде жыртылғандай сезінген қонақтардың енди бір-біріне алғандамай, бір-бірінен күдіктенбей емін-сркін құрапатқа қарай бет бүрган берекесін бұзғысы келмеді. Эрине, бұл дастарқаның басына жиналғандардың ара қатынасынан түпкілікті түсіністік іздеп жату әурешілк еді. Бұлардың барі дерлік бір мезеттік пайдашың жегіти жегеттідер, мұддесін мүмкіндікке қарай оңай икемдепштер. Дәп қазір Тоқтарбайдың өзінің дс осылардан елеулі айырмасы жок. Осылардың ойынын ойнап отырғаны хак. Ақырының немен тынарын құдайым білсін.

Өтепиязов біраз молтырып, ақыр соңында пітатының әрек аяқтап бітірді-ау. Оның не айтқанын оншалық үғып ұлтірмесе де, әбден көңілденіг алған тойшылар құтыларды толатырып қүйгизып, тогытығ шуде. Біраздан соң тост көтерушілердің сезі азайып, кәдүлігі есек-аяқ қебейді. Қазір қайда барсаң, көрсетінің осы: есепсіз ішіп-жесу, ынсансыз төгіп-шашу, одан қалса— есек-аяқ айту, құмар ойнау. Дастарқан басына жиналғандардың біліміне, ақылой дәрежесіне қарай мұндаі құрапатта айтылатын әңгімелердің бірде сығайын, бірде түрлайы болуы мүмкін, біроқ, мазмун-маңызында пәлеңдей айырмым көздеспейді. Соңдағы бәрінің ермене— өзгелерді ғайбагау яки мансұқтау. Мұндаидар құрапатқа жиналғандардың бірде бірі өздерін кінәлі, мүкіс жағынан көрсетпейді, қайта көрісінше кез келген жағдайларда айтқыш то, толқыш то өздері, туришіл мен турғыш то өздері. Дегенмен, зиялымдар отырған жерде айтылатын есек-аяқтың белгілі бір тәқырыбы, идеясы, жүйесі болады. Мұнда әркім пузына келгенін айтта салмайды. Эрбір анекdot, лақап, еске-

түсірulerдің тыңдаушылардың ортақ мұддесін қозғап, Қызыған жерлеріне дәл тиетін, алыстаң орагытып, жақынды қамтитын жаңга ерекше жағымды нірімдері бар. Бұл бір жағыннан қурапотка қатысушылардың кім екенін, кімнің жағында әкеші сұрамай білгістін отсөттіді тәсілді бірл. Сенімен бірге құліп, келекелеп жетісіп отырса — одактасың. Ал қабагын қарс жауып алса — қарсыласың. Сыпайы гана жыныш, үніш шыгармаса — сырлын жасырган сұңғылышын өзі дей бер.

Бұғынғы есектің отырган — облыстық прокурор Хансейтов. Төбе бидің өзі ешкімнің пікірін сұрамай тамада сыйлап алған жігіттің жалы құлдрайін, құлагы едірейіп, мұрты тікірдейіп кетіпти. Мәідайя шып-шып терлең, әбден бабына келіп алынты. Мұбәрәктан бисқа кез келгенінде сөзші болап, керекті-керексіз жерінде қыстырыла береді. Эзір мұның бетін қатып, тұралап тоқтау айтатын ешкім көрінбеді. Тамаддің тым ерківсіп, шектен шығып бара жатса, құс жастыққа қисайған Жаһилов қана тамагын кенеп, жоткірінп қояды. Бір ғажабы: Жаһилов жеткірінсе, ешкімге тізгін үстаптай отырган тамада оған жалт қарайды да, сәл бәсекециді, бірақ кеп үзімдай қызыу қайта көтеріледі.

Әзірпіе күн тәртібінде қаруылға Іліңған жалғыз тақырып бар, ол — облатконың төрагасы Ермахан Жарбосынов. Тақырыптың бұлай өрістеуі, әрине, түсінікті. Облатконың бірінші секретері отырган оқаша жерде бүріндары да облатконың төрагасы жайындағы құлқылай әңгімелер көп айтпайтын. Бүріндары мұндаидай әңгімелерге Тоқтарбайдың өзі де тамызықты жін тастап, ауулатып жаңыдағы түсетін. Ермаханға да обал жоқ: ақыла-парысаты, қажыр-қайраты бір басына жетіп артылап жататын азamatтың быладайты жүрттЫң көзіне бірден түсетін осалдақтары аз емес. Соның ең сорақысы — оның ерекше сағолымын еди. Әуел бастан мадді, жаңды жерден шыққан осы жігіттің қатарынан озып қызмет істеп жүріп те тишин салған майдагерлігін Қоймаганың Тоқтарбайдың өзі де талай көрген. Майдагерлігі емес пе: пәлсінбай жылдады бері облыстығы совет екіметін басқарып келе жатқан Ермахан ерекше салақ, алқам-салқам киініп жүреді. Базбіреулер оның күз бен коктемде ишінан тастамалттын сары плащын осыдан он жыл бүрін Інісінің қудалығына барғанды киін қайтқан күні дең қатытар еди. Оның үйшен ас ішін, тамагын тойғызғанын айтатын тапта ешкім табылмайды.

Осы Ермаханнның сараңдығы туралы түпсіз тақырыпқа түсіп алған Хансейтов әңгімесін одан әрі қыздырмалата түседі.

— Бірде зәуімен ағамыз ексуміз жолға шықтық. Алматыда жергілікті советтердің қылмысқа қарсы күресі жөніндегі жиналыш өтпекші еді. Екеуміз екі кісілік жатын күпеге орналаспаймыз ба? Эрине, Алматыға барғанша күллі жол шығыны мениң мойнымда. Ас-аукат, сусын жағын үйдең жеткілікті қылыш алғын шыққанымы. Ерекен сұмдық, тамақсай кісі екен, астанаға жеткеншісі аузына тыныш болған жоқ, тегін асты ішіл жатыр, жеп жатыр сорлы. Оны қойши... онысина мән бергенім жоқ. Қызықтың көкесін келесі күн таңертең көрдім. Азаңда үйқымды қандырып, жуынтуған шыққалы тұрып, іргеге қарап қорнадап үйікшап жатқан көкеме көзім түсіп кеткені. Сейтсем, көкемнің керсендій құйрығының ара жіп біртурлі жылт-жылт етеді. Еңкейіп қарасам, бұл кісі күн сұықта шолбарының ішіне киепші жылы дамбалының ауын артына қаратып, теріс киіп алышты. Алқам-салқам салок кісі асығыста байқамаған гой деген оймен оның ишіншін сілкілең әрек өйттім да, теріс киген дамбалын көрсеттім. Сейтсем, осында үсақ-түйсек бола үйқысын бұзған маган ағамыз қатты ренжісін. „Әй, ақымақ, бала!— десін ақыр соцында маган үрса бастады.— Өнег бойы жылы дамбалдың ауын алды да, алдына қаратып киіп жүрсем, оның қалталанып тізесі шығып кетпей ме? Дамбалдың ауын алда-соңда артына қаратып киіп жүрсем, ауы да, блуы да, тізесі де, тақымы да тоғбай, пәленбай жыл бүтіншіде жылшып жүрмеймін бе? Осыны да білмейтін негылған миғұла-сың өзің, әй?!”— Ағамыз осылай жер-жебірімс жеткен соң, кешірім сұрап, азер құттыдым...

Мұндаидың күлмегенде, комгеңде күлемісің? Тоқтарбай да жүргіқа ілесіп, мәз-мейрам болды. Хансейіт он мазақия әңгімесін одан әрі қағындыра тусты.

— Содан Алматының сәулелті мейманханаларының біріне үш күн жатайық. Мениң сорыма ағамыз ексуміз тогы бір болмеге орналастық. Мейманхана әкімшілігіне барып, мені мына серігімнен басқа жерге болек орналастырыңыздар деп қанша жалынсам да, көндіре алмадым. Қайтейін, басыңа түссе баспақшылсың... Қусаң құмалак түспейтін сықпарды сойтп үш күн асырадым. Үш тәулік бойы ресторанға барсақ, та, буфетке барсақ, та, бір рет қалтасына қолын салмайды-ау сорлы! Өзі тогы сұмдық сыр-ракұмар, қуырдақ, жегендей түпімен шолдең шығатын су-самыр пәле екен. Мениң есебімнен үш күн ішкен сырасының ыдысы мейманханада болмесінде саудырап үйілді де қалды. Оны қойши... Онысина мән бергенім жоқ. Қызықтың көкесін елге қайтар күн көрдім. Поезга шығар алдында ағамыз аяқ астынан жым-жылас жоғалып кетсін.

Тоғыз қабат мейманхананың астынан түспін, зыр қағып ізденин — жоқ. Мейманханада олдыңдағы газет-журнал сататын киоскілерге бордым — жоқ, базарлық сататын дүкендерді аралдым — жоқ. Ауылда тұган сорматында үлкен қолаға келген соң миң айналып, адасын кеткеншегін сау ма деп кошениң бүршішіндегі уайымдан түр едім. Бір кездеге ана-дайдагы шатын сквер-баудың астынан: „Әй, мен мұнда-мын!“ деген таныс дауыс шықты. Дауыс шыққан жерге берсам, үсті-бастары соуыс-сауыс адамдардың ортасында бешкедей болып біздің ағамын түр. „Ау, сіз мұнда негып жүрсіз?“ деп сұраймын. Ағам бір қолындағы Қараң қашшықты көрсеттіп: „Әй, әкімдің бала! Осыншама босаган ботелкең мейманханага тастап кете береміз бе?“ дейді. Мен қапелімде ештеме үкімай қалдым. „Е, босағын ботелке-лерді тастап кетпегендеге, не істейміз?“ деп сұраймын. „Әй, әр ботелкеңің иеше тиңнің тұратының білемесің? Тиңнің сом құралады, сомнан жүт құралады...“ деп сол жерде ағамыз макалдай бастағандығанда гана түсіндім. Сайтсем, Қайран Ерекен өзінің үш күн ишкен сыррасының, онда да мениң есебімнен шікен сыррасының самсаған ботелкеңін өткізу үшін кезекте түр екен гой!

Тағы да Қыран топан күлкі. Өзі жокты сыртынан гайбеттап жетіскең жүр. Жаһилон қона Қаттырақ жеткірініп, Хансейтонке Қарай майшын бұрды:

— Бояушы, бояушы дегенге, әркімнің сақалына сияңды шаша берме, тамада жолдасты! — деді.

— Оллаңи, біллаңи, ыңқ... Өтірік айтсам, осы арада оле қалайны!

— Мен прокурордың анында сенбейтпі адиммын, босқа жапығын жаддама! Облаткомның бастығы босаган ботел-келерді өткізу үшін кезекке түрлі деген өтірігінді қалтаңа Қайтын салып қой!

— Маган сенбесең, Жармақановқа сенерсің? — деп ойламаған жерде Ермакенға ара түскен Жаһиловтың қасында отырган прокурор сізді кәдімгідей қипалқатап, ақтала сөйледі.

— Оның кім еді тапы?

— Е, осы аудиодың атқару комитетінде қызмет істейтін әлті шандыр шалды айтамын...

— Оңдайтынды білmedім...

„Білмегені қалай?“ — деп, азгелермен бірін екі күдін ерегісін қызықтай бастаған Тоқтрабай тақырқайды. Авто-база директоры ауаткомның жауапты хатшысын, онда да бір орнында үзәк жыл қызмет еткен совет шенесүнігін та-шымайды-мис. Әлде оңдай қызым-сиқымды танығысы кел-мей ме екен? Ол да мүмкін-лу. Қырық жасқа келгенде,

Күллі облыс жұртшылығын аяпшан тік тұргызған тұнырын тулалар артында шаң жұтып қалып жетқан кеп тобырады, шобыр-саяқтарды ескеріп елеңсі жоқ. Бірақ оның тым та-пырақтап кеткен тамадашын қиою қашқал хикаясына тыю салмак, инегі қисықда көрінеді.

Жаһиловтың қасында інгіштік танытып отырган прокурорда да азын-аулак, еркектік номыс бар болуы керек. Эйтесүр Жарбосыновқа қатысты әңгімде оқайлықпен берілгісі келмеді.

— Ау, Жармақаноя Жарбосыновтың немере ағасы емес не? — деп, осы уақытқа шейин Тоқтарбайға белгісіз жайды әлденеге нықтаіқнұратты.

— Ағасы болса қайтейін?

— Маган сенбессен, Жармеқановқа сенуің керек. Сол Жармақанов бір күн ішінше үйинен Қонақтан қайтып келе жатып, қасындағыларға: "Откен жолы барғанымда, Ермакханың асуйінде бір бейшара тараққан жорғалап жүруші еді. Бүгін көрдім: сол тараққан түйір тамағы жоқ, мұздатқыштың ішіне кіріл, аштаң оліп жатыр скен" дегі гой, Ақа!

— Отірігіце береке берсін!

— Олмахи, білмәхи, шыным, Ақа!

— Түһ, саған да ем жоқ скен! — деп Жаһилов басын шайқап, теріс айналып кетті.

Осы орада дастарқан басында отырган төбе би — Мұбәрәк қозғалактап қойып:

— Бұзилқы сөз әншіейін күлемекке жақсы, — деді би-паздап. — Эйтпесе арыстандай әкірған азулы азаматымызды кеместу осында жиілаған ешқайсымыздың ойымызда жоқ. — Осының айтты да, шарадай жашған ғұрлы көздерін қулана қысып, айналған шолын оттп. — Дегенмен, Ерекеңнің артынан әрқалай лақапп әңгімे жүретінін рас. Қазақ „жақсының артынан сөз ереді“ деуші ме еді?. Сыртымыздан қайсымызды жетістіріп жүр дейсің осы жұрт? — деп кенеттен Тоқтарбайға қарай ай қабагын кетсеріп алды. — Мына Тоқаң, мәхсендік, менің сыртымнан қу мүніз дегенін ат қойып алышты. Соның білесек те, жирылғын кетпей, жәйімізге қарап тып-тышш жүрміз гой. Бір-бірімізben ишайласқан жоқлыз, сіз-бізден айрылған жоқпыз. Солай ма, Тоқа?

Тоқтарбай „иә, иә“ деп басын изей қоймагасын (мадақ, сезін әлгінде ғана айтты емес не?). Мұбәрәк бірден әңгімеші бетші бұрып әкетті.

— Дастанарқан басындағы есек-аяңнан құтылудың бір жолы бар, ол — карта ойнау, — деп, әдестегідей сізді қумар-паздықтың пәлсәласын қазбалай бастады. — Элбette, есекі

Мұсылмандық жолы да, Қазіргі партиялық этика жоралғысы да шілдікке салынуды, карта ойнауды айыптайды. Бірақ осында шілдіктің соңына түсіп, құмарпаздықты көсіп етіп жүрген кім бар? Бірақ, ертең-кейін тілшілімсyz бейнестен шаршап-шалдырып келгенде, әйтпесе әлдекімдер жүйкесінді жүксертіп, жұлыныңа ине сүні бастағанда, кейде бірер күты заһар суын ішіп жіберсек, бәрін үміттап, құлпырып шыға келмейсің бе? Айда-санда көңілінді көтеріп, жедеп, жалғынп тұруға да сеніні зор бұл жарықтықтың. Ал карта ойнау, менишке, спортың бір түрі ғана. Мұнда да ерекіс, күрес, жену, женіліс бар. Эрі көңілі жақын жолдостары мен бірге отырып, уақыттыңды қонілді өткізесің...

— Эрі ақша үтпіп отырсаң, тіпті тамаша! — деп осы арада Хансейітов қалжың айтқан болып, бастығының сезін үстемелей гүсті.

— Мәселе ақшада емес, азартта... Мәселең, біреулер далаада киік қуып, мылтық отқанды қызық корсе, сиді біреулері ін-ураларға түтпі жіберіп, тышқан аулайды. Эрқиң марқа сатып алғып, оттық-сірінің қорабын жинап жүретін қиялилар бар. Ал соларға қарында, біздікі әншілің ермек қана.

Тоқтарбай таң қалады: Мұбәрәкқа құлақ қойсаң, бұл дүниедегі жақсы-жаманғың барышқа кездейсек, еместігін, қажетпаш дәлелдеп берер еді. Бұл әсіресе жер үстін жайлаган күнәкорлық пен көрегарлықтың түп тамырын таңыныш. Бұтан салсаң, кісі оліруші мен қаңды балақ бұзакының, үри мен қарының, паракор мен жалакордың іс-әрекетін түсіндіріп, ақтал шыгуга болатның секілді. Ол үшін араққұмарлық, Қартаққұмарлық — әншілің ермек қана. Баріміз де арақ ішеміз, карта ойнаймыз... тіпті кейде оғірік айтуда мәжбүрміз. Бірақ, ешқайсымыз осы іс-әрекеттеріміздің түп тамырына теренделеп, пәлсанасын іздемейміз, дәлелдемейміз, әктаалмаймыз.

Оңтүстік қазақтары арасында кең тараған карта ойны — "Күліс" аталады. Бұл баяғы „Жиырма бірдің“ өзін айналдырып өзгертуен, оңайлатылдырылған, оңтайлы үш картаның бәсекесі. Префаранстағы секілді шимайлан сызып, әркімнің үлесін есептеп, саномалап отыратын үзақ ыргасу емес, эр айналмаңда нәтижесі көрнестің шүгүл, жылдам ойын. Қолындағы күртәң нашар болғапмен, қалтаңың қалыңдығына орай қарсыласыңа қоқан лоққы көрсетіп, ортадан үйілп жатқан ақшаны қорқытып алуға мүмкіндік жасайтын айлакер, алдауын ойни. Мұнда кебіне есеп-қисапқа жетік ойнышы емес, айласы мол, жүйкесі мықты ойнышы жеңіске жетеді.

Тоқтарбый әдесте „Күлс“ ойыныңда кісіге ақысын жібере қоймоушы еді. Бірақ бұтін ойын басталғаннан-ақ, жолы бола қоймады. Ақ шатыр астындағы докейлер ыңғайларына қарай екі топқа бөлінгенде, бұл соры қайнағанда өзінің тікелей бастығы Аббаспен қатар отырар ма? Аббастың әдегеннен қолы „Күлс“ шыға бастады. Тіпті екі айналым бойынша үш түзды қатар үстап, ортага үйіп қалған мол ақпана сығырып алғып кеткенде, мұның іші қыз-қыз қайшаган. Тоқтарбайдың „Күлсте“ ерекше үнітпайтын карта түстері — „Қарға“ мен „Шыбын“ болса, бұтіні үзак ойында осы екі кесірден құтыла алмай-ақ, қойды. Бұған әдесте „түйс“ түстес қызыл карта жагымды тиетін. Айда-санда, онда да жалғыз-жарынан көрінгенімен, ең құрығанда бір рет үші қызыл өркешті „түйс“ қүйрұмынан үстаптай-ақ, кетті. Аудаком тәрагасының жиі үгілышп отырғанын байқаған аупаркткомның бірінші секретары Аббас Тоқтарбай үшин әлденеше рет „жерте“ ақша да тастады... Мұны көрген Тоқтарбайдың іші қадімгідей жылып сала берген. Секретарь жолдастан онеге алған өзгелері де бұған қаржы жагынаң көмектесуге тырысын бақты, тіпті кейбіреулері үтыстарын белсіл, из үлестерінен бас тартуга шейін барды. Бірақ бәрібір бұның қолы жүрмей қойды.

Бәрін көріп-білп отыр. Эзің бұлардың ешқайсысының қалталары саяздар емес. Ойын үзаган сайын үлкен ақ шатырга бас суғып қызықтаушы жаңашырлар да кобейе түскен. Колхоз, совхоз, мекеме басшылары кілен. Ешқайсысы құр қол келмейді, әрине. Әрқайсысы әр топта отырған ойыншыларға жәрдем ретінде қат-қат кекала, қызылала ақша үстатель кетеді. Бірақ мұны ешкім бұл жерде нара деп сокет көрмейді. Ол гана емес. Ойынға қатысқан багыныштылардың да жынын білдірмей бастықтарын әдейі үпілатын әдестері бар. Мұны да ешкім бұл жерде нара деп атамайды. Бірақ Тоқтарбайға туролап келіп комек корсетуші „жаңашырлар“ жок. Өйткені сыртынан талай алғындағы сездер естіген ауаткомның жаңа тәрагасымен жергілікті басшылар әлі сырмиш емес. Қазақ „Сырын білмеген птың сыртынан жүрме“ дейді. Сол себепті жергілікті атқамінерлердің көпшілігі онымен қызмет бабында гана араласып, бас шұлғысқаны болмаса, әзір әлшіпің аярын күтулі еді. Өзінің орынбасары Айтуаров қана бірер мәрте босағадан сыгалап:

— Қеке, ақуалыңыз қалай? — деп кеткен. Содан ізім қайым хабар жок. Сансызбайда бұған арақ орында су қүйіп беруден басқа амал-айлл қалмагашыдай, айда-санда

бүнниң ту сыртынан келіп, қолыңдаты картасын қарайды да:

— Тіфу, атаңа нәлест...— деп құйин-шіседі. Басқа қайның жоқ. Тоқтарбай ойын арсындағы азғантай үзілісте үйши қалған желкесін үқалап отырған, ойнышалардың төрдегі екінші тобына қарай мойның созып қарап еді — Мұбәрәктің алдында непір болып үйде жатқан мол ақынага көзі түсті. „Бір ойныңың үстіндеге-ақ биылғы қыс азығын жинап алышты гой“ деген Қызғаныштың ой екі шекесін тыз еткізді.

Мұбәрәк та байқағыш екен:

— Тоқа, немене, шотал берейін бе? — деп сүрәді сол заматта.

— Бер! — деп Тоқтарбай шімірікпестен қолын созды. „Күліс“ ойнында хатқа түспеген осындейдай да тәртіп бар. Мол үтис иесі қасындағы көілі қалаган жанаширына, әйтпесе қолы шықпай үтылған отырған ойнышының бірнеше ақшалай жәрдем көрсетсе, одан ері жолы оңғарылған, үтисы үстемелене түсседі-міс. Бұл да алыс-берістің бүркемеленген бір түрі екенин осындағылардың бері біледі, ойткени үтис иесі әдетте алғы „шоталын“ кім көрінгенге үсінілайды. Оның үстіне, осы уақытқа шейін обкомының бірнеші секретарларыңың өз қолынан мүндей құрметті „асату“ алған кісін осындағылардың ешқайсысы көрмеген еді.

Мұбәрәк алдында непір болып жатқан мол ақшаны үйсі толғанша толтырып алды да, қасындағы ойнышалардың үстінен асыра, Тоқтарбайға қарата шашып жіберді.

Тоқтарбай ұялмай-қызармай, әр жерге қалықтан үшшап түскен көп ақшаның еңбектеп жүріп жинап алды.

— Шіркін, Тоқаңды дәл осы тоққандап жүрген жерінде суретке түсіріп алар ма еді?! — деп Хансейғон қалжының айтқансызы.

— Немене? Хатшының тапқан тегін ақшасын қызғанамысың? — деп Сұл да сол арада жауап қайтарғансызы.

Бірақ жауабының жауап емес екенин алдымен езі түсінді. Ет қызуымен, бұл жолы оз еркімен құрулы қоқыланған барып түскени іші сезе қойды.

Ражап! Мұбәрәктің „шоталын“ алғып, ойныға қосылысмен Тоқтарбайдың қолы жүре бастады. Қарта түсті карталардан құтталып, қызыла түсті карталар жиі көрінуге айналды. Ылғы „күлісшен“ үтпаганмен, сан жагынан басым түсіп, қарсыластарының бетін қайтарды. Манадап бармагы майланаңып, бетінен жылу кетпей отырған Аббастың енді қобағы сүмк, тартып жүре берді. Қарта ойыншының бір қызық жері осы: кімнің бұл етпес сабыр иесі екенін,

Кімнің шырт етте шыртындақ скенін осындаиді біле қоясның. Бұл жағынан Тоқтарбай да пәлеңдей мактана алмас еді. Мана мұның да қалта-қайта ерні жыбырлады, қозғалақтап, ыңғырсы берген. Енді ершін жыбырлыштың, қоллайғын көлгөн картаны бөктеп-бұраудаң тишиліп, тымтырыс болыпты. Ортага жиналған ақшашының сынырып жинап, астындағы көрпешенің құнысина қарап жытыргаиді да дыбысын шығарып, үндемейді.

— Алырмай, Мұбәрәк Кәрімұлы бақ, қонған кісі гой... Қараңызша, ағамназдың киелі қолынан алған шоталы Тоқлің майдай жақты! — деп өлгішсінді Хансейітон тагы қарап отырмай.

Өзгелері оны қызу қостай жөнеді.

— Оған сөз бар ма!

— Қыдыр ғалейни салам шылауына орнғаш қасиетті атаның тұқымы емес пе?

— Басқан жері — береке, қолымен ұстагашының бәрі киелі гой!

— Тегін кісі таз бола ма? Бақыт құсы да қонатын жерін бледі-ау!

Ойыншан ойын белгісі келмеген Тоқтарбай дұылдаған кең маңдайын сыйпалап отырып:

— Эй қалай мактасандар да, менің тәздірімдің қоспасаңдаршы! — деп күлгенді.

— Ойбай-ау, осындаидай макал бар емес пе?

— Әншіейін әдемі сөздің наші гой!

— Алырмай, Мұбәрәк Кәрімұлы-ай! Осыншама кішпейі боларсыз ба?

Автобаза директорының тоғынан соң да обкомның бірінші секретары ауданда екі-үш күн аялдап, сол қылдырыды. Олданы мақсаты — мұлда келгенде әншіейін тоғ тойлады, қызық қуып қайтпайды, күл Тамкент облысын осы уақытқа шейін артқа тартушы суданың бүтін бет алысымен, шаруашылық жағдайымен жан-жақты таныспақ скенін, қолдан келген комек-жәрдем жағын қарастырмак скенін қасына ерген екеуге — еупартком мен ауатком басшыларына қайта-қайта ескертумен болды. Онда да екі орталық кеңсеге жиналып қалған әртурлі акпар. Директормен тағысуды қанағат түтпай, бәрін ез көзімен көріп, әр нәрсениң анық-қанығына жетуғе мүдделі скенін айтқан.

Мұбәрәк әуселі аудан орталығын араладаң бастады. Отыз мыңнан астам тұрғылышты халқы бар Қуандарияда

соңғы екі-үш жыл ишінде пейда болған жылдар еткен жақсы жақалықтарды назардан тұс қалдырмай, қисынды жерінде көтермелес мадақташ та қояды. Оған, асіресе, би-ылғана құрылымы бітіп, ішідәлануға берілген екі қабат пошта үйі қатты үнады.

— Мұндай саулетті Гимерат Тамкент облысының басқа пуднидарының әлі түсіне де кірген жоқ. Жарайсындар, жайсандарым! — дед.

Артынша:

— Облыстың бюджетіне кірмеген осы гимератты бастауга марқұм Шерәлі Дүйсенбаев кезінде қын күш жұмысайды десседі. Сол рас па? — деп қасынап екі елі қалмай жүрген Отениязовқа қарлай мойшын бүрекші.

Отениязов назарын төмен салып:

— Жалғыз Дүйсенбаев емес, пошта үйіне қаржы болдіруге ауданының партия үйімі мұрындық болдығой... — деп мұрынның астинан естлер-естмestей басен дауыспен жауап берді.

— Ол жағы, әрине, түсінікті, — деп Мұбәрәк мұшымен тоқташ қалмай, неге екенін езі біледі, осындағы басшылардың көпшілігіне қолайсыз әңгімені арі қарай орбите түсті. — Облыстары бір жиында Дүйсенбаевтың аты аталып, бюджеттен тыңқары құрылымсқа жол бергені үшін сыйнағышыраганын естігенім бар еді...

— Екінші секретарь кезінде Дүйсенбаев аудыл шаруашылығы мен құрылымының басқарды. Почта үйі құрылымының қатысты атының шыққаны содан да болар.

Сонда ол марқұм осыншамп қымбат құрылымсқа қаржыны қлайды іздел тағы екен?

— Қаржыны кезінде құлді аудан болып іздестірдік қой...

— Қандай жолдармен?

Мұбәрәктің негізп үйітп аяқ, астынап Дүйсенбаевтың жанаширы бола қалғаны Тоқтарбайға түсініксіздеу еди. Рас, Қуандарияның бүтіні мен откенін қозғай бастасаң-ақ, Шерәлі ішінің аты алданай шыға келеттін Тоқтарбайдың езі де кейінші кездерде байқап жүр. Жалғыз аудан орталығындағы саулетті пошта үйі емес. Қуандарияның күнгейнде бой көтерген демалыс бағындағы шараларды алғаш тіккіздіріп, көгерктізген де, колхоз базарын тәртіпке келтіріп, жиңілстікізген де, қыстактың ортасын қақ жарын отетін үлкен каналды — айналасын ыза көтеріп, жақын мандағы түртшы үйлердің ірге тасы мүжіліп, құлауға айналған соң шетке шықартып қалдыраған ді Шерәлі Дүйсенбаев десседі. Артында қалған елі осылай көңіліне жаққап азаматтың атты айналдырып жіберген.

Елдің ишті түсінікті, әрине, мезгілсіз өлген жақсыны
бүтінгі жамандарға қарсы қоюдың ежеліт үтімді әдісі де
осы. Әдетте біз марқұм болып кеткен азаматтарымызды ай-
ұрыш жоқтап, елден ерек қайратты қаһарман, олшоусіз до-
рын исі, кіршіксіз таза перште ретіндес маржалғанда,
был сезімізді әрдайым тірілерге ариап айтады емесспіз бе?
Ал ішкі нірімдерін оқайлықпен көркете қоймайтын
Мұбәрәктиң бүтінгі сұрақтары жәй әшшейін білгісі кел-
генідіктен туган күнсіз қызығушылық деп бағалауга
Тоқтарбайдың дәті бармай келеді.

— Барлық мекеме басшыларын аудаудық партия коми-
тетінің биоросына шақырып алдық та, арқайсына пәлен
міншідан салық салдық. Кейін жиналған Қаржыға почта
үйшіп құрылышын бастап кетпік.— деп нақтылай түседі
Өтениязов.

— Тіпті ол-оңай шешілген екен гой ве? Шаруашылық
есеппен күн көрген мекемелер көлденең шығынға
қалмайша барған...

— Қоңдірдік. Иә тиесілі салықты төлеїсің, иә партби-
летпен қошгасасың... Талап осылай қойылады.

— Тізеге салып зорладық десендеріш одан да?

— Солай деуге де болады. Бәрі осы елдің итілігі үшін
гой...

— Демек, ол тұста Дүйсенбіев екеуің бірауызды ынты-
мақта болған екеніңдер гой. Солай ма, Әбеке?

Бастығының туралап қойған сауалына багыныштысы
жауап бермей, тек терлен-тепшігеп бет-аузыш (бүтін күн
ерекше ыстық еді) орамалымен сұрткілей берді.

Тоқтарбай соңғы жайыл слуалдан соң Аббастың он-
сыз да саз балшықтай қарықтошыл. Қансыз-сөлсіз бетінің
сұры кетіп, сазара бастаганын байқады. Суланған
көздерінің жиегі қызырып, көтпен үйқысы қанбаған
кісідей (бәлкім, солай да шыгар) былшықтанып кетіпті.
Сырттай қараганда осыллі үйқылы-ояу, сылбыр көрінетін
жігіттің шын мәнінде оқайлықпен иіле қоймайтын, кейде
тобақдағы жатып алатын зімбашырлығы бар екенин
Тоқтарбай Қуандарияға келгелі бері танып-біліп үлпрген.

Бұдан соң бұлар аудан орталығындағы базарға барған.
Демалыс күпі емес, содан ба екен, мұнда қызып жатқан
сауда көрінбеді. Эр жерде кезекте түрган алармайдар
Мұбәрәкты ортағы ишін базар аралап жүрген бастықтарға
тосырқағы қарайды. Көпшілік арасына келгенде ерекше
қарапайым, кипшеген болып кететін обкомның басшысы
кезекте түрган біреулерге барып, көңілді амандастып, сөзге
тартып байқап еді, бірақ бірден құлшынып шығып, құлық
білдіргендер көрінс қоймады. Бірлі-жарымдарының айтқа-

прыз-шагымдары әдестегідей майдо-шүйденің тоғрегінен астыды.

— Шай-қант жетіспейді.

— Осы базорга айрап, сұт, май түспейді.

Ет ертеңгі олагеуімде бір мезги гондо сатылоды.

— Қауын, қарбыздан басқа жемісті көрмеймі!.

Мұбәрәк қатты таңырқагап болып, қасындағы бастықтарға қарайды.

— Оу, бұл не соғз? Тамақтың бері осы аудиңд андіріледі. Ал аудан орталығында тұратын халыққа ет, сұт, май, жеміс-жидек жетіспейді. Бұл калай?!

Бастықтар әдестегідей „жасаймыз, дұрыстаймыз, жөндейміз“ деген үәделерін беріп тұр. Кезектегілер мүндай үәдениң талойын естіген, бірақ осы уақытқа шейін орындалғанын көрмеген. Соңықтан әзір ешқайсысы селт етпейді, селт етпейтін — сенбейді.

Құснинов жергілкі басшыларға жүргт көзінше біраз кеңістік билдіріп, қалашықтар мен қыстактар түрғындарын қажетті азық-тұлікпен дер көзінде қамтамосыз стүге қатысты ғұсқау-пәрмендерін айтты бола берген гұста, лұксен алдында кезекте тұргаңдар шінен қолына таяқ ұстаган, етжеңді, толық, басына ақ, кимешек киген сары кемпір бір аяғын сұлтып басын, түп-тура басқаларға басындық танытқан дәү бастыққа қарай аяқдап келді де, басы жоқ, аяты жоқ;

— Қарагым, сен осы қазақлысың? — деп сурады.

Ел арасындағы еті тірі адамдармен талай кездесін, кезектесіп әзіл-қалжың айттысып үйренген Мұбәрәк бірақ сасқан жоқ.

— Элбетте, қазақтың, апа! — деп жыны үшінші жауап берген.

— Қазақ, болсаң, қай елдеңсің, қарғым?

— Апа, мен үш жүзге кірмейтін отаның боласынаптын.

— Котек! Оңдай да қазақ, бор ма еді? Жарайды, тегіңдү сұрағанға ренжіме, қарғым. Мұрнаң қоңқының тұрганға... қазақ емес не деп қалып едім.

— Ойбай, апа, қонқиганы несі?.. Дұрыстап қарасаңызы, қыр мұрынды қырымназ қазақтың өзі емеспін бе? — деп Мұбәрәк сол арада шалқалап құлап, жетісті де қалды.

Бірақ ақ кимешекті кемпірдің әкімдермен әзілдесу ин-спи жоқ, сектілді. Қолындағы таяғын сілкілеп, тіліп ашу шақырған шағай көрсетіп:

— Сөз жобаңа қарғаңда, қарғым, сен осылардың шиідем ең дәүнис үқсайсың.. — деді.

— Болсақ болармыз, апа.

— Оңда жұдә жақсы. Сендей дәүгө қоятын мына миңнің бір сауалым бар. Халайық алдында жауап бергейсің, Қарғым.

— Менің халықтан жасырғыш сырым жоқ. Сұраныз.

— Оңда, қарғым, ойта қойшы,— деп кемпір еңде. Қолындағы таяғын жогоры көтеріп алды.— Кеңе осында пәлен күн бойы әнебір Жәһіл дей ме, Бақыл дей ме, сондай бірседің қатын алғанин ма, баласын сұндетке отыргызығаны ма, ол жағын онша түсінбесдім... соңдай бір үлкен тойы етті дегенді естідім баллардан. Баллар айтады гой, мен қайдан білсін, Қарғым... әйгеүір сол тойда ақ түйсің қарны жарылып, әйдо „сен іш”, „мен же” болыпты. Жер бетіне шыққан ас-ауқаттың бәрі дастарқанды тұрды деседі. Соңда мениң жаман ойым айтады гой, қарғым... Ау, біз базарды құдайдың құт-береке қазаны десүші едік. Бірақ осы Қуаның базары да қазір қурап тұр. Қундеп көретін күніміз осы: кішкене немерелеріме талқан былағы беретін бір-екі ботелке сүт сатып алу үшін осы жерге мен күпнеге үш мәрте келемін. Ал ана жақта сендер не ішерлеріңді білмей, мырқы болып жатасыңдар. Соңдаты сагаш қоятын сауалым: Қарғым-ау, Қуаның базарында жоқ, нарасын сендер әлті Жәһілдің дастарқанына қойдай экеліп тоалтырып жүрсіңдер?

Мұны естігенде, басшылар кәдімгідей дағдарып қалды. Барі бірдей жер шұқып, өздерін айынты сезінбегенмен де, миңшың аққаусыған аяр кемпір еске түсіріп тұрган бай дастарқаннан бәрінің тойғанша іші-жегендері хак. Бірақ сол тамақтан етіп кеткен қисапсыз тегін астың артында сұраушысы бар деп ешқайсының миңна кірмеген. Әрине, дүкенде сүттің кезегінде тұрган қайдаты бір белсенді кемпірден келетугын қаупи жоқ, екенін бәрі білседі. Әйткенімен, көпшіліктің көзшішс мұндай сұрақтың қойылуы ыңғайсыз-ақ еді.

Мұбәрәк бірден байсал тартып, Қабагын түйіп алды. Содан соң салқын, құдакті назармен аудең кезекте тұргандарды, артынша қасындағы серіктерін жағалай шолып етті. Кезекте тұргаңдардың бет әлпеттерінен келемеж-ге үқсас ашық, кекесінді таныса, қасындағы серіктері бұған бет әлпеттерін көрсетпеуге тырысады.

— Менің бұл оқиғам титей қатысым жоқ, апа! Саялыңызды мыналарға қойыңыз!

Осыны айтқан Мұбәрәк сүк соусағын шошайтып, қасында тұриан Өтениязолтың тұра кеуде тұсын шұқынды да, ақ кимешекті кемпірдің тағы бірдеме айтпақ болып „Қарғымдағаның“ Қарламай, бұрылым жүре берді. Бас-

тықтың ашулы екенін байқаған басқалары үн-тұнсіз социна ерген.

Дәл осы кезде Тоқтарблы өзгелерден озын, обкомның бірінші секретарымен жаңаса берді де:

Мұбәрок, сен былай бері қарашиб деді.

Жақтаурағай, есімсінген дауысмен талаң қоя, нық, айтты.

— Немене? — деп мұшақ киліккенин онша үнаптаяған құрдасты көп киынны солмасстан, жүрісін баюлдатты.

— Сен айдаладагы кемпірге бостан босқа репжіме. Алдымен мына бізді тыңдағы ал, Мұбәрәк.

— Сендер не айтгушы едіңдер? Бәрші бұлдіріп жүретін өздерің...

— Расында кемпірдің түк жазыны жоқ дедім гой.

— Қойшы-сей? Ауаткомыңңа бастығы да өстіп кинасін ашық, мойындаиды скен гой!

— Рас, біз кінәліміз.

Үзеңі қағыстырып қатар оскен екеудің бүйтіп тілге келіп, ақыр соңында қазақы дәстүрмен қағыла бастағаны Қуандария басшыларының ес жиып, тіпті жасанды болса да емен-жарқын қалығтарына қайта түсүне аз-мұз жағдай жасағандай еді. Әлгіндей емес, қабагы жұмсарап, қатуы азайған Мұбәрәк та қасынан қалмай қатар келе жатқан Тоқтарбайдың сезінс құлак тосығыны.

— Сөйле, Қара Қылшак, Қобыланым! — деп еңді тіпті әдеттегідей кітермелег қойды.

— Сәйлемесем, менің айда-санда қолға әзер түсетін обкомға айтатын арызым бар.

— Астагыныралла! Мынау не дейді? Қойдаты арыз? Менің суқаным сүймейтін сезіндің бірі осы „арыз“.

— Бұл сезіді мен де үнаптаямын. Бірақ, ауызаш айтқан арыздың қарызы жоқ! — деп Тоқтарбай да Мұбәрәктің ыңғайына көшпі, ақырын құлап алды.— Бірақ, менің жеке бастың мұны емес, көшшіліктің сезі гой.

— Соңа бермей, ток етернеге кош, Тоқа.

— Ток, етері мынау... Жақа озің көрдің. Қуандарияның орталық базары да, дүкендері де жылан жолғағында жап-жалаңаш. Әсіресе азық-тұлік жағы тапшылашқ. Әрине, кедейліктен, жоқшылықтан емес, соуданы үйімдестыра алмағандықтан, әлгіндей белсенді кейуоналардың алдыңда уятка қалып жүрмін. Әйттесе осы лудланаң ҳалқыны азық боларлық өнімдер, құдайға шукір, жеткішкі. Мемлекеттік жоспарды орындармыз, орындармаспаз, ол басқа гәп... бірақ біз ет, сүт, астық, жеміс-жидек жығынан жерге қарал отырганымыз жоқ. Осылда совет жұмысына келгел бері мінша мен, маселен, колхоз, совхоз басшыларымен

ақылдасыл, аудан орталығынан шарын дүкендер ашыға койдірген де едім...

Мұбәрәк аз аял жасады да. Тоқтарбайдың сөзіне анық, мән берген түрмек:

— Иә, иә?.. — деп сұрады.

— Ондағы ойым: эр колхоз, совхозда дайындалатын азық-тұлқы өнімдерін, оңда да ет пеп сүт, сары май ғана емес, құрт, қақ, сөк, талдан, жент сокілді үлттық тогамдарды қыстак, халқына мемлекеттік арзан болғанын саттыру еді. Бұл, бір жағынаш, колхоз, совхоздарымыздың қосымша қаржы көзі болса, екінші жағынан, жұмысшы қыстактарының күн корісін жеңілдетеппің сәсіз.

— Ау, мынауың жақсы идея гой!

— Бірақ осы жақсы идеяны аудандық партия комитетінің бюросы қос көрмеді...

— Неге қос көрмейді? — Мұбәрәк шын таңырқап Өтениязовқа қарады. Өтениязон әдептегідей бірден жауап бермей, аятына жем түскен аттай кібіртіктей берді.

— Ол енді дұрыс пәрсө гой... бірақ, заңға томпақтау келсе мәдеген оймен неғылдық... кейшінде қалдырдық. — Деді.

— Қала халқын азық-тұлқинен қамтамасыз ету қандай заңға томпақ, келеді екен?

— Кейбір бюро мүшелері орталық базарда колхоз, совхоздарымыздың жеке дүкендерін аштырасақ, мұның езі социалистік менишкке нұқсан келтіруі мүмкін дегендегей қауіп айтты...

Бұл жолы Өтениязов кібіртіктемес, естілер-естілмес бәсек үнмен, бірақ әр сөзіне салмақ сала сейлемді. Мұбәрәк қароулыдатын хатшысының бәсек үшінен әлдеқаңдай сұық ызгарды сезді мә екен, әлде жары көрішген екі жағалаудың ешқайсысына жоламай, ортодаты ағынға қайығын бұрып алғып, аман-сау жүзе беретін ежелгі тәсіліне бақты ма, айтеуір бұл жолғы қарқыны тез басылды.

— Элбette, әрбір шаруашылық қалда дүкен ашып, дайын өнімдерін мемлекеттік жоспарға сыйкес ортақ қазаңға қытодың орнына, сатырлатып сатып жатса, бұл базар стихиясына жол беріп, қоғамдық менишктиң іргесін шайқалтуы әбден мүмкін, — деп тағы да пәлсөншашылап кетті.

Әлгінде ғана „жақсы идея“ деп қошеметтеп түріп, бір айналымға жетіней құйрығын сыртқа салған құрдасының қылышына шыдламаган Тоқтарбай шырт етс қалды.

— Мұнда қандай саясат бар? Колхоз бен совхоз жеке менишкітің үясы емес. Олар осында дүкен ашса, таңқан

қаржысы да колхоз бен совхоздың кассасына түспейді месекен?

Мұбәрәк Қабагын көтерді де қойды. Тоқтарбайдың дауына шақты жауп берерліктең құлық танытпіоды.

Тоқтарбаи өзін, тоқтай алмады. Қасындағы әдліштер мұның бүгінші шаруа тұрмысқа қатысты қаралайым үсінін-сынаң үлкен саясат іздей бастаған соң, бұл да қарап қалмай, әлі келгенше енді осылардың өз тілмен сейлеуге тырысшы бақты.

— Біздің партиямыздың іздешімпаз жағашылдар партиясы екенин Брежнев жолдас талай айтты емес не? Ендеше, оңбай тұрган әрбір Істің оңтайын тауып ғалері бастырасақ, арі соның барі көпшиліктің иғлігі үшін жұмсалса, адам шиетті коммунист үшін одан асқан абырай жок. Егер маган салса, соуда-саттық, мекемелеріне ғана емес, әрбір үйшімдасқан еңбекші үжымдардаяқ барынс халыққа қажетті өнімдерінің недауыр белгін бязарға алып шығуына кеңішілік жасар едім. Ол ол ма, біздің милициямыз қотам мүлкін талан-таражға салғап ұры-қарылорды үстәлі, жаңыра тартудың орнына, мәселен, Қуандырняның станисасы алдына шығып, әрлі-берлі өткен пойыздарға қауыш-қарбын сататын қатын-қлаушарды тұрқыратып қуып жүреді. Бұл не сонда? Социалистік мешікті қорғау ма? Колхоз базарында әрбір шаруа артық, оныңдерін сатуға хұқыны. Ал жол бойына апартын сатса, милиция қутынға салады. Осы жерде қаңдай логика барын маган, Самарқандың ауыл шаруашылығы институтын әзер бітрген кеңеге қалыптың түсіндіріп бересің? Сен, Мұбәрәк, әуселі тарих факультетін тәмамдаган, кейін СХИ-де сырттай оқып, диссертация қорғаган зор білімпазыныңдың бірісің той. Әлп немене еди... Саяси экономиканы да біраз қотарған шығарсың... біз сияқты қараңғы емессің әйтсеуір. Айтшы, қанс. Мениң қателігім қай жерде?

Мұбәрәк өзіне туралап сұрақ, қойған тәржеманың ішінен ыншқынын шыққан қызы сөзшен соң Қабагын кіржипп кілдіріп тұрды да, артынша тез жадырап, үиренішкіті әүсініне басты.

— Қара Қыншак Қобылайдының тұқымы қателесуші ме еді? Тоқа, сен, әлбетте, қателескен жоқсың. Бірақ сенің тал бойында жалғыз ғана мішің бар, соны білемсің? Аса!

Бастықтың жадыранқы жарқыш жүэші көрін, басқаларының да көзілдері қайта жайлана бастады. Тоқтарбайдың қисының тауып киалкен қисық, сөзін әуедден үннапай тұрган бюро мүшелерінің бірзозы үлкен кісінің беті әрмен қарай емес, бермен қарый бұрылғанын

жақсы жорага жорып, енді реті келсе аяқ, остынан жоңашылдық, жасампаздық мінез таныта Қойған ауатком тарғасын келекелеп, көргілеуге де кет арі емес еді.

— Тоқа, сен мезгіліңген елу жыл ерте туғансың. Егер слу жыл кейін туғаңда, коммунизм түсініңде уйым-жайғысыз өмір сүріп жатар едің. Онда Қуандарияның құралған базарына барып, жұтаган жұтыны дүкендерді көріп, бүйтіп шат-шалекейге түспес едің. Өйткені коммунизм заманында, Тоқа, бір төткі басып жіберссің, керегіншің бәрі зырылдып алдына озі келеді... Эне, рахотизм деген сол болды!

Мұбәрәктің бұл қылмы — қасындығы құлесештер алдында Тоқтарбайды аяқтан шалып, түп-тұра жынып беру еді. Тоқтарбайдың шынын оптың міншіне айналдырып, враза, астарсыз қалжынмен құттылып кетпек болғандығы түлкі пін-еті қайсы екенін бұл қапелімде бағамдан үлпірмезді.

— Егер мен слу жыл кейін тусам, Құснудилов секілді заманымыздың заңғар ойшылымен Қатар өмір сүре алмажынма оқініп, құсалықпен отер едім той! — деп Қойын қалды.

Тоқтарбайдың аялсыз жауабы Мұбәрәкпің аңы сықағынан асып түспесе, кен соқпайтындағы естіліп еді. Осының бірден аңғарған бюро нүшелері әуелде қалай құла-рын білмей, қысыла бастағанда, бастық, тапы құтқарни кетті.

— Тоқтарбайдың бір жылы тұғын озіме де түк обал жоқ! — деп Мұбәрәк шалқалап құлшып, жетісті де қалды.

— Шіркін, Қурдастардың әдемі әзіліне жететін не бар?

— Қазақ арасында оскен қурдастар бұрын бір-біріне бұдан да оуыр қалжылдар айта бермеуші ме еді?

— Мәкен мен Тоқацының бір қақпайлары олардың ешқайсысына үқсамайды. Шетинен тізіліп тұрған ассыл сөздер той! Пай-пай!

Мұбәрәктің арқасымен арзан мақтаута қосылыш кеткен Тоқтарбай бұдан арі сауда-саттық тақырыбын қозғамай, базар аралаган бастықтардың ішіндегі бірағта шейин дыбысын шыгармай, құр Ілесе берді. Біресе мал базарға барып, біресе жаймада отырған қатын-қалаштармен тұлдесіп, бұқараның хал-ақуплымен танысқан болған болықтардың келді-кеттісі, артынан суралып, жаулыбы жоқ, бастекі әңгімелері кен үзамай жалықтыра бастады. Мұбәрәктің бұрыннан көпшіл, демократ корінгуте тырысатын тұраш екеніп білуші еді. Ал оның пілтап жүздескен аіқау корерменінің қол шаптиттауына Құмар мақтап сүйгіш артистік өнері де осы жолы мен мұндаудаумен болды.

Өкінішке орай, бүнірден сауда қойыш ақ, кимешекп кемпірлер қайтып көрінбеді

Кішіпейілдігіндең асқан Мұбәрәк бұдан соң балардың бір бүрышындағы аяқ киімді жамаш-жасқайтын етікшішің кішкене қоқырасына барын кірді. Осы арада Тоқтарбайдың құлықсыз көңілші сергіткен хішігірім „көңілді“ оқига болды.

Доболдай бәтіңкенің тұмсығын темір қалыпқа кигізіп қойып, ұтаниң үргылап отырып орақ, мұрын, сақал-шашы есілкі, кавказ пошымдас етікші үстіне кірген кілец жесіл тази киімді, бет-жұздерін жел қақпаган зиялларға әусаде таңырқай қаржы, алдан сасқалақтан та қалды. Сасқаны болуы керек, Мұбәрәк орысша амандастып, қолын согаңда, аныа кетік тістерін көрсетіп ыржалақтан құліп пады да, бастыққа май-май балғасын ұсынды.

— Маған сенің балғаңыңың қажеті жоқ,— деді Мұбәрәк басын шайқап. Кавказ пошымдас етікші тап-таза қазақ тілінде:

— Ондо слати не керек? Аяқ, киіміңді майлар берейін бе?— деді. Деді де, Мұбәрәктің судай жаңа біз тұмсық туфлиіне қарады.

— Рахмет, айналайши. Қажеті жоқ. Біз сенің жағдайыңмен танысуга келдік.

— Менің бе?— Осылар мізак, етуден сау ма деген күдікті көзбен етікші айнала онарылып тұрған бастықтарға қарады.

Бюро мүшелерінің бірі жылдамдақ жасап:

— Сен қорықла, Серго. Бұлардың бәрі өзіміздің жіліттер, облыс пен аудан бесшылары. Мынау Мұбәрәк Қарімұлы. Жүзін кормесең де, атын сыртынан талай естіген шығарсың, облыстық паргия үйімінің Бірінші секретары,— деді жасанды жійбароқтот дауыспен.— Енді сен ағаңың сұрақтарына астын-саншай жауап бергейсің. Түсіндің бе?

— Қандай сұрақтар?..— Етікшінің шарасы ұлкен, алдын мол көзіндеі күдік әзір таратыны емес.

Қарны бұлтнан Мұбәрәк осы кездे етікшінің алдына барып жүрелен отыра қалды да, ерекше жанашыр, жақын пейілмен:

— Серго, жалпы жағдайың қалай?— дес сурады.

Қолыша балға ұстаган етікші отырысдан озгерілестен:

— Жағдайым жақсы, құдайға шүкір.— деді.

— М-м... дүрыс екен. Қазақшага судайсың, Серго. Грузинің бе?

— Грузин болғаңда, тазасы емесспін... Сен оны шеge сурады?

— Маган бәрібір. Атың Серго... Орджоникидзе емессің той айте!?

Мұбәрәктің өзілінен соқ етікші есіл жынып, балғадан бос қолының сыртымен орлқ мүрінің әрлі-берлі езгілес, қатты-қалғы сүртің қойды. Енді оның шарасы үлкен, алсы мол көзі кішірейілкіреп, бет-жұаше жылу ене бастады.

— Жоқ, мен Орджоникидзе емесспін.

— Жарайды, оңда бізге айттар арыз-шагымдарың бар ма?

— Ешқоюлдай арыз-шагымым жоқ.

— Қолайша? Соңда сенің тәрт құбылаң түтел, бәрі тамаша ма?

— Үйім бар, қатынның бар, балам бар. Денім сау. Табышым озімежетеді. Басқа не керек?

Өмірінс өкпесі жоқ, адамды жаңа көргендей, әлденебір себеппен әбден риза болып. Мұбәрәк етікшінің болғадап бос қолына жармасып, қайта-қайта сілкіледі де:

— Мис, азамат! Ногыз оптимист! Туасы біз әрқашан осында жұмыскер табынын вілдеріне қарал, бой түзеп, онеге алуынша керек қой. Аның жоқ, мынау жетімсіз дең сарыуайымға түсіп, жылай бергенине не шығады? — дес оршылан түрді.

Дәл осы кезде оның көз қының қақыраның жұқа тақтай қабырғасына жапсырылған суреттерге түсіп, етікші атаулының отырган жерлерін остип ашкейласйтінінен хабардар болғандықтан, бұдан әрі бос мылжылдомай, бұрылып кете беруге ыңғайлана бергені сол еді. Қабыргага жапсырылған үш суреттің біреуі көзге тосын әрі тым жақын таныстай көрінгесің тәжеліш түрүп қалды. Екі үлкен сурет, сіра орталық журналдардың бірінен қынылып алынса керек, елге белгілі саяси қайраткерлердің екен де, үшіншісі оларға қарғанды кішірек газет кесіндісіне үқсайды. Бұл суреттеге екі шекесі торсыктай, қалың қасты, томпак, ерінді толықша қазақ, жіппі ойла, ішірлі көзін өзі көрген нарасесінде қарай сәл қигаштаң, қынла қарап сіл.

Ұлаты — басқа, құлқы — белісіз, қайдагы бір етікшінің қақырасының қабырғасында әлемге әйгілі саяси қайраткерлермен қатар осы облыстың шекарасынан ар ассаң біреу біліп, біреу білемейтін қазақ азаматының суреті Іуал түруы — оңайлықпен ештемеге шын таңырқай қоймайтын Мұбәрәк қағана емес, оның қасындағы жымын жасырып үйренген жырындыларға да тосын нәрседей көршиген еді.

Әрине, Мұбәрәктің қайдагы бір етікшінің қақырасының қабырғасына ишіген суреттерді елемей, бұрылып кете беруіне болушы еді. Бірақ ол өйтпеді.

— Мына суреттеп қой достарың? — деп етікшіге қарағ иеги көтерді.

— Немене, шынымен танымай тұрсың ба? — деп етікші мүрншы тыржитты. — Аның шетегісі Эрнесто че Генвара, ортодоксы Пагрис Лумумба, бергісі, блетті шығарсың. Шерәлі Дүйсенбаев.

— Э, солай ма еді?

Етікшінің ал-анық қыска жауабын естіген соң да Мұбәрәк тоқтай алмады. Ертін жымқырын тұрғып, сәл ойланып тұрды да, тергеуін жалғастырды.

— Дүріс қой, Серго. Бірақ мешің саған қояттын саударым мұнымен таусылатын емес. Сен, әлбетте, ренжіме...

— Валай! — деп етікші қолыпдағы болғасын сермен қалды. — Бастық болғасып, халықтың пікірін білгі келеді гой. Сүрай бер.

— Сүрасам... Генара мен Лумумба жолдастардың суретін іші қойғаның әбден түсінікті. Ал Дүйсенбаев жолдас мүнда неғып тұр?

— Жарайды, мен саған шынымында айтайын. Өзің жүзің жылы бастық сияқтысың... — деп Мұбәрәктың осыншама қолапшығанына әжептәуір семіріп, көңілі жіби бастаған етікші кенет бір көзін қысып қойды. — Сен блетті шығарсың, христиан діниде троица деген қасиетті үтім бар. Қараштап тімен айтсақ, құдыштің күшті жаратушының үш синиты. Естің пе едің?

— Иә, иә, хабарым бар гой.

— Мәриям ана, опық ұлы Христос, әулиелі руһ... Түсіндің бе? Мына мен, етікші болсам да, христиан ретінде осы троицада табынып, сыйыашын жүремін. Сендер, мұсылманндар, бір гана Аллаға жағдарынасындар, ал біз, христиандар троицада...

— Жарайды, ол жағы белгілі гой.

— Мына суреттерден үшеу, мысалы, осы заманның троицасына үқсайды. Менің пікірімің солай... Түсіндің бе?

— Түсінесем бүйірмасын! — деп Мұбәрәк шын дағдарған аңғал жүзбен серіктеріне қарған. — Эй, мына сығыр не айтып кетті?

Қабырғадагы суреттерге көзі түскелі бері қабагын кірбің басып, іштей дымы құрып тұрган Өтениязов (әйтегір Тоқтарбайға солай көрінгө) бастықтың взі бас соуғолға шақыра бастаған соң, реншиң жасыра алмай, бірдең кірілдей жирылышп, күңк ете қалды.

— Көрүлгөн етікшінің мылжыңын тыңдалп... кі! — деді.

Мұбәрәктің көңіл құбылнамасының багдарын алдың ала болжап білудің ерекше қын шаруда екеніне Тоқтарбайдың дәл осы арада тагы козі жетті: болғыпшылтының ашу-шадан тұган күңгілін естіген бастық:

— Сонда мұлың мылжыңын тыңдалп тұргаң біз кімбіз? — дед қитыра түсін.

Өтениязовтың кез жиегі қызыарып, тагы сұлмынып кетті. Жауал бермеді.

Мұбәрак етікшіге бұрылды.

— Құлагын сенде, Серго!

Етікші қолыңдагы балғасын енді қабыргада жаңсырулы тұран суреттерге қарай сілтеді.

— Жаңа айттым той: бұлар, менің пікірімші, осы заманың троицасына үқсайды дей. Үш әулие, бірі — ақ, түсті, бірі — қара түсті, бірі — сары түсті. Демек, ұлыстық қурамы жатынан бүткіл адамзат түгел осында. Үшесі де атақ, даңқ, білік үшін емес... әрине, менің пікірімші, бұқара халықтың мұддесін қорғау жолында сендерші, мұсылманшарша айтсақ, шәйіт болған қыршындар. Осы үшесүн әулие тұтып, қабыргаға ылп қойған себебім әнен сол. Енді түсіндін бе?

Мұбәрәк ернін жымқырыл тұрып:

— Еңді... түсіндім, — деді. — Сен өзің иедауір философ екенің. Осының бәрін қайдан біліп жүрсің?

Серго сасқан жоқ, жайбарақат дауыспен:

— Етікшиңің бәрі философ, білгіш болатыны белгілі нарсе, — деді. Елдің бәріне аял, үйренешкі шыңдықтай етіп айтты.

— Тама бір сауалым бар, Серго. Сен, әлбетте, ренжімс...

— Валай.

— Сен той Грузиядан келген... туысқансың. Ал қавказдың етікшілердің киоскісінде көбіш Стилиниң суреттері ілінп тұрушы еді. Ал сен Ленин мен Сталиннің орнына мүндел...

— Тоқта, — дед осы арада етікші Мұбәрәктің сөзін болді. — Мен Ленин жолдасты қөргенім жоқ, тек атын естігемміш... Ал Сталинді білемін. Білгендіктен де шигуақытта оның суретіне шоқынбаймы.

— Сталинді қайдан білесің?

— Эке-шешемді отыз жетінші жылы атып жіберсе, өзімді бір рет түрмеге қамап, екінші жолы осы

Қазақстанға жер аударса, оңдай ібілістің баласын мен
білмегендे, кім біледі?!

— Е... Аны болып шықты гой!

Мұбәрәк бұлда соң сәзудар стікшімен қол беріп
қоштасы да, сымтқа шықты. Содан біразга шейин тіс жа-
рын үндемей, еңсесін томас салып келе жатты. Әлден
уәкүтте артына қарай бүрүлжап. Тоқтарбайды қөзбен іздең
тауып алды да:

— Аңда-санда жиналыстар үстінде кездесіп, асыныс
амаіdosқаңымызбен, жақсы білмейтін жігітім еді. Артында
қалған елі осыншама ардақ тұтатындаид, шын өнегелі, өрісі
бнік болған-да өзі. Солай ма? — деп сұрады.

Тоқтарбай, әрине, аны атын атамаса да, әңгіменің
Шерәлі жайында екенін бірден түсінді.

— Артында қалған елі осыншама ардақтагашына
Қараганды, соган лайық еңбек болған шығар,— деп
құлықсыздар жауап қайырды. Дәл қазір ескі жарашың
аузын тыриап, қасындағы серіктепінің біразына жағымсыз
тиетті сезді өрбіткісі келмісді.

— Е-е... солай де. Ертең сіз бен біз олсек. Тоқа, арты-
мызды осындаи ақынға айналдырып жіберетін стікшілер
табыла қойса жақсы-аул— деп бір қойды.— Эй, қайдам.
Ол тұтпа, жұма сайын құран оқып, сауабын батыштап оты-
ратын мұсылман боласы қалар ма екен...

Бастынаның аяқ астынан қөңілі жібіп, осаддық таны-
тын келе жатқан себебін түсінбей әрі оның айтқан сөзінің
шын иистен шыққан сырь екеніне сенішкіремеген
Тоқтарбай:

— Өлген коммунистің артынан құран оқып қажеті не?
Ол бәрібір құдайға сенбейді гой,— деді қалжыңға сүйеп.

— Иә, иә, біз құдайға сенбейміз. Біздің бәріміз қызыл
қүрең атеистерміз. Бізге ол дүниенің қызыны керек емес.
Біздің бар алаңымыз бұл дүниеде. Солай ма?

— Солай.

— Ендеше, бәріш қармай, қамтын қал. Іш, же, кип.
Үрла-жырла, зорла, күште. Әйтеуір қаржакан басынды жа-
рылқа. Солай ма?

— Солай.

— Дауыс екен.

корада қараштансаң өтседі. Жергілікті ауда райына, жем-
шөпкес, ішетін сұыша үйреніп кетуі үшін әдетте жеке
корада үстайды. Дұрыс па?

— Мұндай күтім жасаса, біздің қазакы
кошқарларымыз да қос-қостан қозы топтиратын шыгар-
ы!— деп заңда отырғандардың бірсуі тыныш отыра алмай.
Дауыс көтерді.

Мұны естиген Токтарбай:

— Эй, шырагаты! Қыстырылмай тыныш отырсаңы!—
Деп тез ашууланып кейіп тастагон. Бірақ әлп күпкілдек
бірінші секретарь жаққа қарай жатына қарап алды да:

— Багын келіссе, молдай жаманы болушы ма еді? Туу
алысталғы Өзбекстандағы асыл тұқым іздел босқа

шығынданғанша, өзіміздің даңғелек құйрық Еділбай Қошқарларымыздың аузын жем-шолтеп құргатпасақ, құйрықтары дірмендей ауыр қой баласын ызытын тудыра береді, оллайы!— деп өз сезшің дүрыстығына сендеру үшін тіпті қорғап кілгене бастады.

— Аузына май асатсаң да, сениң қазақы Қошқарларыңда асыл тұқымды атын сүр Қозайлар тумайды!— деп Тоқтарбай да скілеіп, шын мәнісінде қазақы Қошқарларға емес, осы ауданың бірінші бастығы Өтениязовқа ара түсіп отырған „адвокат“ немеге қарай қолын бірақ, сілтеген.

— Е, неге? Дәлеліңіз бар ма?— деп даусын бұрынғыдан да котере түскен әлі “адвокат”, ауатком төрагасының қол сілтегесіне шамдағын қалды ма екен, орындағы түрлі кеткен еді.

Тоқтарбайдың есінсі бала күндерінде: „Неге? Котіңді тасқа ере!“— деп бір-біріне бұзакы жауап беріп ойнайтын қырық қылықтары түсіп кетті. Бірақ, әрине, бүгінші мәжіліс залыңда отырған жандайшапқа өйтіп дөрекі жауап берсе алмайсыц.

— Негесі сол, жолдас Жоламанов,— деп бұл жолы ауатком төрагасы ашуын тізгіңдеп, әдейі көңілдене жауап берді.— Мәсселен, Абайдай ақынды дүниеге келтіру үшін оның әкесі Құлғаубайдай қажы болуы керек. Асылдағы асыл туады, жасықтан шірік туады. Осыны да Білмеймісің, шырагым-ау?

— Абайдың бұл жерге түк қатысы жоқ. Ал асылдағанда асыл туады десу, мениңше, марксизмге жат, реакциялық теория...— деп айттыс қызына түссе бастаган „адвокат“ ақыр социнда түрған оршиңда қын-қызын слякатқа көшкен.

Осы арада төрдің төбесінде отырған Өтениязов оң қолын көтеріп:

— Бөстекі әңгімелі дөгарайық,— деді. Бәсек дұуыспен, бірақ салмақты, нық, сөйледі.— Басқа айтарыңыз болмаса, Тоқа, біз бұл мәсселені гленумиңің талқысына салып корейік. Ал сіз, Жоламанов, кезексіз кимелей бермеңіз, тәртіп ғақтаңыз.

— Апымай, пікірімізді лайтіймыз ба?— деп заффы жараласақ томеншектеп қалды.

— Жарыйды. Жетті. Отырыңыз, Жоламанов.— Бастық келте қайырды.

— Ал, мениң нақты үсіншісім: келешекте ауданымызды асыл тұқымды қой есіретпік мемлекеттік завод ашуымыз

керек. Сухаңдарияның қоңыр қошқарларынан туған малы-
мыздың саны бес жүзге жетсе, мұны Іске асырудың түк
қындыны жоқ,— дед соңы сөзін вайтқағ Токтарбай да
нінбеден түссе бергегі.

Токтарбай тәрделі орниша барып жайғасқанша, Аббас
кезекті сауалын қыстырмағап та үлгірді.

— Ол үшін Сухаңдарияның жұз қошқарын бес жыл
батып-күтуіміз керек қой. Солай ми, Тоқа? — деді.

Токтарбай сәл бөгеліп барып:

— Иә, шамамен бес жылдан уақыт керек болады.—
деп тагы қойтады.

— М-м... бес жыл... аз уақыт емес екен,— дед біршілік
секретарь еңді суланғаш қой көзін кеңірек ашып, мәжіліс
залының ішін айнала шомып етті.— Қане, кімде қаңдай
пікір бар? Жолдастар, бөгелменеңідер. Тәздетесік. Бүтінгі
күн тәртібінде бұдан да моныздырық мәселелер бар...

Біршілік басшының сөзінен соң Қуатандариядаты екі
әрудің қайсысын жақтарын білемей бір мезгіл тым-тырыс
бала қалған заңдағы бүршының шошаң еткізіп қолын көтे-
ре қойған белсендінің Ақтая Жаһилов екенін бірден та-
ныған Тоқтарбайдың іші қының еткені әбден түсінікті еді.
„Әй, мынау енді бәрін бұлдіреді-ау“ деп ойлады. Өйтіп
қауіппенетіндегі жөні бар еді. Жаһилов аудандық партия
комитетінің бюро мүшелігі дәрежесіне етпей қалды.
Өткізбеген Тоқтарбай. Бюро мүшелігіне ақыры аудаком
тәрагасының жақтасы Ағпақов сайланып кетті. Бүтінгі
плеігум мәжілісінде осы Ағпақовпен тізе қосып алған
Арыстанбековтың оқтем-оқтем сөйлегеніңе, әрине, біршілік
автобаза директорының зиярділіп қайнап отыреан болуы
керек. Жаһиловтың аудаком тәрагасымен қыргиқабақ, бо-
ла бастауына өзге себептер де жеткілікті еді. Туган нағашы
атасы Арысбаевтың тояққа жығылып, ел-жүргт алдында
масқарата үшінраганын бұл Қара Мысық оңайлықпен үмы-
та қоюшы ма еді?..

Рас, Өтениязов язғанда Жаһилов „досын“ бюро
мүшелігіне откізе алмағатымен, осы автобаза директоры
пәлен жылдан бері аудандық партия комитетінің білдей
пленум мүшесі екен. Егер партияның үстен белгіленген
хұқысын пайдалана білсе, плеігум мүшесінің қолында да
недәүір билік бар. Жаһилов, әрине, пайдалы жерді назары-
пап қатыс қалдырmas еді. Бірақ Тоқтарбайдың байқаганы:
осы Жаһилов партияның билік ісіне араласуға пәлендей
құлықты да емес секілді корінеді. Осындаи құлықсыз
жігітті бюро мүшелігіне үсненің жүрген Өтениязовтың ни-

етін түсінгенмен, мүндай оймасız әрекеттен үзілді-кесілді бас тартған Жаһиловтың әрекетін түстел тани алмай жүрді. Шыныда бұл Жаһиловке партиялық, билік немене-ге керек? Айтушылардың сөзіне қарата, Жаһилов Там-кент облысындағы күндерінде аудан мен облыс жайлаған әкімдердің біразы онның алдында қурақ үшатынын Тоқтарбайдың өзі де Қазір көріп-блай жүр. Ал аудандық партия комитетінің пленум мүшесі Жаһилов сол пленум мәжілістеріне оте сирек қатынласар еді. Қатысқан күндерінде де талқылау сөздерге арналаспай, кебіне тым-тырыс мұлғап отырар еді. Пленум мәжілістері тым үзап бара жатса, ешкімші руқсатын сұрамай-ақ, золдан шығып журе бергенін Тоқтарбай талай байқаган. Соңда Қаласының қалыңдығына сеніп, өзге коншілікті басылуға арланбайтын адыраң жиікे іштей зығырдағы қайнап, жігері құм болып жүрушінің бірі өзі емес не?

Енді сол адаянған неңе аяғын алшақ басып мінбеке қарай үмтүлғаңда Тоқтарбайдың қабагы түйілп, танауы қусырылыш жүре берді. Іштей ширығып, өзі сиртынан Қара Мысық, атап жүрген Жаһиловты итше бас салуга әзірлене бастаган.

Біріңік бұл жолы Жаһилов құйрығын үстептап жеткен еді. Бірінші автобаза директоры мінбеке жетер-жетпестен, ерекші ақжарқын жүзбен, кеңпейілді дауыспен сампыл-дай жөнелгеш бар.

— Жолдостар, осы мен түккө түсініп тұрганым жоқ! — деді. — Біздің әйгілі партизан ағамыз Аїпақов ешкімге қолын жойып ештеңе сұрамай, колхоздың тапқан қаржысына Өзбекстаннан асыл тұқымды мал сатып алмақ шиесте екен. Алсын. Онда кимнің шаруасы бар? Меніңше, мүндай мәсселені пленум талқысына салып та қажеті жоқ. Аїпақовтың өзі аудандық партия комитетінің бюро мүшесі емес не? Әрбір ісіне, басқаң қадамына жауап беруге то-лық шамасы жететін кісі!

Осыны айтып, сол жеткірішп алған — өзінің сөзін үна-тып, гүйдей бастаган зал ішіне көзін де салмай, президиум жаққағ онда да бірінші секретарь Өтениязовқа қарай кішкене қызық, көзін тұра қадеп тұрып:

— Мен Әлекенің бұл ұсынысын толық, қолдаймын, — деді. — Қолдап қана қоймай, біздің автобаза жаңашыдағы қосалқы шаруашылыққа сол Сухандария облысынан жүз, жүз елудей асыл тұқымды қошқар сатып ақеліп қосу да ойымда бар. Неге дейсіздер той? Өйткені, жолдостар,

қозысы ылғы алтын сүр туатын, өзі етті, семін мал біздің жұмыскерлерімізге де керек-ақ!

Жаһиловтың кесімді сезі сол жолы аудандық партия комитетінің шешімді қарарына лайланып шыға келген еді. Асыл тұқымды мал өсірмекке асыққан соңдаты белгесінде шаруашылық басшының ендіп ақуалы мынау: адәл ақшасын толеген менишкіті мәліни түтегендеп ала алмай, гана тол түстө таланып келіп отыр. Әрі бұл Аппакон міндеттес қалпақпен оқай үріп түсірерліктей оқай-оспақтың бірі смес, бұрынғы партизан, мінезі де ожарлау, додал кісі. „Гигант“ колхозын басқарғалы бері әлденеше мәрте үкімет на-градаларына ие болған, отапы кішкене аудан емес, облыс колемінде мәшінүр, басшылар алдында да әжептәуір абырай-лы, айбыны зор кәрі Қақса. Ауыларкомың бюро мүшелігіне сайланғалы бері көбіне Токтарбайдың сезін сөйлем, тұзу ниеттестігін жасырмай-ақ келеді. Онда да өзгелер топшылаш жүргендей аудандық отқару коми-тетінің төрағасы бастаған топқа келіп қосылыш пайдо табу үшін емес, сіра әуелі тұсынан бүқпаштайтың білмейтін, өзі тұра көрген жолынан қия баспауга тырысатын бірбеткей жерліктерінің жетегінде жүргендейтін болу керек, әйтсеір Аппаконқа арқа сүйегелі бері Токтарбайдың да та-сы өріе Қарай домалай бастағандай корінін жүр еді. Әрине, Өтениязовтың қабагына Қарал мұның алдын кес-кесте-ушілер, әйтисе үндемей бұнып қалушылар әлі де аз емес. Бірінші Қашшалықтың Қарсылыққа үшіншегінмен, ауатком төрағасының айтқандасты қазір осы аудан көлеміндегі еске-руіз далада қалып жатқан жок. Жүрттү түтедей аузы-на қаратып алмағанмен, ай артынан ай откел салын Токтарбайдың өрге Қарай домаладан тасы бірте-бірте ауыр тартып, қияндағы Қуандариядеги кішкенетай ғана билік то-разысның екінші басын жеңілдетеп жогоры көтере түскеши осы күні осындағы едің көбі байқап жүр. Әйтсеір Қуандарияга келгелі қоншама ай уақыт өтсе, осы уақыт ішінде ерекше іскерлік, ең бастысы — едеп ерек әділетшіл, турашыл мінез тәншітиқ болып тыраштанған ауатком төрағасына бірден қырын келген Қаршу ниеттілер саны әзір күрт азайып кетпегенмен, Токтарбайдың Қарасын кобейте түскеңдердің бар екені ақиқат еді.

Енді сол Қарасын кобейтіскең көрикті серігі Аппаконқа қасақана Қияннат жасаган Жаһиловтың тұпкі мақсаты бұған тіпті түсініксіз көрінді.

— Соңда қалай болды өзі? — десін сурады Токтарбай. Шын дағдарын отыр еді.

— Не қалайш бар? — деп Аппаков әлі ашуын боса алмай, аптыгып отырды. — Сухандориядан сатып алдырган жүз Қошқарымның отызының Ізі-түзі жоқ. Жогымды сұрап барсам, Жаһилов бет бәқтышмайды, отаңа нәлест!

— Жаһиловтаң сұрап жиыншылғыз бар ма? Ол үрлікты вә Колымен істеп пе? — Төреканың даусында әлі де дүдемал бар еді.

— Мәселе былай той. — деп Аппаков тықырлап қыргызған не сопақ емес, не дөңгелек емес, ойқы-шойқы басын қапелімде тыр-тыр қаси бастады. — Сухандориядан мал сатып алу үшін Жаһиловтың вәі барған...

— Иә, соңсоң?

— Сол жерде асыл түқымды жүз слу қошқарды вәі таңдалап алғап, табаңда әкшасын толеген де, бәрін машинага артқызып жөнелтіп жіберген.

— Өзіңіз жұмсаған адамдарыңыз қайда жүр, Элеке-ау?

— Бізден зоотехник пеи бухгалтер-кассир кеткен. Бұлар да Жаһиловпен бірге жүз қошқарды түгендер машинага тиесілті. Жаһиловтың вәі шаруасын бітірген соң самолетке билет алған, Таңкентке үшіп кетілті, нәкас!

Тоқтарбай шылымының түтінші аудынан бүрк-бүрк үрлеп шығара бастады.

— Түсініксіз жаңдай екен... — деді. — Соңда ише емес, түйме емес, вә адамдарыңыз таңдалап алған, қүйрығы жер сыйратын зілдей мәлдәріңіз үштү-күйлі қайда жоғалып кетеді? Жіберген кіслерпіздік тоба қазынан таяп тұрып, аурыстал сұраққа алдыңыз ба вәі?

— Сүрекле тұғыл, зоотехниптің мүрінін тегістеп те жібердім... Бухгалтер-кассирін жас бала еді, оған тимедім... аядым...

— Соңда не дейді әлгі зоотехнигіңіз?

— Өлсе, сырын ашар емес, наисап неме! Сіра Жаһилов қатты корқытып қойды ма дейміш... Ұзак, жолда пәлен қошқардың өкпесі күйіп өлді, пәленші түгіде қасқыр тартып кетті, пәлен түзгे қашып жоғалды деген сұлтау айтады. „Әй, отаңа нәлест-ау, қазір жағдайыңыз ыстық шілдесі жоқ. Күздің салқынныңді тәбесі ашық машинаға тиелген қой баласының өкпесі күйіп олуди ме еді? Не оттап тұрсын?!” деп өзін әбден томпештедім-ай келім...

— Кол жұмсағашыңыз қате болған, Элеке. Бұныңыз ескі феодалдық тәртіп... Қазіргіш ейтқаңда, партизаницина! Дұрыс па? — деп осы арда Тоқтарбай аяқ, астынан қасты қалың қабагын түйіп алған қойсын.

Аппаков тұқ шіміріккен жок.

— Е, мениң өзім партизан емеспін бе? — деп ауатком төрағасына кәдімгідей таңырқай қарады. — Кешегі майданда біз ондай опасыздарды табап астыңда атып тастайтынбыз. — Мүші естігендे көмейіне құлқі көнтесіп келіп қалса да, Тоқтарбай қабагын жазбады.

— Қазір қоғақ бастығысыз. Ал қазір қараңызда жүрген адамдар да Белоруссия орманында немістермен үйқасқа түскен партизаңдар емес. Әлеке! Былай... кішкене... байқасаңызыш! — деп ескерді. Мүшісі әзи-оспақ, емес, шыны еді.

— Сонда мениң не істеудің керек екен? — деп сінді аяқ астына ежірейс қалды Аппаков. Быттиған бітік көзі суық тамшыдай жылт-жылт етеді.

— Сабыр етіңіз, Әлеке Сіз бен біздің жасымызда басқа амалымыз жок, — деп Тоқтарбай даусын жұмсарта түсті. Бұрынғы партизаның шамының тисең, кейде қасы мен досын айырып жатпай, шатқаяқтай жөнелетпін оғаш миңезінен хабардар ауатком төрағасы бүгінші әңгіменің тізгінін өз уысынан шығармау жағын да ойластырып отыр еді.

— Оңдай сабырыңың нәк... — деп, қапылыста қөрген қиялатын бойына сіңіре алмаган отағасы орынша, қалақшасын араластырып, біраз боктық сөзін боратып жіберді.

Тоқтарбай миғынан құліп, басын шайқады да, орнынан тұрып, төр жақтағы үлкен терезенің бір көзін айқара ошып тастады. Машина, көлік аз жүрестін аулан жақтан салқын са-мал леп лап қойды. Терезе түбіне осеке көк теректердің жел шілікәған жапырақ, сыйдыры естиледі. Ара-тұра үзік-үзік шырылдағын бозторғай үні осы жапырақ, сыйдырына араласып, ерекше сұлу сазды ауенге үласып тұрды. Осы ауенге бір ауық, құлак түрлен Тоқтарбай: „Алғырмай, құтіршіліктің ағыннымен арналысып жүріп, айнала табиғатты көруден, тамопілаудан да қалып барынға-ау“ деп ойлады.

Содан соң терезе алдыңда шылымын бүркүрлітпін тартып тұрып, бір ауық көңілсіздеу қиял жетегіне еріп кеткесін өзі де әңгірмай қалған еді. Осы арпалыс, жүйке тоздышту, мезгіліцен бүрнің қартаю кімге керек? Одан да Ларияның жағасына, жыныс тогай ішінен оңаша үй салдырып, терезе үл осылай айқарада атып тастап, ағаштан ағашқа қонақтанай сайран салған алуан құстардың сұлу ауесін тыңдалап, тыныш омір сүрсең болмас па? Жаңы, қысы болық аулан, омарта құрып, бал арасын бақ — бәрібір

әйтеуір осы заманда аяқ, қолы бүтін дені сау адам аштан олмейді. Жоқ, ондай жұпның тыныш тіршілікке өзімшіл кеуде есте қонғісі келмейді. Бәрімізге атақ керек, билік керек, байлық керек, әйтеуір тойым жоқ, қанағатымың кемши. Осы жолда өзіңе үқсаган өзге өзімшіл кеуделермен жи-жиң теке тіреске түсесің. Эрі мүнделіді қабіне өзінді емес, өзгеп кінәлдісің. Өтениязонгар мен Жаһиловтардың бүктеп астыңа ғүсірсең, дүниенің көші түзу жолға түсіп жүре беретіңдей, содан мәртебең асып, мұратыңа жететіндей көресің. Шыныңда солмай ма? Солай болуга тиіс пе? Өмір сүрудің магласы жауынды мұқатып, жақыныңың мерсейін тасытуға ғана ма екен? Мұндай шыныр ойлардың шиелеген байлауын тарқатып шешуге шамасы жете бермесін тогы біледі. Тоқтарбай содан артына бұрылған, инадайды түйедей болып үйелеп, озі әбден іштей түйіліп отырган ағасы Алпақовқа қайта-қайта көз тостайды. Тоқтарбайды қойшы жасынан билікке араласып, мансап деген жазылмас дергіке шалдыққан бейбактың бірі емес пе? Ал Алпақовтың жөн басқа еді гой. Өз айтуыша, төрт кластық, сауаты бар, сопыс алдыңда озат тракторшы атанған: балуан денелі, ожар миезді жіпті кешегі соғыс жылдарында қыруар ерліктер көрсетіп, Белорус ормандарында кек құыш жүріп „Қаныпезер Иван“ дәрежесіне шейін жоғарыласа керек. Майданнан қайтқан соң қайтадан үйрепшікті трактор руліс отырады, один кеңін жеке зөвіп құрып күріш егеді, бригада басқарады, содан наны көтеріліп колхоз басқару дәрежесіне жетеді. Ал басқаратын биікке шықтың екен, сенің басқаруыңа қонғісі келмейпідер де тобылады. Тіршіліктің бұлжымас заңы осындай. Элібек ағасының орнында озі болса, төрт кластық, сауатпен басып қатырғанша, қенбекенге жұдырық, иіскетіп, бергенін — қолынан, бермегенің — жолынан тосын тартып алуга аром күшіп жұмысғанша, ейтіп „Гигант“ колхозын ылгері қарай сүйремей-ак, баяғыша тракторын айдал, қарның тыртыр қасып, үйде тыныш жатар едім-ау деп те ойлайды. Бірақ бұл турасында отағасының не ойлайтынын суроуга батылла бармайды. Ренжітіп алармнану деп қорқады.

Жалпы осы Әлскең қызық, кісі. Қызық болғанды, салжұрттың біржының сүйсіздіріп, сыртекі мақтау мен даттау аралас дабыра сөзді соңына шұбыртып ертіп жүретін әйгілінің озі. Әлскеңмен түзу қабікпілар аудынан „шіркін, ер гой“ деген айбатты дауыстар шықса, онымен қырыс-

қабақтылар аузынан „әй, жиңіды гой“ деген гайбат та жиңестілер еді.

Қай жылы Асенин орденімен нағрадталғанын газеттен оқып отырып: „Бұдан білдік тұлда жүрген бір бұзықты атып өлтіруге хакым бор шыңғар“ дег шіренетін осы Әлекең емес не? Әлекең бірде ағайындарының шақыруымен көрші ауданға құдалыққа барады. Барған жерінде үй қожайындары бұл кісінің жасының үлкеніндігін ескеріп, оны оқаша болмедегі сыйлы Қыриялардың қасына апарып отырғыздады. Қыриялар отырған жерге бас, жамбас, қазы, қарта секілді қазақ қатты қадрлейтіп сыйбагалы астар, әрине, мүше-мүшесімен тартылып жатады. Бірақ мұның ешқайсына көнілі коншиімеген бас құда Әлібек Аппақ боласы дастанрқап айналасында жүрген жігіт-желеңдерге өзіне керегін ындаған түсіндірген болады. Бірақ бұл қашшама ишара жасаса да, апалар ештесе үкпайды. Содан әбден ызасы келген бас құда дәлізде ілуілі түрған қара тонын жамылып, сыртқа шығысымен далауда ойнап жүрген бір баланы шақырын алды:

— Айналайып, магаң бір түнір бор тауып әкеле қойшы! — дег Қалтасынан қызыл құлақ ақша шығарып, алғаннан қолына ұстаратады.

Жетпісінші жылдарда мүңдій мол ақшаны — он сомдықты әке-шешесіне жалынып жүріп сұрап алғамайтынын белсенді ауыл баласы зыр етіп жүтіріп кетеді де, әп-сәтте үсталмаян бүтін борды тауып әкеп береді. Әлекең боланың қолына таты бір қызыл құлқын ұстаратып, өзін әбден мақтап алады да, соның алдында келіп жүрелеп отыра қалады.

— Ал енді, жүгермек, мына менің арқама, қара тоның дәл ортасына әдемі әріпттермен „бұл ішетін кісі“ дег жаз! — дейді. Ауылдың пысықай баласы сол жерде ақшалы құланың айтқанын бұлжытпай орындауды.

— Ел көретіндей етіп дүрыстағи жаездың ба, сй, жүгермек?! — дег сүрайды соңда Әлекең.

Пәленің бәрін түсініп тұрған ауылдың шысықай баласы:

— Қатырдым, көке. Соңына үш таяқ, леп белгісін де қойып жібердім, — дейді соңда, — Егер таты он сом берсеңіз, бетелкенің суретін де салып берер едім, көке...

— Мына жүгермек не дейді, әй? Кет әрі! — дег қылжақбас боланы құып жіберген Әлекең содаң соң құлдырыққа барған үйдің алдында әрлі-берлі теңсөліп жүрелді қояды.

Құлдыңың арқасындағы ал бормен бадырайтып жазған жазуды көргөп күтүшілер соңда:

— Қап, ойбай!.. Бұл өзі іштің кісі екен той! — деп үттән өліп кете жаздаса керек.

Содат, өрине, олар Элекенді шалдырың өртасынан әкетіп, іштіңдердің қатарын апарып қосады.

Аудаңдық партия комитетінің бюро мүшелігіне откел бері де Элекен өзінің дағдыны мінезін озгертип, жіптіктей болып түзеліп кете қойған жоқ. Бюро мажілістерінде ешкімниң беделіне, қоңылғаны қарамай, ойына келгенін бүкпесіз айттып, „Негылсаңдар да өздерің білесіндер“ дегендей қарап отырады. Қебіне, өрине, Тоқтарбаймен ыңғайллас, инеттес. Бірақ ешкімниң алдыңда жалбаң қапып, жаты жастық болуды жапы сүймейтін кісі. Үнапаса бетің бар, жүзің бар демейді: Тоқтарбайға да, басқынға да бадырайтып айттып таставудың тайныбайды. Бюро мүшелерінің копшілігі „ортамызда бір тәнтек жүрмес пе“ дегендей, әрі бәрінен жасы да үлкен ағайдаң әшәкем-шалыс мінездің кеңшилкпен қарор еді. Тек бірінші секретарь ғана әдетте Элекен соз сураса ләзде қабапты шыттып, мазасы кеге бастайды. Өзгелердің біразы Элекенің откір сөздеріне құашп, жалғаннан отырганда да Өтениязовтың түсі жылымайтын. Тіпті бірде „Коммунизм“ колхозындағы егін жинау мөселесі биороның қатал талқысына түскенде осы Өтениязов: „Күн тәртібін тәлеккеп айналдырмасыз, жолдас Алпақов!“ — деп бұрынғы партияның кейіп тастанғаны бар. Шынында сол жолы Алпақов ағымыздың „Коммунизм“ колхозынды басқарма бастығы Батырблектің сөзін қатты келемеждегені рас еді. Бірінші секретарь соңда басқарма бастығына: „Неге сіз тұтпі кезекке комбайндар шығарып, таң атқанша егін оруды үйымдастырмайсыз?“ — деп қадалғанда, байгүс Батырбасев: “Біздің егініміздің көбі жатып қалған. Украинадан келген жаткалар жатып қалған күріпті алғамайды“ деп ақылга сыйымды сұлтау айттып еді. Дәл осы жерде бюро мүшелесі Алпақов ғыныш отыра алмай, күлгін кетсін. „Батырбасев, сенде имай жоқ... неге отірік айтасың? Эңеукүп рәйкомының тапсырмасымен сениң“ күріштік жерлеріндегі аралап шыққанмын. Сениң құлаап-сұлап жатқан көп егінші жоқ. Күріш атыздарының барын қамыс басын кеткен. Сениң әр тал күрішің кемшіде үш тал қамысқа сүйеніп, тікесінен тік тұрган жоқ, па? Қамысқа сүйенген күріш қашшама борын соқса да жатып қалушы ма еди... тайр-ай!“ деген. Егінін арамшаш жел қойған шарупшылық басшысын дәл осыдан артық асырып

олтіре сынны мүмкін емесстен еді. Бірақ бірінші секретарь жасы үлкен бюро мүшесінің таңқырылығын сол жолы да әділ бағаламады.

Тоқтарбай алдындағы анық терезеден соққан салқын самлалды мейірі қана жұтын тұрып, соусактарының арасындағы оты өшіп қалған шылымының тұқылыны сыртқа, аулана қарай лақтырып жіберді де, әндайдай атан түйедей үйелеп, қабагын карс жауып үнсіз түйіліп отыржан Аппаковқа бір омық анық сүйсіне қаралыптың қойды. „Айналатда осынданай ірі, тұмысты азаматтар болмаса ішіншісты құсадан көгеріп өлер ме едік, кім білді?“ деги ойлады. Кейде жүрістүрьсы түзу ешнәрседен қателеспейтін жолдастардың өзі жалықтырып жіберетіні бәр. Ал мынаңдай Іс-әрекеті айқыш-үйқыш, мінезі де кедір-бұдыр кіслермен қатар жүрсек, омірлекі әділестілдіктер мен қоңыздегі кірбінді біржола үміттың кетпесең де, тәнге — құат, жаңға — азық, қосатының етірік емес. Басқаларды білемейді, әйтеүр Тоқтарбай тіршіліктиң нір-нір жолдарымен өзінші о бастағы туган топырагы Қуандарияға қайтып келгелі бері осы Элекең сектіді тән жаратылышы өзгелеу, жап бітімі жақын жұмыр бастыларды қодимгідей сүйеу көрер еді. Қуандария мұның о бастағы туган топырагы болғанмен, осы кезге дейінгі татқан тұз-дәмі шалғай жерлерден бүйірғаңдықтан ба екен. Тоқтарбай мұнда тамыр жайын, табанын тіреп үлгірмеген екен. Тіпті балалық шағының біраз жылдарды жетімдер үйінде өтті емес пе?.. Одан соң елмен бірге Отоң соғысына аттанып кетті. Аңдо-саңда ағайын аралап, аңсарын басқаны болмаса, туган топырагында жанаңыр дос, тілеуқор санын көбейте алмапты. Москвал тарта бастағон шағында сол олқылалығының орнын толтыруға тырашташып жүргені бір жағынан Жаниловщинага қарсы айқаста (бұлар бәрібір тыныш қояр емес қой) қарасын көбейтуі керек болса, екінші жағынан соңғы кездерде жалғызырауга үксас бір опасыз сезімін қайта-қайта бас көтеруінен қорқып, алдін ала жасап жүрген қам-харекеті еді.

Тоқтарбай ой желсін үзбей орнына келіп отырды да, ашуды мұлдем тарқап кетпегенмен, бірте-бірте сабасына түссе бастағаңдай көрінген Элібек ағасына қарап:

— Осы Жаниловы құргырмен немисп байлашысып жүрсіз? — деги сүріды. — Эуелден-ақ, өзге жібі түзу автобозалардың бірімен шарт жасаспаудыңыз ба? Қудың құрығына қайтп түсіп жүрсіз?

Аппакон күркейтей құс-құс алақанымен өзінші күбідей жүлп санын сарт еткізіп соқты да:

— Ойбай-ау, пленумда менің сөзімді сойлап көтермелегенің кеінін, аңқау басым құйдан блейін... кейін алдыма өзі келді гой!— деп тағы қүтгелектене баставды.

— Келе берсін. Жаһиловтың сырғы мәлім емес не... Атамың қозақтың: „Сиршы білмеген аттың сыртынан жүрме“ дейіпші қайды?

— Тіркемелі КамАЗ машинасы тек Жаһиловтың автобазасында бар. Жұз қошқарды үш күншілік жерден жай жүқ машинасына артып жеткюс алмайсың. Оның үстіне, ол пәдәһіт пәшесін бұрын да талай септесіп жұмыс істегенбіз. Жерге қаратқан жері жоқ, еді... қайдан блейін.

— Е, ол пәшесін бұрыннан әппей-жәмпей екенісіздер гой...— деп тәраганың қалжың үшін айтқан сөзін үннатпай қалған басқарма тапта шытынан шыға келсін.

— Эмпей-жәмпей болаттыңдай, ол менің екі туны, бір қалғаным емес. Іс басында жүрген адамның бір-біріне күні түспей тұрмайды. Әрі қазір колхоздарда күш көлік жағы жетіспейді. Содан көліп бар кез келген сүміхрайға барып қолынды жаясың... Күнім түспессе, оңдай пәшеске қолынды да, бермес едім. Корінгенге кірліттар етіп отырган мыла сендер!— деп сөзінің соңында тіпті Тоқтарбайдың өзіне ауыз салды.

— Ау, Әлеке, біздің не жазынымып бар?— деп Тоқтарбай ернің шұртитіп, екі алақанын жайды.

— Колхоздарды керекті машиналармен қамтамасыз ет-сендер, біз бүйтіп жүтсініз кеткен алғаштарға жем болмас едік те!

— Оңдай оқпекізді бізге емес, екіметке айтыңыз...

— Ал, сендер кімсіңдер? Екімет емес, шикі оқпесіңдер ме?

Тоқтарбай күліп жіберді. Әлекең әдеттегідей иштің комдаш қойып, шабытын шакыра баставды.

— Осы күнгі екіметпіңде де түк береке жоқ!— деп содан соң бірден шорт кесіп тастады.

— Бас жағына барыспайық та, кеке...

— Іші кеуек болса, оңдай басты әспеттеп неме керек?— деп аузы батыр бұрынны партизан әдеттегідей үдемелеп барады.— Эй, осы сениң оқіметің қазір қайда қарнап отыр? Мендей қаранды адамға алдымен соны түсіндірші... Жыл сайын жоспар жасайсындар, ал сайын Алматы мен Мәскеуде жиналыс откізесіңдер. Сонда сендер осы не бітіріп, неіп аңсатып жүрсіңдер, а? Бәз баяны берекесіздік, қырсыздық, басқарға таласым жоқ, ал езім білетті ауыл шаруашылығын-ақ мысалға алайықшы. Біз егік егеміз, мал

багамыз, жеміс есіреміз, былайша айтқанда мұна сендер сықылды шөп басын сындырмаган жалаңақтарды асыраймыз. Асырау емей немене: жылына жүз мың центнер күріш откізепін „Гигант“ колхозы бәрібір өкіметтің қарызынан күтілмай-ақ, келеді. Ау, осы аудандың қоғамшының қарызы емес колхоз, совхоз бар ма? Сонда, немене, мұның нәрсе қасақана жасалып отырған саясат па? Біздің египтімізге, малымызға, жеміс-жидектерімізге неге ғана тисслі ақытулы төленбейді? Сен маган осының туспандырыш!

— Ауыл шаруашылығы өнімдерінің барысы тәмен екені рас,— дед Тоқтарбай осы арада колхоз бастығының сезін макұлдан Қойді.

— Тәмен емес, өкіметке тегін откіземіз десек те болады? Эсіресе астықта құп жоқ,— дед Алпақов аудатком төрағасына сыйырая сыйай қароды. Осы сендер анау алыстағы шетелдерде бидай мен күріптің тонасы қашшага салыатының білесіндер ме?

Тоқтарбай шынын айтты.

— Мен, мәселен, білмеймін.

— Неге білмейсің?

— Өмірімде шетелге жолым туспесе, қойдан білемін? Рас, кешегі соғыстар Польша жерінде жараланып, елге кійтқаным бар... Басқадағы бөтен жерді көрудің сәті туспеіті. Оның үстіне, Әлеке, өзіңізге мәглүм, біздің елімізде сыртқы жүргілдедің түрмисын онеге ету дәстүрі жоқ. Алыс-жақынның барі мұна бізден, коммунизм құрып жатқан Совет мемлекетінен үлт алуға тиіс. Дұрыс па?

— Эрине, көрсететін үлгі болса, дүп-дұрыс.

— Ау, неге олай дейсіз? Советтік ракета-кемелер космосты шарықташ кезіп жүр емес пе? Енді аз жылдардан соң епіндік жері азып-тозың, сор басқан қуатариялықтар анау космоста босқа жайылымп жүрген планеталарға барып күріш есіреміз. Әлеке! Сол шыданың.

Калжынды туспандайтіндей Алпақов көрсөкшір нағаның емес: өзінші де қалжынқой, сиңар езу адам екенін зәбекеге айн. Бірақ бүтін оның қөңілінің зауқы жоқ, еди.

— Тоқтарбай, сен ауданымызда мал шаруашылығын еркендету туралы мәсселені дұрыс қойып жүрсің,— деді „Гигант“ колхозының бастығы сезін үзартта туспін. Аудатком төрағасының сагатына қарыншылап, уақытының тығызы екенін туспалдаған сыйайын аңғарса да, бүтін аяқаптой кеудесі қанаға голып келген отағасы оқайлықпен тоқтай алтын емес.— Сендер осылай мәсселен ылғы дұрыс қоясшылдар да, аяқсыз қалдырасындар... Ал Жаһиловтарға

жем болып азар көретін мына біздер, ауылдағы қойдан момын шаруалар...

— Момыпымыз мына сіз бе? — деп Тоқтарбай мыйыгынан күлген. Аппақоя быттыған бітік көзін тасірептіп, қасақшама тепсіне тусты.

— Созімді болма, өкімет ішім! Ақырына шейін тыңда! Мен күнде сенің алдыңға келін, зарымды айтып жүрген мұсәптер емесстін. Бүтін әштейін бір бәнәйі себептеген кеңсенің есігін анып отырмын. — деді.

— Қойдым, көке. Құлғым сізде.

— Басқаларды қайдам, ал мына біз малмен күт көріп жүрміз. Эр жақтан қолақпаңдай қошқарлар ізделеп сабылуымыз тепні смес. Өйткені біз заводқа қарікел қойдың елтірісін откізіп қана жан бакқан малшы салміз.

— Оны білемін гой, Элеке.

— Жоқ, сабыр ет. Септің білмейтіндерің де аз емес, өкімет ішім! Мен саган қазір қайда барсан да Жаһилояттардың Қара шыбындаи қаптап көбейіш кеткеннін айтып берейін...

Тоқтарбайдың бұл жолы ерекше ашынып келіп, шіндеп ашы запыранының біразын сыртқа шыгармаса, бәрібір көңілі байыз таппайтын арызашылардың дағдысынан асып кете алмай отырған қадірлі отағасыны ақырына дейін тыңдамасқа лажы жоқ еді. Оның „септің білмейтіндерің де аз емес“ деген құлагына жаисыз естілген қыстырма созін елец қылмауга тұра келді. Өйткені осындағы күнделікті шаруа басында жүріп, егіп еккен, мал бакқан, тас қолап үй салған, әйтінсе кениште қызмет істеп темір мен қорғасын қорытқан адамдардың ежелден қалыптасқан көсіби өзімілдігі болатынын бағындан білуші еді. Осылардың кебі кеңсенің қоңырсалқын кабинеттерінде отырғандарды — мамандығы мен атақ-дәрежесіне қарамастан, оміртілікten сырғаксып сырттау жүрген, үсак-түйектің байыбына бара бермейтін, жаны тыныштығын қүйттеген, нақты әрекеттегін төрі күйбеңі басымдау басқарушылар аулап дейін ойлайтыны анық. Бұрындыры колхоз, союз шаруасын доңғелейтпі жүрген тұстарда Тоқтарбайдың аз басы да осындағы өзімілдіктен құролақан емес-ті. Бірақ, келе-келе мүндай мінезден арылған секілді еді. Арылуыш себептегер басқа ешкім емес, өзінің құрласы Мұбәрәк Кәрімұлы болды. Ол кезде құрласы көші ауданды партия үйімін басқаратын. Бірде жолы тұспа Тоқтарбай директорлық ететті союзхозға келе қалмасы бар ма? Соңда пединституттың тарих факультетін тәмамдаған бұрынғы мұғалімшің соғ-

хоздың финанс, есеп жұмысын жақсарту жөнідегі үсіншістарын тыңдал отырып бұның таң тамаша қалғаны бар еді. Соңда пәлеңбай жыл ауда шаруашылығы соласына жетекшілік етп, есеп-қиссан жайын да жеткі білетпін союз директория гана емес, аудиаданы әжантасуір тәжірибелі деп жүрген бас бухгалтер мен экономист Қылметкерлері де Мұбәрәктің сөзіне бағдарын шұлғып, мақұлдай бергені әл есінде. Ендеше, бас қылтина қалтадағы дипломда, айтпесе істеп жүрген касілте гана емес, бас қоуашатыңың ішіндегі қатпаршақтардың салыныңда екенін мына бастауыш мектепті әзер біргең бұрынғы партизанға қайти үтініздарсың?

Жалпы, из мінін еткімнен кем білмейтін Тоқтарбайдың сырттай Қарағаңда сынауга тұксас сөздің талайын ара-тұра тыңдауға еп үйреп кеткеңдей көрінгенмен, барібір іштей үлгілайтынын, бәрібір іштей мақтагаңды тәуір көрсетінін доктор мінезді бұрынғы партизанға қайти түсіндірсін? Бұл дүниедегі мұның сырны ең жақсы білетпін адам — үшіндегі қосағы Қыздарқұл шығар. Ерінің тал бойындағы бар мін мұлтіғін бетіне шыжырып бәсін айтатын, сейп, бұл тым есіріп бара жатса, есін жигізатын емшісі де жалғыз Қыздарқұл. Бірақ үй ішіндегі Қыздарқұлдың әділ сыйына төгел беріп жүргенмен, қасыпдғылардың, асіресе қараутындағылардың ақылдымси бастағанын онша жақтырmas еді.

Бірік бұрынғы партизаның ауатком төрегасының кеңіл ауанымен пәлеңдей шаруасы жоқ. Айналасында Жаһиловтардың Қара шыбықтадай қоғтап көбейіп кеткенін лолелдеу үшин шабытын шақырып, шарықтай сойлейді.

— О, бұ заман әбден бұзылды гой жіпттер. Кейде қайда барып пана іздеріңі білмейсің жүдә! — легенде отагасының кекірегі қарс айрылғандай көрінді. — Мына біз, мысалы, Шымкенттің жүн заводына жылшыла он екі, он уш мыңдай қаракөл елтірісін өткізсіміз. Бірақ өткізгенің құрысын... ондағы Жаһиловтар тамтығымызды қалдырмай, тесслей сорады.

— Оның қалай? — деп сұрады Тоқтарбай. Білу үшін емес (бәрі белгілі жағдай сиесе не?) әңгіме желісін ұзбек үшін сұрады.

— Е, қаракөл елтірісі үш сортқа болінбей ме? Сорты көтерілген салын заводтың колхозга толейтпі ақшасы да көбейе бермей ме? Ал бірақ заводтагылардың олғы бара жатса сенің өткізетпі елтірісің құнын көтеруге құлыштары болмайды. Содан, амал жоқ, пары үсінасын...

әрі атаңа нәлдеттер бір алмайды, екі алады, екі алмайды үш алады. Ешқайсысында ынсан. Қанагат жок.

— Ау, заводта сіздердің мұдделеріңді қорғайтын откізушилер тобы бар емес де? Олардың айлық жалядысын завод емес, агропром толейді. Демек, тауелсіз сұрыптаушылардың қызметтің атқармады. Олар ең алдымен салын мұддесін қорғауды көрек кой!

— Атасының басы... Олар ең алдымен өз қалталарының мұддесін қорғайды. Біз екі әуелі жарнамызды осы откізушилер тобына төлейміз. Өздері бес-алты адам шетінен қомағай, қаніпезер сұмырайлар. Келесі жарнадының заводтың қабылдаушыларының қалтасына саламыз. Өйткені елтірінің сапасын ажыратып беруші сол иттер. Қабылдаушының артында сұрыптаушы деген қызыл көзі тағы тұрады. Мұның комейі баршам терещ. Содан соң заводтың цех бастығы деген біреуі келеді талтаңда. Оның үстіне китен киімінің бәрі қалта. Сол қалтасын бәрін күнілгері толтырып қоймасаң, сексең бес проценттегі жогарғы сорттылыққа әрен өткізген елтірінді әлде ешкі бас қаламышаң үшымен сексен процентке кеміте салады. Ал бес процент... біз үшін қыруулар қаржыны жогалту деген сез. Ауылдағы шырылдарап тамақ сұрап отырган балашараның несібесін аузынан жырып әкетіп, сута ағызып жіберумен бірдей...

— Мұндайда мемлекеттік мұддені қорғауда пісті мемлекеттік инспектор бар. Неге соган барып шағынбайсыздар?

Осы арда Әлекең „Шын айтып отыр ма?” деген сұраулы жүзбен ауатком төргасына таңырқай қарады.

— Ең зор Жаһилояның сол мемлекеттік инспектордың езі гой!— деп тағы да санын сарт өткізді.— Алдын ала Қолына ақша уыстасып қоймасаң, ол зәйталақ сенімен тіпті сойлеспейді.

— М-м... Қайда борсаң, алдыңнан Қорқыттың көрішінде деңгээ...— деп Тоқтарбай шарасы таусынан кісіше екі алақанын жайды.— Соңда не істеуіміз керек? Қол күсырып отыра береміз бе?

Алдақоятың бітік көздері жылтылдарап, гілді табан астында қуақыланған қалышты.

— Біз қараша отырганының жок. Жаһиловтаудаң комейін толтырып-ақ жетырмый. Соның арқасында біздің колхозымыз откен жынын жоспардл белгіленген он бір мың септің жүз қаракел елтірісінің орнына он үш мың төрт жүзін өткізіп, төрт жүз слу бес мың сом ақшалай пайда түсірдік.

Мен тагы да озат шаруашылық басшысы птаңдым, газетте макталдым... Таны бір орденмен үмітім бар. Гамаша емес не? Осылай қарқынды сүбек ете берсек, аны-мине дегенише сөндердің мына дамыған социализмдерінен аттап отіп, коммунизмге до ғылтты-жылтты жетпіп барыттын шығармыза.

— Саясатты қылжаққа айналдырымаңыз,— деді өзінің советтік басшы қызметкер екенін ойнаша тұксен Тоқтарбай Қабагін шытты.

— Саясатты қылжаққа айналдырып қойған партизан Алпақов па әлде мінів қабыргада суреттері інде түрган қаусаған көрі шалдар ма?!-- деп „Гигант“ колхозшының мактаулы төрағасы негін көтеріп, ешкімнен айылын жимай, көсемдерді қөзімен нұсқап көрсетіп отыр еді.

Тоқтарбайға Алпақовтың бұнысы батырлық емес, бей-блістектүктай көрінді. Бірақ қапелімде аудынан „бұзық“ сөз шыққан бағыныштысын қайтіп „жазалаудық“ ретін таппай, бүтежектей берген. Да лада, көшеде күнде айтылып жүрген, былайша басшылар арасында тамогы тойынған тогышарлардың наразылық, күлкіл сөздері дәп бағаланатын „халық творчествоның үлгісін“ ойланбай, қиылмай ауатком төрағасының кабинетінде жария етіп отыреған бейпіл ауызға былайшыла тіпті ренжіп те қалды. Егер баяны отыз жетиші жыл болса, мұндай шікір алысадан кейін екеуі де үйін іздел таппай қалар еді.

Тоқтарбай мына бейпіл гүзір отағасының ең алдымен ақау амьстагы Мәскеуде отыреған Брежиев жолдасты мегзен сойлекегіші, оның Алматыдағы жайлы жерге жайғасқан серіктеріне де пәлендей іш-бұтурық сложир-мейтишін аңғартқан қыңыратқы институт, әрине, бірден түсінді. Жоғары мәртебелі саясат иоқта үстармалышиң бүтінші іс-әрекеттеріне қоңидері тоғамай, оңаша оқшау аңғимелерде ашық наразылық білдірушлердің жыл өткен саңын қебейіп баю жатқының бұл білмейді емес. Білсе де, өзгелер секілді білмегендіп жүргуте тырысады. Өйтпеске есте амалы жоқ. Біршішідеи, мұның өзі сол саяси жетекшілердің парменін жүзеге асыратын дәрежелі орында қысмет атқарса, екіншіден, әрбір кем-кетікті, қырсындық пен қисынсыздықты Мәскеу мен Алматыдағы дәүлтердің мойнына аударып тастап, өздері қол қысырып қарап отыруға, өйтпессе спартай қызықтап, сыйни-мінсуге бейім жүретін тогышарлардың Қатарына қосылууды, шынын айтқауда, азаматтығына мін, тіпті памыс көретін. Өзін де осы аудінің келіел бері талай сарсаңға түсіріп, алды-артын шырмаяуқтай шырманап алған ұлкенди-күшілі оқиғалар кейде

берекесін қашырып басып қатырганмен, әл-әзірше соның түкі себептерін іздеп тапқади емес. Ал отыз қошқарын ұры-қарыға алдырып, соған бола қабыргада суреттері ындул тұрган ұлкен кісілерді кішірраттай бастаган „Гигант“ ауылышың мактаулы бастығының батырлығы бұған бұл жолы лайықсyz көрінген еді.

Сол себепті де:

— Элеке, менің сізге айттар кеңесім: ешкіммен ұрысын-талаасып, жүйкеізізді тоздырмаңыз. Ең дұрысы — сотқа шағым беріңіз де, заң жолымен іздептіңіз,— деді.

Мұны естіген Аппаков түйенің жарты етпідей ауыр деңесін ширақ қозғап, орнынан көтерілді де, оң қолының жұдырық, сыртымен жалпақ танауын әрлі-бсрлі сүйкеп жіберіп:

— Соңда сендердің тәраптарыңдан ешбір қайран болмагашы ма? — деді.

Манапидай емес, ашуы басылып қалғанға үқсайды, зілсіз, жайбарақат сұрады.

Тоқтарбай өтірік күлуге мәжбүр болды.

— Біздің тарап дегендеге, Элеке, жағдай белгілі гой... Сіздің өзіңіз де осында аудаңдық партия комитетіңің пілдесін бюро мүшесісің. Мен де бюро мүшесімін. Ал бюрога салып талқылаганды, не түседі? Тагы да екіге жарылып, жартымын шешім қабылдай алмаймыз ба деп қорқамын.

Аппаков ернің жымқырып басын шайқады, содан соң:

— Ні!.. — дең кеңк етпі. — Жарайды, мұны да көрейік... Кеше Герман пәшестеріне ақысын жіберіп көрмеген партизан Аппаков бүтін қазақы зорлықшылармен қалай тайтамасқа түседі екен? Сендердің соны қызықтагыларың келеді гой, ә?

* * *

Аудаңдық атқару комитеті төрагасының ақылымен аудаңдық сотқа арыз түсірін Аппаков ақыр соңында өзінің аяқталып бітпейтін әуре-сарсанға қалғанын түсінді.

Әуел баста соттың төраасы — бадырақ, коз, бакене бойилы қарасур жігіт Жаһилов екеуін алдына шақыртып алды да, бірден-ақ:

— Белгілі тәртпі бойынша, мен сіздерге бейбіт жолмен келісімге келулеріңізді үснайын! — деді.

Жаһилов соңда тікірсейген шашын сүк саусағының үшінен сыйнап отырып, арызцыға жымыскыланға, жымия қарады.

— Элекең мақұл корсе, мен Қашаннан татуласуға да-йынмын той,— деген.

Аппаков бірақ оңай иліккен жоқ. Үәжін айтты.

— Сен де мениң ата жаунм емессің. Ұрлаган малымды қайтарып берсең болды, мәміледен қаштаймын.

Мұны естігеп Жаһилов леңде жымысқы құлқісін жинап алға қойдЫ. Бұдан соң бойын тіктеп, мойның ыргай созып, өзінше мұның үстінен вибейтпі дару қозғаган қайдарғы бір қарабайыр қазаққа жогарыдағы менсініңкіремей, елеңкі-ремей көз қының тастап отырды. Бірақ, атышұлы автобаза директоры Қаншалықты қораздашып, қоқи мойның соза түскенмен, екі нығына екі кід мінгелдей зор денелі, зәлдей ауыр ауыл ағасының қасында таудың етегіндегі тәбешіктей гона қөрінеді екен.

— Элекеншің, әрине, көңілше келмесін, бірақ айтып отырғаны Қып-Қызыл жала!— деді Жаһилон сиді бодырақ, көз сотқа қарай истиғ көтеріп отырып.

Дұлсыздар реншілік ізі де жоқ, оңдай орам ойдан ад-куде ад, адда адамның алғасыз қамсыз, мінезі ғана байқалады.

Аппаков мүңдай тұлқі бұланң бұлтарыстарға қоңбейтпі өркөкірек кісі. Міннаның „жала, етірік“ деген сөзі бірден шамына тигесін, шап берді.

— Эй, сен Жаһил баласы... пузыңды бағып сөйлегін!— дес зірк ете қалды.— Немене, сонда Сухандариядан сатып алған асыл тұқымды молдың отызы !Әл-Қайтам жоголғаны етірік пе екен?

— Оған мениң не қатысым бар, Элеке?

— Неге қатысың жоқ? Малдың бәрін іріктең, таңдаң олғындардың арасында езің бар емессің бе? Қызыл құм асын, үш күн жол жүрген келіктің иесі мінне сен емессің бе?

Жаһилов бұл жолы қозы қарның сыйпалап, әуелі ырқырқ, құліп адды. Содан соң тез құбылышп, риясыз, тіпті шарасыз дауыспен сөйледі.

— Анырмай, бұл қазаққа қайтпі жағарсияң? Кеше пла-шумд сөз сөйлеп, өзгелер ағысын андышп бүгін отырғаңда, сіздің жақсы бастомаңызды қызу қолдаган, кокс-ау, мына мен емес пе едім? Содан қол үшымды беріп, асыл тұқымдағ малиқызды ғезірек жеткізіп алу үшін тиесілі көлігімді бөлдірген де мына иесі бейбақпыш той. Сухандарияга жігіттерімді өзім ергіп апарып, өзбек ағайындардың анау-мынау қиқаңына көвбей, шыны асыл тұқымды қошқармаларды қөтінен көтеріп машиналарға тиеп аман-есек

жонсалткан тагы осы отырган жаман ішің. Сонда менің, кеке-ау, не жазыным бар? Тіпті мен қаруымдаты есепшілердің қыңқыл-сыңқыл сөзін ескермей, нешеме күн жолда жұмсалған жапар майымды да сіздің колхоз есебиңін оңдіріп алғаптым жоқ. Ал жол жонекей ма-лыңыздың басы кемісе, құдай ақы оған да менің титтей қатысам жоқ. Мен ауылға Қызыл құм асаш келгенім жоқ, Ташкент арқылы тұра ұшақпен қайтқанмын. Еңде маган неғыл дейсіз?

Дүниеде үршыны „үрысың“ деп дәлелдеудің осыншама қынға түсстінін жаңа үғынғандай, қапелімде қаңдай жау-ап тауып айторын білмеген Аппаков аз-кем тосылып қалғаңдай еді. Аудан смес, сонау облысқа сөзі өтімді болып түркінші автобаза директорын қалпақпен үрш алуудың оңай смес екенін сіра мойындағысы келмегенмен, сот алдында бетпе-бет кездескеңде бүйтіп бүгежектеп қалармын деп үш үйіктаса түсінс кірмесітті. Бұл екеуін ал-дына Қарама-қарсы отырғышып қойып, өзишке мәмілеле шақырған бадырак, көз төре биге қарап еді. ол да әлденеге қабагын түйші, тас түйін болып бекіне қалыпты.

— Сонда менің алда лқышма тапқан оқтылы малимдұ Қызыл құмның ішінде жер жұтып кеткен бе? — деп Аппаков акыр соңында шагым айтқан кісідей әдеттес тыс томеншілк дауыснен төрде түйіліш отырган сottың торғасына қарай мойнын бұрып алды.

Сottың төрагасы Қабақ қыртысын жазбай:

— Сіз мұны арызшы ретінде жауапкердеш сұрауыцың керек, — деп сыйайы салқын дауыспен, ескертпе ыңғайында айтты.

Бұл жолы да арызшының аузын ашып ұлтартпей, жауап-кер шашшашыңың, көрсетіп, бастырмалатып әкетті.

— Элеке, жоғалған малиңызға қатысты біреу-міреуде құдіпің болса, жасырманың. Сіз бар, біз бар, тізе қосып бірге қимылдайық, бірге ізденіп. Кім білең, мал айдақсан білдің жігіттердің ішінде де, сіздің жілттердің ішінде де ту-ра жолдан тайгаңдар, көлденең табысқа қызыққаңдар та-былуы мүмкін той. Жол-жонекей құдық басында мынау көріш жатқан қарықалғақ малишлары жайлар отыроды. Солардың ішінде де асыл тұқымды өзбеки қошқарларға қызыгуышылар жоқ, деймісіз... Осы күн вегениң дүниесіне көз алартпайтын ешкім жоқ.

Міне, Ақтай Жаһиловның осы. Небарі мына іргеден Ташкент шәһарының транспорт институтын жеті жыл сырттай оқып, әрсөң бітірген, содан нешеме жыл мемле-

кеттік автоВІСПЕКЦИЯДА Қатардағы инспектор-техсеруші болып қызмет істеген, содан бары жаңып аудан орталықтарындағы бірліші автобозага бас инженер, артмаша директорлық, қотерілген көдімгі кеңтерлі, еті тірі кеп жиһттердің бірі гана еді. Былаша қарасақ, асып бара жатқан білімі де жоқ. Аппақонтың ойынша пәлендей елден ерек іскерлік, үйымдастырыш қабілеті тогы байқалмайды. Бірақ, аз жылдың ішінде аты ауызға ылғап, айбынды азаматтардың қатарына қосылып алған. Құнделікті қарым-қатынасы, пәлендей білістігі болмаса да, „Гигант“ ауылшының басқарма бастыры Элекен, Әлібек Аппақон отағасы осы Інісін сырттай үнаптап журуши еді. Тусы Әлекен үлкендердің билік ісіне араласқап кейінгі жастардың құлқы-пейіліне әдетте құлқтесе қарар еді. Бұлардың ішіндегі қолынан іс келетін, белсенді, біліктілері жиі кездесседі. Бірақ, солардың біразышың ең алдымен қарақан басының мұдесін (әрине, жарияладамай, жор салмай) баринен жоғары қоятынын, тілнен шыққан соғы мен діліндегі түп ниетиш сәйкес келмейтише кейде іштей қышжылар еді. Әлекендер тәрбие алып есеки бүршіні қазақи үшінде баласы әрдайым әкеге тарлын тұмактамен, Қашшама жаңа өріс, жаңа қоныс тапқанмен, ата жолынан алысқа үзап, бұра тартып кептесу парыз болатын. Едің елдік қасиеті үрпақтан үрпаққа осылай жалғасып кете беруши еді. Тіпті сол едің шіліде үшыраспай қоймайтын залимдар мен бұзықтар, үршілер мен қарыларға шейін оттап ете алмайтын адамшылдық, шекаралар бар секілді еді.

Бұлкім, қарғайған шыгар, өзі де біраздан бері тізгін үстап, ауыл-аймақ, ағайын-туыс орасындағы әрқиыл әңгімелерге, кішітірім дау-дамайларға жиі араласып, мәмілегер ретінде піедауір абырай-бедел жинаған дуалы ауыздар қатарында жүрсе де, бүгінш үлкендердің ізін аңдып, орнын басуға үмтүлган кішілердин іс-әрекеттерін түсінуден қалып бара жатқанын байқайды.

Өзімен бүтін сот алдыңда кездессін отырган Жаһилон Інісі де, міне, мұны адистырып кету жаңына шығынты. Апырмай, пәлеңдей кең өрісті ақыл-парасаты мен мұндағап тұрмаган, терең білім қуалаған, жан-жакты дәріс оқымаған шақша бас, шартық, неме осыншама қатпарлы қулықты, едін ерек еттілікті қайда жүріп үйренген? Қашшама кеудемсоқтыққа басып, бойымен, тіпті айқайымен болса да табиғана салып тағтаяссы келіп отыраса да, мұның ақадағы Ісін, занда талабын сан-саққа жүпргіп бұлдыратын, бұтарлай бастаган даукестің жырылдылышына

Еңді мұлдем тақырқай да бастады. Сырт көзбен Қарғанды, еңді жоғалтқан молын іздеген Аппаков ағаңыз жазықсызға жала жабушы тел-тептекке үксесе, сол молдың көзін құртушы үры Жәнилов ішіңіз кең пейілді, мөмілегер взаматтың өзіне келіңкірій ме, қалай. Ол тіпті орыншының жоғалған молын түтеп десуге, үрінін іздесуге әзір отыр. Мұндай мұддайімге соңда қандай уәж тауып айтуы керек? Бұрынғы партизаңдық шатак атағын молдапып, әйтпесе өзінің дәғдымы аққез ақылшына бағып, бұл кәззәпті дәл осы жерде бокташ-бүрмелап сөгө бастаса қайтер еді?

Бірақ штей қаша булығын, бүрк, ете қалуга әзір отырса да, бұл жолы Аппаков ашудың ақыллаға жеңілруге тырысын-ақ, бақты.

— Сен, шыраным, ейтіп бұл тоққа салма. Мениң үрим басқа ешкім емес, таң өзіңсің. Қолды болған молымды қорама экеліп қамасаң, сенде ешбір шатагым жок, бұрынғыша қабагы түзу ала-ін болып жүре береміз,— деді.

Бұдан былайры соз кезегін аудаңдық соттың төрагасы өз қолына алды. Екеуінің бетіне тұра қарамай, кіре беріс есіктің маңдашасынаң көзін аудармай отырды да:

— Бұл жолғы бас қосуымыз алдын ала кеңесуға. Сот мажілісі, егер сіздер өзара келісімге келмессеңіздер, кеңіншекте болады.— деді ерекше маңғазданып. Әзіршіс мен сіздерге қыска-қыска сұрақтар қоямын. Бұл жауаптарыңыздың біз бұғын хаттамаға гүсірмейміз. Етеспей, таласпай, әр сұраққа қысқа, тұжырымды жауап берулеріңізді отынөмін.

Арызданушы Аппаковқа сот төрагасының осы салқын қаңдылығы, ресмилігі оте-мите үнамай отыр еді. „Қаша сырбаздашыңынмен, сениң де сыртың белгілі гой“ деп, жас шамасы мына жексүрүн жауапкер Жәнилов шамалас, бірақ бұрын ешбір жаман атағы шықпападан жілтке жазықсыздан жазықсыз штей кіжінпіл қойып, ләзде кірпияздана қалды.

— Ал сұра,— деді. Содан соң оң қолының жұдышық сырттымен жалпақ танауын қаттырақ, сүйкеп жіберди.

Сот төрагасы кіре беріс есіктің маңдашасынаң көзін аударып, сәл шалқыйды да:

— Жолдас Аппаков, сіз өз арызыңызды пәленбай малим үрланыды, қолды болды деп жазыңсыз. Бұтан қандай нақты дағелдеріңіз бар?— деп сұрады.

Осы айдан анық сұраққа пришашы аяқ, астынан қитығып, бедірлейіп соттың бетіне қарылды.

— Қандай нақты дағелдер керек? Тана тал түстө біреу

адал малымды үрлөп әкетсе, мен оны ешқа дәлелдеуім қажет не? — деп ренжілі.

Сотың тәрагосы сәл езу тартып, артынша түсін жиын алған қойды.

Сіз орызыңызда біресе „жогалды”, біресе „қолды болды”, біресе „қарасы өшті” деп жазасыз. Жогалу мен үрлану бір емес. Затың жүзіндегі мұның өзі екі басқа үшінші жалады. Накты дәлелдеріңіз қайсы деп сұрап отырғаным содан...

— Зәңнің тілі қалай бүралатыныңда мениң шаруам қанша, шырагым? Менің билігінім — Сухондариядән сатып алдырган жүз қошқарымның отызы қорама келіп қосылған жок. Үрлыққа үшіншімаса, аспанға үшінші кетептіңдей ол маңырамалардың қолтығына байлан алған қанаттары бар деймісің?

— Соңда сіз сол мәлдін басқа бір себептермен кеміп кеттіей, әдеби үрланғаның қайдын білесіз? Сізге біреу келіп, накты мәлімдеме жасады ма? Хабарлады ма? Оймайлар бар болса, солардың аты-жөндері кімдер? Аппақон жолалыс, мен сізден накты күзларыңыз жайында сұрап отырмын...

Осы арада зат-зәкүлінің пілі оншалық, жетік білмейтін отағосы дәғдарыңқырап, ойланыңқырап қалды. Бұл әуел баста Тоқтарблайдың ақынымен Жаһиловтың үстінен аудандық сотқа орыз бергенде бірден қыламысты іс қозғалып, тексеріп-тергеу жұмыстары бисталыш кетер, соңда қолдағ болыш кеткен адам мәлін бірден қайтарып алмасада, үрнегің отына кір жүгіп, жаман аты шығар-ақ деп үміт етімі. Жағзған арызы сот кеңсесінде недауір уақыт қозғаусың жатып қалғанда да абыржы қоймаган, бәрібір қолғазга тіркеlegen әрбір шағымға реcми жауап берілуге тиіс екенін билетін. Оның үстінен, Әлібек Аппақонтың әншайш қара көбейткен көптің бір емес екені осындағы елдің бәріне аял. Бұл жолы взір ерекше сабырлылық, тәзімділік көрсеттім деп ойлайтын. Елдің біразы мұны сиртшынан кеудемсок, батыр адам, бір жапынан алды-артын атқадамайтын ақкеңіл, аңа алдың да бар кісі деп бағалар еді. Кейде көлденеңдеп жүрген көк атыға ақысын жеғізіп, бірақ соның өзініе палендей өкінбей, осы уақытқа пісейін өкінішсіз омір кешіп келе жатқан аздың бірлік туын. Өз пайымдауыша: осы уақытқа шейін синімге жасаған қиянаты жок, бұтан да ешкім омыраулап ерекше зорлық көрсетпеген секілді еді.

Енді келіп жасы үлгайған шигында баласымен қатарлас

Қайдагы бір Жаһилов дегенеси зәбір-жапа шегін, араша сұраган арызашыға айналу — бүрыңғы партизандың шын мәнисінде қорлық көрүмен барабар.

— Малдың жоғалғанын зоотехникім мен бухгалтер-кассирім айтып келді. Менің басқа куәм жок.— деп Аппаков сінді қабағын қарс жауыш алды.

Сотың төргасы барібір Ըүргеше қадалын отыр.

— Жоғалған ба, үрмәнған ба?

— Жоғалған нарсе үрләнған болады да!

— Иә, арыздарында солай көрсетілті,— деп судья сінді үстеліншің бір бүрышында жағқан пайқаны алдына қарай жылжытып, парастап Қаражай бастады.— Бұлдырықов... Колхоздың зоотехникі. Тағы бір Бұлдырықов... бухгалтер-кассир. Немене, екеуі етіз кіді мә?

— Жоқ, екеуі ағайынды жігіттер. Онда түркән не бар екен?

— Мейлі Күйкентасев болса да маган барібір.— деп судья сыйздана гүсті.— Бірақ неге бұл екеуінің қолтаңблары ристалып, мәрі басылмагон?

— Бұл тағы не пәлесі?

— Тәртіп бойынша күәлардың қолы қойылған қағазы нотариалдық кеңседе тіркеуден отіп, ристалуы керек.

— Ол именеге керек?

— Ол — әлті Бұлдырықовтардың Бұлдырықовтар екенін дәлелдей үшін керек.

— Астағыралла, мүнәдай да сүмдүк, болады екен! Сонда мына отырган Ақтай Жаһиловтың етегін жаңқан қатын емес, бұты салбыраған ерек екенін растау үшін, мысалы, мына сендер мәр басылған спровка сұраймысыңдар?

Бұл, әрине, туралап бүйірден согу еді. Жаһилов мұны естігендеге есінен танып құлап қалмаганмен, бірден қапқара болып түтігіп кетті. Бұл да өзинше бетіне жән қарастай жүрген, әсіресе соңғы жылдарда жақасынан алға кетудің ретін таптауды ма, әлде басқадай ішкі есебін башшылықта алды ма екен. Әйтепер отырган орында қайта-қайта қозғалақтап, қатты-қетты жотеліп, жанына қатты бағарлық бұзық сөз айтқан арызашыға оқты көзін қодаганы болмаса, ләм деп аузын ашқан жоқ.

Оның есесінде екі даукестан алдын да әңгіме өткізіп отырган әудіншік, сотың төргасы Аппаковтың орынсыз қалжыныңа қапаланған сыңайын жасырмай:

— Мен сіздерден бір-бірлерінізді сөгіп жамаітамай,

әдеп сақтауларыңызды өтінемін. Біз колхоздың жалпы жи-налысында отырганымың жоқ. Советтік сот мекемесін сыйлау жағын да үмітпайық.— деді. Арызшының жеке өзіне ғана тиіспей, жауапкерлі де алдан ала сақтаңдырын. әдеп жалпылама айтты.— Бірақ бәрібір келесі сот мәжілісіне шейін күеләршіздің Колын растап, потариусқа тіркетуді есте естен шығармаңыздар. Тәртіп сондай. Келістік қой?

Жәниловты еркек емес, қатын деп айтарын айтып үлпірген Аппаков бұл жолы басын изең:

— Мақұл,— деді.

Судья енді жауапкерге қармай мойның бүршп алды.

— Ал сіз не айтасың, Жәнилов жолдас?— Отаяссының жайсыз қалжыбынан соң көтіл күйі мұқтап зардап шеккен жігіт бірден қабагын шытып, шытынай түсті.

— Менің не айтудың керек екен?

— Арызшы сізді мальмұды құртқан үршінің озі деп көрсетеді мына жерде,— деп судья алдында жатқан Қазақдарға көзін сүзіп отырды.

— Е, бұл заманда еріккен езбе жұрт кімнің сыртынан гайбит соз айтпайды? Бұл ді солың бірі гой.

— Нәктырақ жауап беріңіз.

Екі жаққа бірдей бейтарап төрсіп екенші танытқысы келді ме екен, зитеуір бадырақ, көз судья тогы да кіре беріс есіктің маңдайшасына қадала қарап, жүзін сұята бастады.

Жәниловтың ішікі дүмітүін тежеп ұстауга жетесі жетеді екен. Бұдан соң кіжінбей, күбінбей сөйлесуге тырысып бақты.

— Сұхандария қаншама қашық, көрінгенмен, кідіріссіз жүріп отырса, әрі кеткеңде бір жарым тауліктиң шінде осы біздің облыстың жеріне жетпіп жығылады. Ал біздің үш тіркеме машинава мал артқан керуесшілеріміз жол-жөнекей екі түнел, үшінші күні тұс әлеңде Қызыл құмның шетінен бермен қарай шыққан. Сонда бұлар қайда қаңтал жүрген? Мен ізбе-із борпін анықтауга тырыстым. Сейтсек, бұл мұңсыздар қызылдың шінде құдық басында отырган қароқалпақ, малшыларының бірінің үйіне түстеніп, бірінің үйінен қонақасы жеп дегендей, әбден сайранда салса керек. Арақ, пен бозатға шетінен силяқынп тойған. Қаруныңдаты мал мұлдем қарнусыз қалған. Қайта солардың барынан айрылмай, елең аман-есен жеткеңдеріне мен қайриимын,— деп аздап тұныс алды да, қарсы алдапиды

арызшы ағасының бұған сұрақ қоюға үмсінін бергенін айтарлық, ері қарай жөнелдете жөнеді.

— Мениң жілгітерімнің лайтынша, бар бәлениң басы осы „Гигант“ ауылынан келіп қосылған әлті ағайынды Бұлдырық овтар болыпты. Өздері де ойсан ішкіш екен... Эр құдықтың басына жеткенде екеуі жалма-жан машинадан қарып түсіп, көл табанды отырған киіз үйлердің ең жақынша қарай тұра жүтіретін көрінеді. Содан ықытық жоқ, босагадаң аттамай жатып, алқан жайып арақ сурайды екен. Бейтансы үйдің ішінде шал-кемпір отыр ма, үрпіскен бала-шата бор ма, бұларға бәрібір болса керек. Біздің жілгітерді де сайтан азғырып, осы екі ішкіштің соңына ылесітті. Соның салдары аноу... Қараусыз қалған мал шығынға үшыраган: бірліжарымын қасқыр жарып өлтірген, бірнешеуі уақтылы су берілмегендіктен, құмның қапырық шыстығына шыдамай қатолап қатып қалған, біразын араққа беккен құырдақ құмар қазақ пен қарақалпақ жайғастырган болуы керек... Ешқайсының қасында тұрганым жоқ, барлық бүге-шігесін, ершіле, билмеймін.

— Осы айтқаңдарынызды растайтың күәларыңыз бар шығар? — дед сұрады судья.

— Бар. Біреу емес, бесеу. Эрі жазған қагаздары түгелдей нотариалдық кеңседен тіркеуден етіп, морлаптап.

— Жолда қасқыр тартып өлген мәлдарға акті жасалған ба?

— Эрине. Ол актлерге „Гигант“ колхозының зоотехник Бұлдырықов жолдас баттиғып тұрып қолын қойған.

Жаһиловтың соңғы жауабын естіген Аппаков біреу балтыр етіне біз шашын алғақаудай селк етіп, секіріп түсті. Эрі қарай шыдамы жетпей, бейтарап, сабырлы қалыбын бұзбай сауда қойып отырған судыяга жалт қарады.

— Маган сұрақ қоюға бола ма?

— Болады.

— Соңда, қалай, Жаһилов жолдас, жол-жепекей қасқыр тартқан малға сенің қарауындағы адамдар акті жасап, мениң зоотехникіме күні бұрын қол қойғызып алған ба?

— Иә, солай.

— Соңда сенің қол астындағы үршілар алдын ала қам жасап, әбден дайындалған болып шықпай ма екен?

— Жоқ, олай емес. Эрбір өлім-жітімге үшыраган малға дер кезінде акт жасап, шығасыга шығару жалпыға бірдей

белгілі тәртіп. Ауыл шаруашылығы үжымының басшысы ретінде, Элеке, сіз бұл тәртіпті бөрімізден жақсы білесіз.

— М-м... солай де.— деп отағасы бұлғы соң еркесіз басын изеп, бір мезет үн-түпсіз отырып қалды.

«Дүниеде ақтың ақ екенін дәлелдеу — осыншама қыны болор ма?» деп ойлады артынша. Бұрындары да талай алыс жұлысты, дву-дәмдайды бастап еткере жүрші, осыншама қарапайым, бесенеден белгілі шындыққа деп қоймаганын сүлді аңғарып отырды. Кешегі қырқыншы жылдарда бұл өзі түреғастардың кебін киіп, сопау алыс Белорус орманадарын жортуылмен көзіп жүрді, үш-төрт жыл балапымен қан кепілти, соңша талай қаталдық пен қаніпезерліктің, қажырламаңың, пен жаңкөзіп ерліктиң мысалдарын бір кісідей көрген секілді-ақ, еді. Кейінгі бейбітшіл түрмиска килігіп кеткенде де қарапайым құлқыш қамы үшін, бақ-дәрежесінің өзгеден басым түсін үшін тырмысып бақсан, тырақ, батырган жерлері болғап шыгар. Бірақ о бастап Ал-пак баласының жұлдызы оңынан туды ма екен, әйте үл осы күнге пейін ол төбесінде шошайған үсті-басын жүн бақсан, артында салықтаған құйрығы бар жалғаншымен дәл осынай бетпіе-бет көздесіп, қолды болғап малын ғана емес (онда да өзінің жеке Қара-Қосысина ешқандай үры түскен жок), енді қазір аңдалап отырса, бойындағы ең қымбаты санайтын ары мен намысын қорғап қалу жолында бүйтіп тынырыққа тірелерміп деп ойламаган екен.

Мұның тағы бір тақырқайтыны — автобоза директорының ақылға сыйымсыз етірігін естіп-тыңдалап отырған аудандық соттың тебе биі бұрыншыша сырбоз, сыйзданған қалпын озгертилей, әзір ақ, пен Қарашың айырымын табуга септесстіңдер титімдей пейіл танытар емес. Қойған саудадары да әзірші шысанага дәп тимей, тайқып, тайғанап түсіп жатыр. „Алдың ала әңгіме еткізу, мәмілеке шақыру“ деп сұлтау-ратқанына қартаңда, лажын тапса, Аппақовтың арызын шын тергеу, тексеруге жеткізбей, жарты жолдаш қақпап қайтарып жіберу ойында бар ма, кім білсін. Араша сұрап келген тобе биден қолду таппаса, енді өз қамын өзі жасап бағады да.

— Ал өзің сатып алып, машинага тиеп жіберген өз ма-лыңың басы бүтін бе екен? — деп арызыны жауапкерге ке-зекті сурғын қоюдан басқа амал таптай отырды.

Жанилов осы ыңғайсыз суроқтың останын бірден түсінді. Жауабы да әзір екен.

— Бізден де екі-үш мал шынынға үшшырапты. Бірақ мен ешқайды арыздандып, шағын жасаганым жоқ. Жігіттерімे

тоба қазығын таяп отырып, бірден төлеңіп алдын,— деп, сол қолшының алақанына „тұф, тұф“ деп түкірлі қойды.

Аппаков жаңа байқады: Жаһиловтың зәңглердікіне үқсас қалың, түрік еріндері май жаққандай жылтырап түрліді екен. Бұтқыл бет пішімі, доңғолеңгендеген деңе бітімі әбден тойынаң, бұл жалғаның бар Қызық-шыжығына белшесінен батып жүргеш жігіттің тәқаппар тұлғасын аңғартады. Отагасының ит жыны одан әрі қоза түсті.

— Эй, мениң дә талап етіп отырғаным сол емес пе? Сен де төле!.. — деп бар үплийн түгеңден алғандай тәқапбарсын отырған жауапкерге қарай үратып кісідей үмтыйп-үмтыйп қойды.

Жаһилов барібір керістен қашқалымен, беріссер емес.

— Үриңіздә табыңыз да, еңдіріп алыңыз, көке!

— Мениң үрым сен. Давай, малымды тез түтендеп, қайтарып бергің! Басқа балтай-шалтайыңды білмеймін.

Арызшы мұлдем ашуға басып, дауыс көтере бастаған соң, жауапкер судьяға шағым айтқаңдай болды.

— Сіз қой демесеңіз, мына көкем осы жерде мені сабап кетуден тайынбайды,— деп жымықталынып, миңғынан күліп отырды.

Аудандық соттың төрагасы осы жерде түсін сұята түспіп, ерепскең екі дәүмен еткізілген бүтінгі сүқбаттың қорытындысын шығарды.

— Мениң үтуымша, сіздер мәмілете келмейтін сияқтысыздар. Солай гой? Ендеңс, келесі сот мәжілісіне шейін екі жақ қажетті құжаттарын, күзларын, тағы басқа өздері керек деп тапқан материалдарын толық өзірлесін. Сот мәжілісі өтетін күнді, уақытын біз сіздерге кейінірек хабарлаймыз,— деді.

Сот алдынаң кеудесін ашу кернен шыққан Аппаков колхозға келісімен кенесеңіне әлі Сухандарияға асыл түкімді мол алып қайтуға жұмсаған зоотехникін шұғыл шақыртып, бірден ол сорлының басына әңпр таяқ ойнатқан.

— Эй, жарым ес! Сен аңа Жаһилов сүміның жаңдай-шайттарымен бірігіп, жоғалған молға „Қасқыр тартып кетті“ деп ақті жасасыпсың гой. Сол рос па, отірік пе?! — деп айқайға басты.

Партизан бастығының ожар мінездің бек жақсы білетін зерттеңик байғустың сол жерде аузы-аузына жүқпай, жа-пырақтай дірілдегені болмаса, үні шықпай қалды.

— Эй, атаңа нәлест! Неге үйдемейсің? Айт, жашың ба-рыңда!

— Аға, соңдай бір кәкірдің болғаны рес,— деп зоотехник басын көтере алмай бүткіл бұға түседі.

— „Кәкірдің“ не, кепір өліміңде кеткір-ау? Актіге қол қойдың ба, жоқ па, соны айт!

— Былай нетін... Ішіп алғаптын... Есімде жоқ...

— Өй, пәдәһәт! Сейің қол қойғаш актің ана Қуаңдарияның сотының тартпасында жатыр. Қалай есімде болмайды?

Зоотехник байғұс иепи жағасының ішіне тығын, бүрсендеп тұр. Мұрнының шуылығана естіледі.

Директор кең кабинеттің төріндегі үстелінен ауыр котерілп, дәл ортада салқын суга салып алған тауықтай үрніп әзер тұрған бағыныштысының қасына жақындей берді де, соралының соншама құты қашып кеткенін коргенде лезде ашуы тарқап, тіпті шынымен жаңы аши бастаган еді. Бірақ алған бетінен қайтып, сәл осалдық, жасасо. Жаһиловтаң біржола жеңілестінін бледі. Өйткен мұлда ертеңіт сот мажилисінде тіліне талғажу етерліктеі есі дүрыс қуәлары жоқ, скенін бүтінгі егестен іштей түйіп шыққан. Мал үрлүшінің алдын ала дайындалатыны, ал мал иесінің кобие қамсыз қалатыны — бұл жолы да бұның жолын кес-кестеді емес не?

Зәресі әңдемінің түбінде кетіп, берекесі қашқан зоотехниктің қасына аяны талтаң басын барған қаһаралы бастық мұлдем күтпеген жерден жұмсарап, батыншытысының тықырлар үстаралең қыргызған жұмыр басынан жұмсақ алақаннанмен сыйнап қойді.

— Әй, қара құздың сұзығында шашында бүйтін тықырлар тастаганың қалай? — деп сұрады содан соң.

Мұлдай тосын сұрақты күтпеген әрі мұның ортында тағы бір құйтырқыны бар ма деп қорыққан жіпті ыржалаудай құліп, көп ойланбай, аузына келгейн айта салды.

— Сізге еліктеғенім гой,— деді.

Отағасы таяқ жеуден тайсақтап, жаңын қорғалған не-менің арзан құлығын бірдек түсінген. Соңда да болса алғы айтыстарда керегі бар күәсінің есін жигізип, айтқанды түсінетін дарежіте жеткізу үшін әдей әзіле шаптЫРДЫ.

— Маган еліктеу сен жаманға жарасар ма? — деп кеңкілдеп құлап алды.— Мен қысы-жазы шашымды қыргызып жүрсем, менде елең көрсетер қомақты бас бар. Ал сенікі немене?.. сағары жіңішке, қауагы жұлдырықтай ти-тилтей бірдеме. Мұндаидың қай жерінде мый түруушы еді, ә?

Осыны айттын, шынында да қылқыған мойнына әрек ішін түрган кишкане жұмыр тақыр бастық шеке түсінан сұқ, саусағымен әқырын албайлаپ, ауыртып алмауга тырысып, шерпіп-шерпіп жіберді. Анау басын қолымен қорынап, қаша ғастады.

— Сен сізді мәнің жақсылап тыңдаған алғын,— деп отағасын будан соң даусын көтеріп, сұқ, саусағын шошайтты.— Сен қазір тұра үйіңде қайтасын да, бірден вудаңдық соптың атына арыз жазуга оғырасың. Асықпай, саспай, бәріш егжей-тегжейлі жазасың. Үқтың ба? Арызында алыстан от арытып, тоң тоздырып әкеле жатқан адам молниңди, ең бастысы жеке езіңнің емес, колхоздың ортақ ырысын талан-таражға салған бірінші автобазаның қанқұйлы, қарожүрек үрылорын әбден келдіріп әшкерелеуің керек. Макұл ма?

Зоотехник осы арада басын көтеріп, өлімсіреғен әлсін үтімен:

— Түсіндім той, көкс... Бірақ қайтиң әшкерелеймін?— деп сұрады.

— Әшкерелседің жолы кеп. Соны да білмеймісің, қызталак?— деп отағасы кейп тастанады.— Мәселен, үрлі, соқты, қорқытты, үркітті деп жаза бермейсің бе?

— Оңдайы болған жоқ...

— Эйтпесе паро берді, зорлап арақ, ішкізді, алдан-сулады, үйықтатып тастанады... Жаза берхен, балсің түрі табылады.

— Оңдайын көрмесек, қайтеміз?

Бағынышпсының мынадай мінез-құлдығы бастығына жақпай тұр.

— Эй, атаңа нәлест-ау, оңдайын көрмесеңдер, көзге ішінбейтін бит емес, бүрге емес, қүйриқтарын эрең көтеріп жүрген отыз қошқардан айдалада қалай айрылып қалып жүрсіңдер? Элде сен екеуің де солармен ауыз жаласудан сау емес шыгарсыңдар? Оңда мен сен екеуіңнің көздеріңнен соралырыңды ағызып отырып, абақтыға ала-рып жетпымын. Білдің бе?— деп кіжініп, табанының астындағы еденді тепкіледі.

Бұдан кейін бағынышпсының тағы бұғып қалды.

— Бәрін мен айтқаңдай етіп қағазға тізіп шығасың. Әсіресе өлеңше үрші-соққаның, көрген әзап-корлықтарында оқыған кісі еңіреп жылайтыңдай етіп әсірелеп, ерекші тәптіштеп жазасың. Содан әқыры жолжонекей құдық, басында отырган малшыларға артық, бағасымен асыл түкімді малдың бірасын сатып

жібергенін біз, „Гиганттың“ зоотехнігі Бұлдырықов пен бухгалтер-кассирі Бұлдырықов, оз көзімізбен көрдік, бірик істер амалымыз болмады деп қорытынды жасайсың. Түсіндің бе-әй?!

Баптыныштысы сүлесоқтау басын изеп қойды.

— Шыныңда солай болғаны рас қой? Әй, негізіп тілің байланып қолды? — деп қадаңды бастық.

— Енді... мүмкін... кім білеуді — деп міңгіледі зоотехник.

— Эрине, сөйткен. Сен екеуін естеріңнен таңғашша тегін арақты ішे бергеніңдер. Ал аналар жол бойы сендердің қарауларында болуга тиіс мәдді сатып жіберген. Сейтіп, Жаһиловтың тақырымасын мұлтқыс зорындан шыққан. Эне, азомат деп соларды айт!

Әлекең тордеп орнына қайтып барып жайғасты да, белменшің қак, ортасында ишін түсіп әлі сүмірдейп түрған сүмелек қызметкеріне қарай иегін көтерді.

— Мен айтқанды бұлжыттай қағозға түсір. Аның ақымақ інің де сенің жазғаниның қароп отырып сал-пәл өзгеріспен көшіріп шықсын. Артынан өзім оқып, тексеріп шығамын. Соңсоң нотариустен еткізіп, мөрлөп, сotқа тапсырамыз. Ағайынды екеуік осы синниан сүршебей етсендер, сейтіп, Жаһиловға кеткен өзімізді аман-есен қайтарып алсақ, онда, бәлкім, біреуіңді бас зоотехник, екіншіліңді бас бухгалтер қылып есірермін... Ал алда-жада сөзден тайып жалт бердіңдер бар гой онда маган екпелемессіңдер. Менің сұрынды білсендідер. Солай ма-ай? — деп әдейі қоқылнип, дұусын көтере түсті.

— Білеміз гой, аға...

— Білсең сол. Бар онда, жоғал!

Әлекең осында қарауынданы қызметкеріне әлім жеттілік жасап, біраз пысықтап алды да, көңілі біраз жайланғандай көрінгесін кабинетінің бір бұрышында түрған мұздатқыштың қасына бәрәп, тұтқасынан тартып ішіне үзілді, содан соң тәрс еткізіп қайта жауып қойды. Мұздатқыштың ішіне бүйірі жылтырап түрған өзіне етене жақын армян конятына бұл жолы зауқы соққады. Мұның ежелден қалыптасқан әдегі — кеңілі бір орнында түрмай, қобалжулы кезінде шілдік атауларын аузына алмас еді. Ал бірдеме іс тыңдырып жолы оқғарылғанын байқаса, осы кеңседегі қолына түскен шабармендерын шақырып алғып, шарапқа тойдірып жіберуді ерсілк санамайтын. Соңдайда бүтіндері бастығының құрнаған ішін, жазықты болып жүрген алғы Бұлдырықовтар ерекше белсенділік көрсетер

еді. Енді ойлап отырса, қаруындағы қарашаларын арақпен ауыздандырып, теріс жолға салып жүргөп алпысты алқымдаған ақсақалымыз Аппақонтың озі екен. „Аппақов айналасына араққұмарларды жинап алған“ деген сырткі жагымсыз созді бүрши да сміс сміс естіген секілді еді. Ал соңді мына қызыл көз Жаһиловпен оттасын-сottасқан тұста бұл әңгімениң атойлап алдынан шығатын түрі бар. Жеме-жемге келгендегі ол иеме: „Жоғалған маманыңыздың жайын ана екі маскунем маманыңыздан сурап білесіз демес не? Эрине, дейді.

Болашақ, сот мәжілісіндегі көтізгі куатерін өзінше жан-жакты әзірлең, тиянақтағандай болса да, бәрібір скіудай, аудемал ойдың шырмауынан шыға алмай отырған отағасы ақыры соңында қасындағы қара телефонның құлғына жар-масып:

— Эләу, қызым, бұл истиқолом ба?— деді әдеттегі оқтем шығатын даусын бұл жолы шамасы жеткенше бәссеңдеп.

— Сізге кім керек?— деді ар жагындағы салқын, немқұрайды әйел даусы.

— Маган Арыстанбеков жолдас керек еді, қызым.

— Ал өзіңіз кім боласыз?

— Осындағы „Гигант“ колхозының басқарма бастығы Аппақов ағаң той.

Телефонның ар жагында жым-жырт тыныштық орна-ды. Отағасыға недәуір уақыт откесідей көрінді. Содан мұның ақыры шыдамы жетпей, жазықсыз аппараттың тетігін тасырлатып үра бастаған. Артынша әлі немқұрайды салқын дауыс тағы естілді.

— Сізге кім керек?

— Эй, шырагым. „Кім керегің“ не?! Мен Арыстанбе-көнті күтпі отырмын. Ділвой, тез жалғастыр.

— Ау, Әлеке, не болып қалды?..— дес дәл осы мөзжетте телефон тесігінен Тоқтарбайдың қоңыр, тоза таныс дауы-сы естілді.

— Мына сенің есігінді күзеткен қатының тіпті жонін айтпайды той!— Әлекен әлгінде тыз еткен ашушын тоз ба-суга тырысып, оманұлық-саулық, сұрамастан, бірден қазір басын қатырып отырған шаруасына көшө бастады.— Мен әлгінде інна аудандық, сottың алдынан қайтқан едім. Ала Қара Мысықты да шақырган екен...

Телефонның оргы құлғыны үстап отырған бастығы мұның сезін бөліп жіберді.

— Білемін, Әлеке, Естіп жатырмыз... Бірақ бұл жайын-

Да кейіншрек сойлессек қайтаді? — деді. Өктемдікпен емес, отінген ыңғайда айтты.

Отағасы қашелімде сасып қалды.

— Мен әншейін... жағдайды түсіндірсем бе деп едім...

— Дұрыс, дұрыс. Кейіншрек сөйлессерміз.

Артышша телефон тесігінде үзік-үзік ыскырық естілді.

Алпақов аң-таң. Эй, бұлардікі не бұлтак? Әлде телефонға сенбей ме, немене? Осы күні жашында жлқын түрган зырлапуық, хабарлагыштың құлагын көтеріп, біреуге бірдеме айта бастасан: „Көке, бұл телефонда айтылатын әңімге емес” — деп құпияшылмен оңаша кездескенде мұның жөнін сұрасан, ол ернің үшінша саусағын апарып: „тсс!..” деп ым жасайды. „Сөзінің барын жазып алуны, тыңдаудың бар” деп түсіндіргені. Таң қаларлығы: Қаралайым жүрттың көпшілігі мұндай құпияшылдықташ мұддем бейхабар; әртүрлі кинопильмдерде бір-бірінің ізін алғып, сөздерін таспаға түсіріп жетатын жансыздардың әрекетін көріп қызықтағаны болмаса, біздің еліміздө, міншай мамырайқан сркін заманда қойдагы бір сүйкімсіз тыңшылар секілді басқан Қадамшылды бағып, аузынан шыққанды дыбыстырышқа жазып алатын біреулер бар дегенге сендерге қою қынын. Аңда-саңда әрқиыл көрнекті қайраткерлердің, онда да кешегі согыс алдыңда дүниеден өткен ақын, жазушы, гүлмалардың кезеңді мерейтойлары газет, журнал беттерінде аталған түстарда кейде сез арасында, слеусіз ғана „жеке адамға табыштуылыштың құрбаны болды” деген қыстырмалар айтылғанмен, бүршінгі бірақ сүмдіктардан хабары бар осы Әлекендердің өзі сол бүршіні ҚКВД ылатындарын алыс ертеңдей көріп, мұлде үмітта бастапты. Ал бірақ билік басында жүрген басшылардың бояғыша сақ, құдікшилекені талай байқаған. Тіпті өзгелерге Қаратақта да көзі ашық, ар-ұяты ояу көрінетін Тоқтарбайға шейін мұның бүтінгі әңгімесін, бәлхім, жанында жақсы көріп жүрген үйісіне айтпақ, болған мүң-шерін телефон арқылы тыңдағысы келмеген айдан анық, еді.

„Сендерге үқсан, колеңкемнен қорқып өмір сүрмей-ақ, қойдым,— деп ойлады отағасы сол арада.— Қан майданда арыстандай ақыржын фәшестен қорықлаган Алпақов енді тылдағы жаман жапалақ, Жәниловтың алдыңда тізе бүгін, бүгежектемек пе екен?!— Отағасы енді әлдекімдерге ад-ressіз кіжіне бистілді.— Өй, онкей су жүректер! Еркек емес, кілец томен етек қатысмындар гой!”

Айқынша шыгар алдыңдағы қас батырдай қаншама өзін-

өзі Қайрап, Қайратын шақырып, айбат көрсеткенмен, ке-
зекті болған сот мәжілісінде бұрынғы партизан Аппаков
бәрібір жеңиске жете алмады. Бұл жолы куалар түгел
шақырылып, дауласуыш екі жақ дайындаған құжаттар да
тепсі талқыға түсті. Екі жаққа тоқтаусыз сез беріши, оны-
бай айтты, ауыздан шыққандарының бәрі хаттамага жа-
змынп, Қатаваға Тіркелді. Сот мәжілісіне тәрагалық, еткен
Қуатарияның бадырақ көз судьясы бул жолы да сыйнайы
салқынқандылық мінезінен жаңыламай, сыртекі көзбен
Карағаңда заңдылық тәртіп жүйесін барынша толық
сақтаап бақты. Ал Жаһилов болса, пәлен сағатқа созылған
сот мәжілісінде бір қалыпты келемеж, өзінше үстем кейи-
туғасын взгерпей, қарсы жақтың сілтеген қамшысын
бойына дарытпай, қатып тастағы отырды. Қайта аризашы Ап-
паков дүркін-дүркін сот белгелеп берген шекара тәртібші
сақтай алмай, айғай салуга шейін барды, жауапкерліц
кісілік намысына тиерлікей сұыр сездер літудаң да тар-
тылбады. Сол себепті соттың тәрагасы тарапынан бірнеше
рет ескерту естілі. Эрі мұның күн бұрын әзірлеген
куәгерлері, соның ішінде зоотехник Бұлдырықов талқылау
кезінде нашарлық көрсетті. Ақыр соңында жұз елу
қошқарды бірге айдасып келген Жаһиловтың жалдаптары
қасқыр тартып өлді-міс деп жасалған жалған актіге „Ги-
гант“ колхозының зоотехник есі бүтін, дең сау күнінде, өз
еркімен қол қойғанын сот алдында дәлелдей шықты. Оның
есесінен кіші Бұлдырықов — колхоздың бухгалтер-кассирі
ұрыларды әшекерелеуде недайуір өлеменшілк танытты. Су-
хандариядагы мал сатушыларға қолма-қол ақша толеу
кезінде өзінің бул жауапты Істек шет қалғанын,
Жаһиловтың адамдары мұны алдап-сулап арақ әкселуге
Лукенге жұмсап жібергенін, сол себепті сол төлемнің то-
лық қаламде мемлекеттік кассага еткенше ете күмәнді
екенін, соңықтан ең дүрысн — аринайы есепшілер
жіберіп, өзбектердің банкіден есепшотын қайтара тек-
серін шығудың қажет екенін қайта-қайта қлқсан айтумен
болды. Біроқ мұның зарын сот мәжілісін жүргізіп отырган
бадырақ көз де, Жаһилов та құлатына қыстырыған жоқ.
Бұлдырықов бір айтқанын оған рет қайталап мазасын ала
берген соң, судья бірде: „Мал сатушылардан арыз түспесе,
біз солардың есепшотын тексерсе алмаймыз“ — деп
түсінілірмекші еди. „Ау, мал алушы ретінде мен арыз айттын
турғаным жоқ па? Менің аризым бойынша тексеріңіз!“ —
деп Бұлдырықов тарғы шап ете түскең. Судья соңда оның
сөзін естімеген сіңгай танытыш, үлкен Бұлдырықовқа
Карай мойнын бұрын алды: „Ал сіз не айтасыз?“ — деп.

Анау тарғы да: „Үрдіс-соқты, азарлады“ дегеншен басқа сипатеңін келістіріп, кісі сеперліктең етін дәлелдей алмады. Жаһиловтың күзлары, әрине, бәрін теріске шығарын, тергудің бәрінен аман етті. Сейтіп, сот мәжілісінің корытындысы бойынша үры — үры емес. Қайта жоғын іздеген мал иесінің әрекеті түсініксіздеу, тігің қазақша айтқаңда теңтектеу болып шықты. Әрине, соттың шешіміндегі „сен пәлендейсің“, „сен төлендейсің“ деген екі жақтың ешқайсының киәреттеган оғаш сездер атымен жоқ, еди — тағс тиек етер будыры сезілмейғін, бұлыңғың тіркестерден арыз иесі Аппаковтың бар үққаны: бұл арада қылмыстың 1с қозғауга түрерлік фактлер жетімсіз болғындықтан, мұңдай дау-дамайды азаматтық төрелік жасау мекемелерінде қароуга лайықты болып шықты.

Әрине, бұдан кейін де прокурорға, жоғарғы сот орындарына арыздағута, шапымдануға ешкім тыйым солған жоқ. Біржық, бірден тұмсығын жарға соққан арызшының мүнделі әүрешілікке барғысы келмеді. Қаша айтқаимен қатардагы қаратайым пісіндең бірі емес, дағ-дарадай аты бар, атагы бар, ақсақал жасындағы беделі адам соңда әлдекімнен жапа шепті, өкіметтен жәрдем сұраған сұрамназға, кәдімні арызқойға айналмақ, па екен? Оның үстіне, осы күні сенің арызыңда құлақ асып, ләзде ақынды алып беретін, ақықатқа жүтіне қоятында кімің бар? Бүтінде ақықатқа мойын үсынатындардың қолында кесікті билік жоқ. Ал қолында кесікті биліп барлар ең алдымен сенің қалтаңа қаратыны тарғы белгілі. Тіпті осы езіл басқаратын „Гигант“ ауыллық озаттар Қатарына косу үшін мұнның аққөңіл ауылдастары етнинен мол өшім жинап, мал босын осіріп қана қарат отырса, ешқашаш жақсы атаққа ылайтіп, жарияға шыға алмас еди. Оңдай биікке көтерілу үшін әншнейінде адуын, бетіне жан қаратпайтындағы қайсар көрінетін осы Аппаков өзінен жоғареті талай басшылардың алдында құрақ үшінп, ең расы — солардың бірлесіншың кемейлерін кекала қағазға толтырып, тойындырып жібермен не? Солай етпесең, саған өкімет тарапынен тиесілі қаржы-қаражаттың комбайн-трактордың, тыңдайтқыш, құнтарлагыштың шетін де көрмейсің. Басшылардың қалтасын қампитетп тұрып, штей солардың толайның ішін кептіріп боктап-бұраганимен, өзгелер секілді отірік тіршілікке Аппак баласының да біраздан бері еті үйреніп кеткен.

Бірақ, бұл жолы сол үйренішкіті ізben жүруден бас тартқан сыйайы бар. Оның үстіне, Жаһиловта кеткен ақысын қайтарып алу үшін отыз қошқардың құлыш емес, ең кемі алғыс қошқардың ұлыш жөлге үшіну қажет бо-

малынына енді көзі жете бастаған. Шын мәнісінде жылына жүздеген мың сом таза пайда түсіретін „Гигантқа“ отыз қошқарды жогалту пәлеңдей зор шығын емес еді. Қой жылғы қарлы беранды осы колхоздың бір отар қойы қыргына үшінраганда да, озат ширугашылаңқыл даулет пәлеңдей ортая қоймадан. Малына исалк ете алмадаң қырсыз шопан соңда қашақ, салтымен ағайын-тұғандарының жағдай айтып жүріп, екі айдаң ішінде шығындалған малдаң орынын толтырып жіберді емес пе? Осы жолы да колхоз бастығы ағайында Бұлдырықовтарды шын қыспаққа салса, аз уақыттаң ішінде ағайын-тұғандарының көмегімен өздерінің қінәларынан айрылған қалған асыл түқымды қошқарлардың құшын еселең қайтаратынына құмәні жоқ.

Мұның қазір қотты қинап түрганы мал ашуы емес, жән ашуы еді. Тасын өрге домалеп, беделі артқаң шагында қайдапы бір алляқтың алдыңда арыншыға айналып, тамам жүргіттың қөзшіне жеңіліске үшінраганына қамысы келіп, қотты қорланды. Тіпті кошеге шыққанда жүргіттың қөзіне тұра қартаудың қаймығатын болды. „Мынау кешет ірісінген Аппакон, енді бүтін жапалаққа әлі жетпей жән сауғалаган қорғаншақтың өзі!“ деп мұның білестін едіңдің бәрі саусақтарын тошайтып, сыртынаң гойбаттап жүргендей көреді. Бұрынғыдай емес, қаруынданы қарашаларына да ектемсүді азайтып, үрысып-жескүден қалып барады екен. Тіпті мұны осындағы батпақ-сорға әкеleiп қамап қойған ағалы-ініл Бұлдырықовтардың сқта-текте ала қөзімен атып, жанына жолатпай, жасқап үстеганмен, әзірше соларға тізе батырып, тезге салуды да кейінге қалдырып келеді.

Өзінің өркөкірек патша көңілінде өміріндегі бірінші рет күрулы қақшанға түскендей қотты қапалашған бұрынғы батыр нағизен дәл қазір бүткіл дүниеге ренжул еді. Тіпті өзінің жанына жақын тартып жүрген Інісі Тоқтарбайдың осы тұстагы әрекетсіздігіне бір жағынан таңырқаса, екінші жағынан іштей қінарет артудағы да құр емес. Өйткені о баста зор ашу шақырып, ауатком тәратасының алдына арыз айтып барғанмен, Жаһиловтан сottасу-ottасу ойында жоқ-ты. Арыстанбекон қолына совет екіметі берген билікті лайдаланып, тәітекті бірден тезге салар-ақ, ақысын алып берер-ақ деп үміттенгенене есіндес. Жаһиловтан тайсақтады ма, алда соның артшыда түрган қолдаушылардың кептігін ескерді ме екен, әйгеуір ол бұл Іздел барған әділдікті сот арқылы табуга кеңес беруден аспады. Енді неғе сол сенген кісісі жәбір көрүшінің сезін жүре тыңдап, арзан жұбату айтумен шектеледі? Түсінсе бүйірмасын.

— Қайтесіз, Элеке... Сабыр етуден, ақырын күтуден білсек дімді жоқ,— деген бұлдыратып жібереді.

Аппақов тул бітті осыңдай екінші тиянақсыз сездерді үшіншісінде сілтіп атасынан жағынан көрді. Аппақов түскен біреулер алғыстан оған тынышты, көкеніңдеңін ашын айтпай, әрі сәрігे салып бұлақтарда бастаса, бұның әрі қарлай сынайысуга тозімі жетпей: „Әй, шырагым, тоқстерін айтшы! Бола ма, жоқ па?“ Деп төтесінен кететін әдетті бер. Қазақтың кейде тұра нистін жасырып, бүкілпайталаң, астарлап сейлестін сез бүйдессын, нақты бүйымтайын ең соңына қалдырайтын қақпақын мінезін — жетістігіңдей смес, арзан айлакерліктең көрер еді.

Сол себебіті Элекең Тоқтарбайдың бұлтаңын жақтырмайтын сыйайын жасырмай:

— Менің ақырын күтүгө уақытым жоқ! — деп бүрк етсек алған.

— О неге?

— Балқім, сездер мені күні ертец қызыметімнен босатып, пенсияга шығарып жіберерсіңдер. Сонда менің ауылдастырымының Жәһилов сұнара кеткен ақысын артынан барып сұрайтын біреу табыла қояды ма, жоқ па? Сорал күмәнім бор.

— Оныңды ын-рас. Сіз кетсеңіз, ешкім сұрамайды. Жабулы қазан жабулы күйінде қала береді, — деп Тоқтарбай оторғасының ынғайына қарай құлай кеткен.

— Сонда менің не істеудін керек?

Тоқтарбай әүелі үнсіз ықырақта бастады. Содан соң аз да деп бурыл араласқан қайсаң қара шишины саусагымен тарайқтан қойып, Әлібектің көзіне көзін тұра қадап отырды да:

— Шынымды айтсам, соның оғім де білмеймін. — деді. Мұны естіген отағасы бірден қонарышын орнынан тұрды.

— Ойбу, біз сезіш жүрген совет өкіметі біржолда құлғын екен гой! — деген есікті тарс жауып шығып кетті.

• • •

Жауын жеңетін өзге үтірлі ақыры іздеп тапшарған бүрінші партизан Әлібек Аппақов ең соңында ежелден қанына сіңген, қниалған шақтарыңда салқын қаңды ақылға жеңірмей, бірден білеқ күшін жұмсайтын тәсіліне болып, сәрсенбінің сәтті күпдерінің бірінде жатын белмесінің түкпірінде тұратын ауыр сейфтиң шаңдарға

кілкене сандықта жатқан, бағыт майдан күндерінде әскери команздырып бірі атын жазып, сыйлыққа берген ТТ тапаншасын қалтасына салып алды да, құлқын сәріден шоферін оятып, аудан орталығына қарай шүгіл жүріп кетті.

Бұл бірінші автобаза директоры Жаһиловтың жұмысқа ерте келіп, таңғы сағат жеті жарымда қарауыштады колонна басшыларын кеңесеңіне жинап, он бес-жыныр маинуттік жиын еткізетін, содан соң „объектілерді аралауга кетпім“ деген сұлтаумен зым-зия жогалатынын соңда жұмыс істейтін бір танысынан күні бұзып білп алған еді. Неде болса сағат жетіде айдаусызда орынан басып, тұтқындан есеп айрыспаса, „Гигант“ колхозы бастығының шәлкемшалыс мінезінен хабардар автобаза директоры сәл сыйбысты естісе болды, алдын ала қам жасай бастайтын ақықат. Алпақовқа жансыз ақпарат берген әлгі танысы, шынында алғыстан қосылатын аталас ағайының бұған құпиялап отырып, алыс рейске шыпып жүрген айдаушылар арасында миллионер Жаһилов күнделікті жұмсайтын ақшасының біразын жұмыс орында үстайды-мыс, тапсырмасын топжылтпай орындаған кейбір пысық жігіттерді кеңесеңіде отырып-ақ қарық қылады екен, қалталарын ақшага толтырып жібереді-мыс деген әңгімелер барын да ескерткен.

Мұның багына бұл келгендеге Жаһилов кеңесеңіде оңаша жалғыз отыр екен. Қабылдау болмесіндегі хатшысы бір жаққа шығып кеткен бе, әлде жұмысқа жетін үлпірмеген бе, әйтеуір аяғын ариаң-тарпақ басып, есілі айқарма ашық түрган дариядай кең кабинеттің ішіне қарай оте берген Алпақонтың жолын бөтеген ешкім кездеспеді.

Төрдің тобесіндегі жетағаш жалпақ үстелдің ор жағында жапалдақтай жалпынан отырган Жаһилов озінен қарай қара албастыдай төтп келе жатқан Алпақовты көрісімен орынан атып тұрды да, қапелімде бар айбатын бойына жинап алды...

— Сізді мүлдә кім жіберді? Шығыңыз! — деп айқай салын. Өзінше айғай салғап сияқты еді. Бірақ онсыз да доп-домақ, жігіттің тікірейген тікенек шамтары аяқ, астынан тік тұрып, өзі бір уыс болып жиырылғанда, байқаусызда жортын жүріп ашыққан итке жолыққан кіршишешениң док, көрсетіп ысылдағаныңдай әлсіз дыбыс шықты.

Не істейтінін алдын ала болжамдап, тас бекініп келген Алпақов айылдын жиған жоқ. Жалма-жан қалтасына салып келген тапаншасын сурып алды да, жалпақ үстелді айна-

алып отіп, бұның қолында кезеңгөн сұық қаруды көрісімен буын-бұның дірідей бастаған Жаһиловты бұрышқа қарай итермелеп әкетті. Сол жақ бос қолының жуан жудырымынан ананың бұлатиган қарның бірер мәрте түйіп-түйіп жіберді. Неге екені белгіліз, ішіне соққы тиғен Жаһилов Бірден есекігіреп қалудың орынна үйқыдан ояңғандай есін жия бастиды. Эзірше өзіне гана мәлім себеппен екі қолың жогары көтеріп сол жерде ыңғайсыз ыржалаудап құле бермесі бар ма?

— Жарайды, қойдым, кеке. Ашуыңызды басыңыз,— Аейді.

Кеше майдандың жүрген партизан Аппаков өлімнен қөркүп, қолдарын көтергөп толай неміске мейірім көрсетпей, табанды атып тастаудан тайтынбас еді. Ал бұл жолы дақ, астына қолың көтеріп, ыржалаудап құлпін түрған тылдары жауын көріп:

— Түсір қолыңды, атаңа наелет! Жаңың мүнші тәтті болар ма?— деп зекіп тастады.

Жаһилов қолың түсіргенмен, ыржалаң құлкісін тыймады.

— Езді қайтейік? Тіпті зәремізді ұшырып жібердіңіз гой,— деді.

— Өй, көмгеңде құлғыр. Сен не менеге жетісесің, әй?

Шілтескен „Дүшпанылымен“ билайшиша тілсі келіп, көтелік жасан турғанын батырға тән ағалдыңы бір басына жетіп-артылатын Аппаков қызын емес. Кешең майдандың көзdescен немістермен өйтпі тәжікеlesнес еді, өйткені олардың тілін білмейтін, бар жатқа алғаны сол баяны „Хенде хокі!“, „Гитлер капут!“ болатын. Өзінше дәл қазір Белорус ормандарындағы фашистерден кем жек көрмейтін Жаһиловтеп жекпе-жек үстасқауда, қазақи „согысқа“ ошашылық, жетік емес екенін дәлелдеп тұрды.

Оның үстінс, қазақи құйтырқының әзелден жаңы сүймейтін Элекең қолыңдың мылтының Қайта-Қайта шошынадатып:

— Әй, атаңа наелет-ау, сен менен оп-опай құтылыш көтемін деп ойладыңың ба, ә?— деп орынсыз әкіреңдегі бастауды. Бетіңдегі үрей аралас құлкісін жишип ұлпремеген Ақтой Жаһилов есіккен қаштадас қабырғада ілуал турған сағатқа көз қырын тастоп Қойды да, бұрыштан бермен қарай шығып, жазу үстелінші алдындағы орындықты нұскап иегін көтерді.

— Кеке, отырсаңызышы. Адамға үқсанап сөйлессейік,— Аеді.

— Отырмаймын. Мен сен итке қонаққа келгешім жоқ.
— Сондай-ақ, сіз бен біз келіспейтіндей не бар екен? —
деп Жаһилов ұстаз алдыңдағы шәкірттей төменшік дауыс-
пен желкесін қасып түрдү. — Нәйәті азып-аулақ тышкақ
лаққа бола осыншама бет жыртасуымын жөн бе еді?
Ағайын арасындағы алыс-берісте оңдай бес, он маңырама
ғана емес, қос-қосымен бис, қосарланған гүйс де жүре беретіл еді гой... заманың түзу кезінде...

Іздеп келген берерменің тағы да сөзді көбейте бас-
тағашын аңғарған аларман Қолниңдағы тапаншасын кезеніп:

— Мен сенімен киналасуға келгенім жоқ. Давай, сөзді
қысқарт та, ертерек қарызынан құтыл! — деп бір
қолымен қақпайлап. Жаһиловты алдына түсірді де, төр
жак түкпірдегі жабық түргон есікке қарай итермеледі.

Осы автобазада жұмыс істейтіп әліп жансыздың алдын
ала шүсқап көрсетуі бойынша Жаһиловтың мына іші әр
түрлі қымбат жиһаз-ағаштаға толып тұннып түркен,
еденинде әлдененше кокала кілемдер көлденең тоссеулі
жатқан, былайша қароғаңда, бұтандері аудан басшыларына
да бүйіра қоймаган даладай кең кабинетінің ар жағында
оңаша жапсырма болме болуы керек. Жаһилов озіне
сенімді адамдарын ара-тұра соңда кіргізіп алды, қупия
мажлістер өткізеді-міс. Жоғарыдан бермен қаражі жолы
түскен басшылар мен әрқиыл тексеріти, реализорларды да
осы бөлмеге езі оңаша қабылдамай, кейин қайтармаса ке-
рек.

Кеңсе иесін алдына салып айдаған кірген Апшықон осы
көлденең ауызда айналған қупия болмаден анау
айтқандай ерекшелік көрmedі. Қайта директордың озі оты-
ратын кіреберіс айбынды кабинетке қаратаңда әлдекійде
жұпның, үзынша созылған енсіздеу қуыска үқсайды. Пар-
кетінің сыры кете бастаған едекте тіпті кілем, алаша төселе-
меген. Бір бұрышта былғары тысты көне диван, оның
алдында тілец тиеттідей аласа дөңгелек ұстел түр. Басшы-
лардың әдеттегі осындай қосымша демалыс болмелерінде
кездесетін, шінінде марксизм классиктерінің ешкім
оқымайтын қалың қітаптары иін тірекен шкафтар.
Әйтпесе әрқиыл сусылы, ішімдік қойылатын мұздатқыш та
көрінбейді. Тек терезе жақ бұрышта, бір жағына қарай
ысырылған қалың қордениң ішінде жартылай жасырынған
кісі бойындағы қоңыр сейф мүшің козішіне оттай басылады.
Сіра отызыншы, қырқыншы жылдардың бірінде шет
жүрттық зауыттардың бірінде шығарылған, қабыргалары-
ның қалыңдығы қарысқа жуық, зіл батпан ауыр есік

сейфтің біреуі ұзақ жылдардан бері Аппақовтың өз каби-
нетінде де тұрған. Бұған бұрынғы басшылардан қалған
мұра... Жаһиловтың шойын сандырагын өзинше үксату
 себебі — оның қоңыр түстілініс емес, жалпақ, есігінің кілт
кіретін тесітінің озғаше түріне бірден нақар аударылған.
Мүндай зілмауыр мұлікті кезінде Қалай кіргізгенін
білмейді, ал қайтып шығарудың қыны екенін айдан даңық.
Бұған әртүрлі апатың, от жалышың пүкім емес, құлып
астына сақтаған алтының мегін ақшаңа оңайлықпен ешкім
кез сүғып қарай алмайды.

Осы дәу сейфті жартылай жасырган терезе пердесін
ысырып тастап, бұрынғы партизан аз уақыт тұтқынға түсіп
кірілттар болған жауына елде қарады.

— Эй, мұның кілті қайда? — деп сұрады. Қымбат
қазынаның бір шеті көрінгендей, коги ұзамай соны екі
қолымен кесіп-кесіп алатын кісідей табан астында көзі
жайнап шабыттанып шыға келіпті.

Жаһилов бірден жоуап бермей. Қаблғы гүсіп, бұрын-
таты динара қарай артымен жылжып барды да, сымқ, етіп
отыра кетсін.

Кол астындағы „тұтқынның“ мұнисына сәл тоңырқаған
отағасы:

— Не болды? — деп оған құдікті көзбен қарған.

Жаһилов мұрнын тыржитып, қолын сілтеді.

— Эй, қойыңызың, кеке!

Аппақов ашу шақырып, шытынай түсті.

— Былшылдама! Мыша сейфті аш та, алқанымда он міндетті
сомды әксеп сал! — дегендеге елрейген жалпақ мұрнының
тесігінен үілдеген жел шықты.

Жаһилов бұл жолы ескі диннаның орқалынтына шалқая
жатып алғып:

— Ол немнің ақысы? — деп, мырс етіп құлап қойды.

— Ашулаңба, атаңның аузын үрайын... Сенің қомағай
кемейіце түсіп кеткен адам малымның тиесілі пұлшын дәл
қазір қайтарып бересің! Эйтпесе... мен сенімен
салғыласуға келгенім жок.

— Ау, кеке, отыз қошқардың құны әрі кеткеңде алты
мыңнан аспайды. Он мың сомды қайдан шығардыңыз?

Жаһиловтың уақыт еткізу үшін адени саудаласа бас-
таганын Аппақон әзір аңғарар емес. Дәл қазір өктемедігі
етіп тұрғанда шұттал қимілдудаудың орнына, әлек-шелеңгі
шығып, айтыса кетті.

— Эй, сволыш-бу, үрлік, жасаумен қанағаттаның
қоймай, мені әуре-сарсақға түсіргенің үшін айыл пұл төле-

мсуші ме едің?! Сенің үстіңнен сотта іс қозғау үшін де біздің қалқоз қыруар ақшаш аударды... Соның есесін қайтарып алым көрек смес пе?

— Жоқ, оныңыз болмайды, көке. Бұл әділетке жатпайды.

— Эй, сен үялні-қызармай, қайдаңы әділет жөнінде оттап отырысың!

— Енді қалмай?.. Сіздің зорлығыңызға қеніп, жоғалған малыңыздың құның қайтарып берген күнде де, тұра төрт мың бес жүз сом болады екен. Өйткені біз өзбек жолдастардан әрбір қошқарды жүз елу сомға сатып алғанбыз. Жесті қластық, әжептәүір біліміңіз бар адамсыз гой, дұрыстап есептеп көрсөңізші, көкел!

Қисынын тауып, өзінің жоғарғы білімді маман екенін бұлдарап, ал зорлықшылық жет қласты әзер тауысқан (оңда да кезінде кешкі мектепті сырттай оқынған жүріп) қарі домбайға жататынын қарғытып откен қагынғырдың қасына бірден жетіп барған отағасы қапелімде қүтгелектеніп:

— Эй, мен сен иттен айып пұлыңды қоса төле деп та-
мап етті түрганым жоқ, па?!— деп енді қолыңдағы таюанша-
сып көңс дынында шақының отырган Жаһиловтың әңменіне
тақап-тақап қойды.

Жаһилов әуел бастамы бүрінғы партизан тарапынан болған тұтқыншы шабуыш кезіндең үрейдеп бірте-бірте құты-
луга айналған ба, алде соңғы жылдарда алыс-жақын жор-
туылдарға отайман жігіттерін жұмсаған, зорлық-зомбылық
пен алду-арбауга тікелей араласа жүріп недәуір, тәжірибе
жинақтап үлтреген бе, әйтсеүір ләзде түсіп өзгертіп, айла-
шарғы жолына түсті.

— Айып пұлымды қосқаңд, алты мың сомнан артық
төлейтін бір тыным жоқ,— деп қасақана Қасорысын
бақтты.

Әлекең мылтығын шолтайдатып:

— Он мың сом!— деп омырауллай береді.

— Алты мың.

— Ош мың.

— Жарайды, алты мың бес жүз сом болсын.

— Жоқ, он мың.

— Алтырмай, көкс, аздап төмөнпрек түссенізші?.. Он
мың сомыңыз сүмдік қой. Оңдай ақша менің түсіме де
хірмейді. Олмахи, біллахи!

— Жаның шықсын, жалмауыз! Сенің Арқага помидор
артишып жіберген әрбір машинаңнан елу мың сом таза
пайды түседі. Немене, өзіңнен басқаны түктен хабарсыз

мақаупес көрсімің? Да лай, былшылдуды тоқтатып, ерте-
рек қарызынан құныл!

— Кеке, мен сізден қарыз алған жоқ сектілді едім...

— Қарыз болмасаң, үрлем алғансың. Қане, жаңың ба-
рында, он мың сомды дәл Қазір олақатына әкеліп сал!

Осының айтқан отағасы екі бүтүн екі жаққа қарай со-
зып жіберіп, әкесінші үйнен келгендей шалқалап шалжыны
жатқан Ақтайдың кеудесіне тапаншасының үңісін баты-
ра түсті де:

— Тұр орынан, мәлімі! — деп зіркілдеді.

Ананың аздап өкі қашыққыраш кеткенмен, өтірік
шығайсыздана құліп алдып, артын әрең көтерді.

— Табанды атын тастаймын! Жайратып кетеміш! —
Отағасы жағын шайнап, қаһар шашын тұрды.

Сырты құлім, іші жылым Жаһилов дәл осы арада бір
жасандылықтың, әдейліктің бар екенін піңгіргандаи бол-
ды. Өзіне қарай турға бағытталған түсі суық қарудың
үңғысина үнсіз мелшип қарап тұра берді. Ақыр соңында:

— Бол тез! Кілтпі әкел! — деп екіленің зорлықшыға
қарпай сал еңкейіп, басын томен салды да:

— Мейліңіз, Менің жаңымды алғанда, малыңыз түген-
делсе, осы жерде атып кепіңіз, коке! — деді жылымсырап.

Мүңдай оқыс оқиғаны күтпеген отағасы қадімгідей са-
сып қалды. Тіпті тапанша ұстаган қол еркінен тыс төмен
түсіп, есі екі-үш адым кейін шерініп барды да:

— Сен, немене, мені қан ішпесе тынбайтын қаніпезер
деп не едің? — деп енді қапелімде қасындағы қастасы
екенін үмыттып, қадімгідей ренжіп сөйледі.

Жаһиловқа кереп осы емес ие:

— Ойбай, кеке, кевпірің з... Қайдан білеіні!... өзиңіз гой
осында зәремізді үшірген, — деп, кінастің мойындаған
кісідей, басын қайта-қайта шұлғи берді.

Айтқаны болып, әзір бепніе жан қаратпай тұрған зор-
майтың, тіпті аудан, облыс көлемінде әжелтүүр беделі бар
шаруашылық, басшысының өзіне зорлық жасап, тендер
бермей кетуге айналған алляқтың осынай кіріппар халғе
түсіп, осыншама төменишкегеппін памысшыл, шамшыл
кеңілі бір мезет қонағот тұтты ма екен, кім біледі, әнтеүір
атағасы бүтін осында тұтқындан "шабуыл" жасағаңдарғы
түпкі инстінен қайтпаганмен, әуеслі қарқыны бәсек
тартқанға үқсады. Сонысы шығар, тіпті қолындарғы тапан-
шасын костюмінің ішкі қалтысына салып қойды да, желдін
отицде қалған бейіпорадай бүрсендеп тоқыш тұрған
Жаһиловқа қарай бүришті:

— Өзіңде де обал жоқ. Біреудің ортақ мұлкіне орам қолыңды батырмай, тынның жүрсөң, соған тиіспін жынының бар ма біздің? — деді. Тентектік жасаған ішінен кейіген ағашың қексіз, зілсіз дауысымен айтты.— Осы сенде, құдай биліді. Бәрі жетіп-ортылады емес не? Үрламасаң да, жырламасаң да, күніңді көрер ақуалың бар. Эрі қолыңдан іс келетін пысық жігітсің. Ададықсің жүріп-тұрсаң, әлі жассың гой, келептеке жогарылаң, дәрежен өсіп кетер едің. Бәлкім, облыстық, трестке, әйтпесе анау астанадағы міністрилкө қарай өрмелеп шығар еді. Солай ма?

Партизан ағасының пяқ асты ақылана шілдей жыны қозын әрі клемежге салғысы келіп тұрса да, әзір уақыт откізуден басқа амал тарапаган Жаһилов жаралмақтанып, жалкесін қасынды.

— Ол, әрине, дұрыс қой Бірақ, соның езі мынадай негайбыл заманда менің қолымниң келе қояр ми екен? — деп үзүп сөзді сұяртулақтап шығара береді.

Заманың не жазыны бар? Заманды жасаушы адам емес не? — деп отағасы бұл арады мұлдем керексіз пікір таласына түсіп бара жатқанын аңғармайды.— Қой үстіне бозторғай жұмыртқалағон мамырайхан заман бүрүн қашан болыпты? Бояғыда бәрі керемет еді, бәрі тамаша қызық еді деген сөз, мешінше, бүтінгі тіршілікке коңыл толмаганин айттылады. Мінна сен секілді қара жүректі қараулар, халықтың көз жасына, маңдай теріне жүзіп жүріп дүние жинаған жүзіңдеролар кешеп сокыр Мәкалай патша түсінде да аз емес еді, қазіргі Совет жеріндегі де қаптап көбейіп кетілгіп, атаңа наелтер! Мен осыған налимым.

— Дұрыс қой. Бірақ... — деп күмілжиді Жаһилов.

— Не „бірақ?!“ — деп Аппакон тағы даусын көтерді.

Жайшылық жерде кездессе, мұлдайл қара домбай Аппаков тұғыл, анау ақылға — кемел, мінезге — бай даңғайыр Құснидиновтың озімен оқашаада сөз жарыстырып қоюдағы жасқаңбайтын Жаһилов бұл әрадағы таластың қисыпсыз екенін білсе де, си құрмаса жазықсыз „қара жүрек“, „жүзіңара“ атанғанына әсте келісे алмайтынын аңғартқысы келді ме екен:

— Осы күні етегіне намаз сқып жүрген қайсымыз бармыз? — деді ренжиңкіреген сыңайын әдені жалғылап, айналасын қамтып-қосып айтты.

Ақкоңыл аға айлакер ішінің алдыннан тағы да шынына көпті.

— Мына менің қысқа омірде үстанатын екі тұрал қалғады бар.— деді. — Біріншіден, ешкімге қасақана

Киянат жасамау. Екіншідей, қолдан келгеше адамға қайырым көрсету. Осы жолдаң тоймасам, қалған күнәларымды құдай тағала көшіретін шығар деп ойлаймын.

— Түсінкіздеу екен...— деп Жаһилов табиғастыңда топас бола қолды.

— Мұның түсібейтіндең несі бар? Мәселенки, мына саған үқсан тапа тал түсте елдің адлар еңбекпен таққан ма-лын үрлап, саттырып жібергеймін. Өйткені кісі ақысын жеу — екі дүниеде кешірімейтін ең зор күнәтә жатады.

— Оны кім айтты жүр? Әнебір етірік молда болып, на-дай халықты адастырып жүрген Нысанбай шал ма?

— Мұндай қагида біздің коммунистік тәрбиеге де жат емес, шырагым.

— Иә, иә, көке!

Алпақов аяқ астынан шыныңдаған аттай басын шұлпып тұрган Жаһиловқа сесімсіз көзбен қарады да:

— Еңдеше менің өзіңде кеткен есемді қайтарып бергіш! — деді.

— Ойбай-ау, көке, он мый сом ақшаны мен қапелімде қайдан табамын? Неге босқа қинасызы?..— деп Жаһилов сол қолышың білегнен таққан алтын сағаттына көз қынын тостап қойды.

Алпақов қайтадан қатуланып, қасын тіктеп алды.

— Догар! Кілтті әкел! — деп күректей алоқаның жайды.

— Ойбай-ау, кілпімді мен қалтама салып жүруш ме сілм?..— деп Жаһилов шегіншектей берген. Бұл жолы шын сасуға айналған дегбірсіз мінез көрсетіл, үстіңдегі стегі үзүн қарықоциыр костюмінің жан қалтасын сыртынан сый-пап қойды.

Мол қазынаның есігін ашатын сыйқырдың қайда жатқанын бірден түсінген бұрынғы партизан сол арада автобаза директорының есін жигызбай бірден морт қимылаға көшті де, онсыз да оноша қарсылық корсету истиң таныт-паган дембелеше жұмыр жігіттің қолын блек түсынан тырп еткізбей қысыңқырлай үстег, ондаң қалтасындағы тырма тісті үзын қілатті сурынын алған. Содан соң бөгелмей, әлденеге елігіңкіреп, бұрыншта тұрган дәү сейфутің қасына жетіп борды. Тырма тісті қіт тесігінде дүрыс түспеді ме, әйтеуір жуық арада құпиясын ішінде жасаған тылсым темір сандық ашыла қоймай, бірақ әуреге салды. Сол арада отағасы „Өй, енеңді!..“ деп бірер мәрте боқтаң та жіберді. Ақыр соңында қалың болат қабыргадағы ұсынса саңдаусыз тыныз кигізілген, жуандығы жас балалың белгінен кем емес екі белдеу темір тетік әзер қозғалып,

есіктің құрсауын босатқаңдай болды. Недәүір білек күшін жұмсаған Аппақов артынша сейфтиң аудыр есігін кейін қайырып тастап, құлды бір алдына салып қуып келген тышқанынан осы құышқа жеткенде айрылып Қалған жабайы мысықша көзін бақырайтып, сейф ішіне үтіліп қарасын-ай келіп.

Бірақ уш қатарлы сөресі бар дәу сейфтиң іші жаңа өзі қуып келген тышқан жалап-сүртіп кеткендей, бос түр екен. Тек бес-алты Қорап „Қазақстан“ шылымы жатыр. Басқа қолға ынгерлік дәнімен көрінбейді.

Ашуы алқымына тығылған Аппақов артына жалт қарат:

— Эй, ақша қайдада? — деп айғай салды.

Жаһиловтың көзі жыптылықтап кетті.

— Қайдамы ақпав?..

— Эй, сен кімді мазақ қылышп тұрсын? Жаңа гано менімен соудалласып, алты мың сом беремін деп былшылда-мап па едің? Сол нұлың қайдада?..

— Сіз де қызық, екенсіз,— деп Жаһилов ашық мазақ еткісі келгенін жасыра алмай, мырс етіп құлп қойды.— Қай ақымак топқан табысын кеңседем саңығына әкеліп солушы еді? Өзіңіз қинап қоймаган соң, жан дәлбасамен айтқан сөзім той әншнейші. Әйтпесе сізге беретін алты мыңым тутіл, алты тыйыным жок. Эрине, кешіріп қойыңыз.

Мұны естіген Аппақов әлгінде ішкі қалтасына салып қойған тапаншасын қайтадан сұрырап алып:

— Немене? — деп сүзетін бүкадай мойнып ішіне тартып, ойламаган жерден жалын құжірейтіп шыға келген жауына қарай аяғын созалып басып, жақындай берді.

Жаһилов бұл жолы кейін шегінген жок. Бұтындағы шалбарының ышқырын бірең мәрте коттеріп қойып, түрік еріңдерін тілінің үшімен жалап тұрып, сүмдік тәкапбарсыған, менсінбеген кейіппен күкете сөйледі.

— Сендер барің жабылғы барібір мені мұқата алмай-сіңдар. Оған коттерің тұрганмен, котере алмайсыңдар. Қозір қашша тыраңтаңғанмен, тубінде тыришп құлай-сіңдар. Өз обалұмрың өзіңде. Мен ешқайсының жолда-рынды кесіп отіп, әдені барып киілккенім жок. Соңда да мен сендердің қөздеріңде шыққап сүйелдей коріндім. Соңыма шырақ алып түсуді қоймадыңдар. Нагыз қара жүрек мен емес, мына сендер екенсіңдер. Бәрің де Жаһил баласының азынаулак, карни тойып, қатарға қосылғанын, абырайы асып, атаққа ілінгенін көре алмайсыңдар. қүйдесіңдер. Баяны күншил Қазақтың бос байбаламы... Не-

гө бұл Жаһилов байып кетеді? Неге жоғарыдағы үлкендермен тіл табысын, сезін откізеді? Неге бізге тиесілі жылтырак, темірлерді елден ерек еңбегі сіңбей-лә, кеудесіне самсатып тағып жүреді? Мені сыртымнан осылай тайбагтастықтар. Солай ма?

— Оттапсың! — деп Аппаков өз бойындағы құн操иң бәрін өзгелердің кінасінен көретін жаідардың дағдысына басып, мұның басын қатыра бастаған Жаһиловқа түнеріп, түйіле қарады.— Басқаларды білмеймін... Мені басқалорға қоспа сен ит! Менің сенің сасық байлығында, бағында, арамнан жинаған атақ, абырайында түк шаруам жоқ. Өйткені өзімдікі өзіме жетіп жатыр. Әрі мен қанағатшыл, тәубашыл адаммын. Басқа әлсіздіктерім кеп шығар, бірақ біреудікін көпсінү, өзімдікін ассыну дегениң ғе скенін осы жасқа келгенші білгелі смеспін. Ал сендейлерді жек көретінім рас. Неге дейсің ғой?

— Иә, неге? Біздің не жазығымыз бар?..

